

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**«Психология» сериясы
Серия «Психология»
Series «Psychology»
№3(52), 2017**

Алматы, 2017

ПОЗДРАВЛЯЕМ С ЮБИЛЕЕМ!



НАМАЗБАЕВА ЖАМИЛИЯ ИДРИСОВНА – доктор психологических наук, профессор, академик МА акмеологических наук, МА педагогических и социальных наук, академик МАН ВШ, член Национальной академии наук высшей школы Казахстана, почетный профессор Дюсельдорфского Института дифференциальной Психологии.

Родилась 18 октября 1942 в Павлодарской области.

В 1968 г. окончила дефектологический факультет Московского государственного педагогического института имени В.И. Ленина.

В 1971 г. окончила аспирантуру НИИ дефектологии АПН СССР и защитила кандидатскую диссертацию по специальности «19 00 10 – Коррекционная психология».

В 1986 г. защитила докторскую диссертацию по специальности «19 00 10 – Коррекционная психология».

В 1988 году получила звание «Отличник образования СССР».

В 2006 году стала обладателем Государственного Гранта «Лучший преподаватель вуза».

В 2017 г. назначена спикером МОН РК.

Намазбаева Ж.И. являлась:

- заведующей первой в Казахстане психофизиологической лабораторией (1971);
- деканом первого дефектологического факультета в Казахстане при КазПИ им. Абая (1976);
- деканом факультета «Социальной адаптации и лечебно-педагогической коррекции» АГУ им. Абая (1992);
- председателем первого в РК Специализированного совета ДК 14.50.11. по психологическим наукам при АГУ им. Абая (1995);
- членом экспертного совета ВАК Министерства образования РК (1993);
- зав. кафедрой Общей психологии КазНПУ им. Абая (2004).

С 2008 г. по настоящее время – директор первого в Казахстане Научно-исследовательского института психологии при КазНПУ им. Абая.

Начиная с 80-х годов 20 века под руководством Намазбаевой Ж.И. активно разрабатываются наиболее приоритетные фундаментальные и прикладные направления психологической науки и практики – проблемы развития современной личности. Свои научные результаты Намазбаева Ж.И. регулярно публикует в Международных и отечественных специализированных журналах. Она включена в авторский коллектив ученых Национальной Академии Наук Казахстана по написанию Национальных докладов (2005, 2007, 2009) по разделу «Психология», участник группы по разработке Концепций модернизации казахстанского образования, связанных с реализацией Государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 гг., в которой указывается на ценность человеческого капитала, необходимость интеллектуального потенциала, как базового составляющего цивилизованного общества.

Научные труды Намазбаевой Ж.И. широко известны в стране и за рубежом. Она имеет свыше 200 научных трудов, в том числе 9 монографий, 14 учебно-методических пособий, 5 учебников для вуза, 2 словаря, 8 типовых учебных программ для вуза, 3 Национальных доклада по разделу «Психология», 10 статей в журналах с импакт-фактором, 24 в зарубежной печати, 53 в журналах утвержденных ККСОН РК, 72 в материалах Международных и Республиканских научно-практических конференциях, 3 авторских свидетельства за книги: «Психология және Психотерапия», «История, состояние, тенденции развития современной психологии», «Мәңгілік Ел – Алаш – Жас тұлпар – Суверенный Казахстан (размышления о национальном самосознании)».

Вклад профессора Намазбаевой Ж.И. в развитие Казахстанского общества существенный и имеет конкретный социально-экономический и гуманистический эффект. Ею подготовлено 35 магистров психологии, 28 кандидатов и 5 докторов психологических наук.

В настоящее время под руководством Намазбаевой Ж.И. в первом и единственном в стране НИИ Психологии при КазНПУ им. Абая активно и успешно разрабатываются актуальные, практико-ориентированные проблемы образования, психологической науки и практики. Главной задачей института является разработка важнейших фундаментальных и прикладных исследований психологического обеспечения современного образования. Со своими учениками впервые на постсоветском пространстве она разработала 3-х компонентную интегративную модель комплексного развития здоровой личности (учебно-профессиональный, личностный и социально-психологический блоки), содержание которой позволило установить особенности, критерии психологического здоровья личности, их взаимосвязь. Это явилось основой для разработки и внедрения в практику образования страны инновационных психотехнологий.

Вся психолого-педагогическая общественность, преподаватели, ученые и практики поздравляют глубокоуважаемую Жамилю Идрисовну Намазбаеву с юбилеем и желают ей крепкого здоровья и долгой плодотворной и творческой деятельности!

МЕРЕЙТОЙЫҢЫЗБЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



НАМАЗБАЕВА ЖӘМИЛЯ БДЫРЫСҚЫЗЫ – психология ғылымдарының докторы, профессор, халықаралық акмеологиялық ғылымдар академиясының академигі, халықаралық педагогикалық және әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, ЖМ ХҒА академигі, Қазақстанның жоғары мектебі Ұлттық ғылымдар академиясының мүшесі, Дюсельдорф дифференциалды психология институтының құрметті профессоры.

1942 жылы 18 қазанда Павлодар облысында туылған.

1968 жылы В.И. Ленин атындағы Москва мемлекеттік педагогикалық институтының дефектология факультетін бітірген.

1971 жылы ССРО ПҒА дефектологияның ҒЗИ аспирантурасын бітірді.

1971 жылы «19 00 10 – Коррекциялық психология» мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

1986 жылы «19 00 10 – Коррекциялық психология» мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғады.

1988 жылы «ССРО білім беру үздігі» атағын алды.

2006 жылы «Жылдың үздік оқытушысы» Мемлекеттік грантын жеңіп алды.

2017 жылы ҚР БҒМ спикері болып тағайындалды.

Намазбаева Ж.Ы.:

- Қазақстандағы алғашқы психофизиологиялық лабораторияның меңгерушісі (1971);
- Қазақстандағы Абай атындағы ҚазҰПИ-ның дефектология факультетінің бірінші деканы (1976);
- Абая атындағы АМУ-нің «Әлеуметтік бейімделу және педагогикалық емдеу коррекциясы» факультетінің деканы (1992);

- ҚР Абай атындағы АМУ-нің психологиялық ғылымдар бойынша ДК 14.50.11 Ғылыми Кеңестің бірінші төрайымы (1995);

- ҚР БҒМ ЖАК әсперттік кеңесінің мүшесі (1993);

- Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Жалпы психология кафедрасының меңгерушісі (2004);

2008 жылдан бүгінгі күнге дейін Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Қазақстандағы алғашқы психологиялық ҒЗИ-нің директоры.

XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап Ж.Ы. Намазбаеваның жетекшілігімен болашақ психология ғылымы мен практикасының фундаменталдық және қолданбалы бағыты қазіргі тұлға психологиясы мәселесі өңделіп жатыр.

Ж.Ы. Намазбаева өзінің ғылыми-зерттеулер қорытындыларын Халықаралық және кеңестік арнайы журналдарға жариялап отырады.

Оның «Психология» бөлімі бойынша жасаған Ұлттық баяндамалары ҚР ҰҒА ғалымдарының авторлық ұжымына кіреді (2005, 2007, 2009).

ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдардағы Мемлекеттік бағдарламасын Қазақстан білімін модернизациялау концепциясы, өркениетті қоғамның базалық құрамдасы болып

табылатын интеллектуалды күштің қажеттілігі, адам капиталының құндылығын жүзеге асыруға байланысты жұмыстар жүргізу тобының құрамына кіреді.

Ж.Ы. Намазбаеваның ғылыми еңбектері біздің елімізде және алыс жақын шетелдерге танымал.

Оның 200-ден астам ғылыми еңбектері, соның ішінде 9 монография, 14 ғылыми-әдістемелік құрал, 5 жоғары оқу орнына арналған оқу құралы, 2 сөздік, жоғары оқу орнына арналған 8 типтік бағдарлама, «Психология» бөлімі бойынша 3 ғылыми баяндама, 10 импакт-факторлы журналдарға мақаласы жарияланған, 24 шетелдік басылымдарға, 53 Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің бекіткен журналдарға, 72 Халықаралық және ғылыми практикалық конференциялар материалдары, 3 кітаптары авторлық куәлікпен: «Психология және Психотерапия», «История, состояние, тенденции развития современной психологии», «Мәңгілік Ел – Алаш – Жас тұлпар – Суверенный Казахстан (размышления о национальном самосознании)».

Қазіргі уақытта Ж.Ы. Намазбаеваның жетекшілігімен еліміздегі алғашғы Абай атындағы ҚазҰПУ-нің психологиялық ҒЗИ-да психологиялық ғылым мен білімнің білім беру мәселесінің практикаға бағытталған өзекті мәселесі бойынша ауқымды жұмыстар жасалуда. ҒЗИ-нің негізгі міндеттері фундаменталдық және қолданбалы психологиялық зерттеулерді өңдеу және қазіргі білім саласын осы зерттеулермен қамтамасыз ету болып табылады. Ж.Ы. Намазбаева өзінің шәкірттерімен алғаш рет кеңестік шеңберде тұлға дамуының 3-компонентті интегративті моделін (оқу-кәсіби, тұлғалық және әлеуметтік-психологиялық блоктар) жасады, мазмұны тұлғаның психологиялық денсаулығының психологиялық өлшемдерінің ерекшеліктерін және олардың инновациялық психотехнологиялармен құрастыруға мүмкіндік берді.

Аса құрметті Намазбаева Жәмиля Ыдырысқызын біздің психологиялық-педагогикалық ұжым, оқытушылар, ғалымдар және практика саласының мамандары мерейтойымен құттықтайды. Мерейтой иесіне мықты денсаулық, шығармашылық табыс тілейміз. Қазақстанда психология ғылымының дамуына қосқан еңбегіңізге және жас ғалымдарға сүйеніш болып және олардың жігерлігі мен сенімін күшейту саласында істелген еңбектеріңізге бас иеміз!

Ж.И. Намазбаева¹, Т.Ш. Исабекова²

^{1,2}Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан

ТҰЛҒАНЫҢ ДЕПРЕССИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Талдамалы мақалада тұлғаның депрессиялық жағдайы туралы мәселелер қарастырылады. Тұлғаның мазасыздық, агрессивтілік, стрестік және т.б. жағдайлары аясындағы мәселелерге түрлі теориялық көзқарастар ашық көрсетілген. Депрессиялық жағдайдағы адамдардың тұлғааралық қатынастарының, олардың іс-әрекеттерінің кейбір аспектілеріне байланысты мінез-құлықтарының, мінездерінің ерекшеліктері беріледі. Авторлар агрессивтік және стрестік жағдайларды зерттеудің түрлендірілген, бейімделген және қазақ тіліне аударылған адекватты әдістерін қолдану бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ «Тұлға психологиясы» ҒЗО зерттеулерінің нәтижелерін ұсынады. Сонымен қатар, депрессиялық жағдайдың байқалу көріністерінің негізгі факторлары мен механизмдері белгіленген және аталған мәселенің теориясы мен тәжірибесіне кешендік тәсілдеменің түбегейлі қатынасы ерекше көрсетілген.

Түйін сөздер: тұлға, депрессиялық жағдай, агрессия, мазасыздық, стресс, алдын-алу, депрессияның факторлары мен механизмдері, психотехнологиялар

Абай атындағы ҚазҰПУ жанынан Қазақстанда алғашқы болып ашылған Психология ғылыми-зерттеу институты қазіргі кезде «Тұлға психологиясы» ғылыми орталығы болып қайта ұйымдастырылған. Аталған орталық өзінің жұмысын тұлға психологиясының ең өзекті мәселелерімен жалғастыруда. Қазіргі кездегі тұлғаның аса маңызды келеңсіз аспектілерінің теория-практикалық зерттеуі мен оның алдын алу жолдарын іздестіру жоспарлануда. Айта кететін жайт, аталған мәселелердің ғылыми тұрғыда зерттелуі топтық және жеке түрде де әрекетті, белсенді және адекватты психологиялық көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы әдебиет көздерінің талдауы, қазіргі кездегі психологиялық көмек көрсетудің интегративтік ұстанымын, тұлға бойындағы түрлі психологиялық мәселелерді ескере отырып, кешендік тәсілдеме арқылы жүзеге асыру қажеттігін көрсетеді.

Қазіргі кезде бүкіл әлемде тұлғаның әлеуметтік-психологиялық мәселелерінің барынша кең таралған көрінісі ретінде депрессияның түрлі формалары саналады. Бұл арада оның байқалуында әлеуметтік-саяси формациялар соншалықты маңызды емес, себебі кез келген қоғамда адам психикасының жалпы заңдылықтары ортақ және олар әр түрлі дәрежеде бұзылады. Бұл мақалада сіздердің назарларыңызды кейбір депрессия мәселелеріне аударамыз. ХХІ ғасырдағы депрессия жүрек-қан тамырлары ауруларымен қатар жүруде.

ХХІ ғасырда тұлғаның түрлі жағымсыз қасиеттерін тудыратын себептері ретінде өмірдің аса жоғары қарқыны, бәсекелесу қабілетінің жоғарылығы, әр түрлі мәселелерге байланысты күйзелістің жоғары деңгейі, соның ішінде лаңкестік пен экстремизм, жұмыссыздық, әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақсыздық, қиын экономикалық жағдайлар және т.б. болып табылады. Сонымен қатар қазіргі қоғам адамға өз-өзіне наразылық тудыратын бірқатар құндылықтарды жүктейді. Мұндай құндылықтар болып жеке басының амандығы мен күш-қуатына табынушылық, физикалық және тұлғалық жетілу саналады. Сол үшін біз қатты алаңдаймыз, өзіміздің жеке мәселелеріміз бен сәтсіздіктерімізді жасыра бастаймыз. Қазіргі кезде депрессияға табиғатта болып жатқан өзгерістер, жыл маусымының ауысу ырғағының бұзылуы және т.б. әсер ететіндігін ерекше айта кеткен жөн [1]. Депрессияның түрлі себептері жөніндегі қазіргі көзқарастардың ортақ арқауы бар және олар келесі реттегілерден тұрады. Көбінесе депрессия күйзеліс салдарынан пайда болады деп саналады. Белгілі болғандай, ол ұзаққа созылатын немесе жалғыз-жарым жарақаттайтын жағдай болуы ықтимал. Депрессия кез келген жаста пайда болуы мүмкін. Депрессивтік ауытқулар кез келген әлеуметтік топтағы адамдарда болады. Осылайша, кез келген қоғамның құндылықтары адамға айтарлықтай қысым жасай отырып, депрессивтік күйлердің пайда болуының негізгі себептері болып табылады. Әрбір адам өзінің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға, қоғамда құрметті, еңбекте табысты болуға, сымбатты да ақылды, отбасында, жұмысында сыйлы болуға, өзіне көңілі толатындай және қоршаған ортаға,

әсіресе балалары, ері, әйелі жайында айтылған жағдайда, оларға жағымды болуға тырысатындығы белгілі. Демек, егер адам аталған параметрлердің біреуіне қол жеткізе алмаса, немесе одан да әрісі барлық әлеуметтік орталарда сәтсіздікке кез болып отырса, онда адамның бойында үмітсіздік пайда болады, сәтсіздікке ұшырайды және ... әрине оның тұлғалық дамуында түрлі жағымсыз үрдістер пайда болады.

Кез келгеніміздің басымыздан өтетін депрессивтік жағдайларға ауыр психологиялық жарақаттар әкелуі мүмкін: жақын адамдардың қайтыс болуы, отбасының бұзылуы, сүйікті адамынан ажырау, сонымен қатар ауыр сырқаттар.

Ғалымдар депрессияның пайда болуында генетикалық факторларға, жүйеке және иммундық жүйелерінің ерекшеліктеріне ерекше мән береді [2]. Алайда біз депрессияның пайда болуының психологиялық себептері ретінде психиканың, күш-жігердің бейімдік қасиеттерінің төмендеуін, психиканың қорғаныс қасиеттерін басқара алмаушылықты, өзін-өзі реттей алмайтындықты, белсенді дербестіліктің, тұрақты тұлғалық дамудың, жақсы жетілген эмоциялық-еріктік үрдістердің жоқтығын, жақын және сенімді достардың, жанына жақын адамдардың, қажетті және даналық кеңестерін беретін аға тәлімгерлердің жоқтығын және т.б. белгілейтін едік.

Депрессия теориясына әр түрлі мектептердің психологиялық көзқарастары жайында айтатын болсақ, онда психоаналитикалық теорияның негізгі мәні болып - депрессия, бір мезгілде сүйіспеншілік пен өшпенділіктің объектісі болып табылатын маңызды «басқадан» айырылған кезде пайда болады.

З.Фрейд [3] өз еңбектерінің бірінде «қара жамылу» және «меланхолия» ұғымдарын бөліп көрсетті. Ол қара жамылуды шын мәнінде маңызды және сүйікті адамнан айырылудың салдарынан деп, ал меланхолияны шынайыдан гөрі эмоционалдық субъектіден айырылу деп көрсетеді. Содан кейін адамда өзін-өзі бағалауының төмендегені, өзіне деген аса сыни көзқарас, кінәлі сезіну және т.б. байқалады.

Психологиядағы когнитивтік теория өкілдерінің ойынша, депрессиялар үш деңгейдегі жағымсыз ойларды дамытады: өзін қандай да бір құндылықтардан айырылғандай және еш нәрсеге жарамсыз көру, қоршаған ортаны қайырымсыз, жиіркенішті етіп көру, сонымен қатар болашаққа үмітсіздік таныту.

Когнитивтік-бихевиористік теория жабыққан адамды «жаттанды түрдегі дәрменсіз» тұлға ретінде сипаттайды. Бұл термин біз сырттай келеңсіз оқиғаларды болдыра алмайтын жағдайларға тап болған кезде болатын жағдайды барынша нақты сипаттайды және осы арада енжарлық, сенімсіздік пен торығу сезімі пайда болады. Мұндай адамдардың күрделі жағдайларға өздерінің тиісті реакцияларына біртіндеп үйрене бастайтындығын ескеру қажет және олар енді оған басқаша жауап бере алмайды. Тұлға психологиясы депрессияның дамуына бейім тұлғалардың типтерін, әсіресе депрессивтік психоздарды сипаттауға үлкен мән береді.

Барлығына Э.Кречмердің тұжырымдамасы [4] мен циклотимдік тұлғалар жайында мәлім. Х.Теленбах [5] депрессиялы адамдардың преморбидтік тұлға құрылымдарын нақты сипаттаған. Мысалы, меланхолик типіне жататын адамдарға тәртіптілік, беймазалық, міндеттілік, ал әлеуметтік салада көбінесе күш салудың арқасында жүзеге асатын тығыз симбиотикалық тұлғааралық қатынастарға деген беталыстар тән.

Қоғамдық өмірде олар өздерін адал ниетті, жауапты, бірақ көлеңкеде қала беретін серіктестер ретінде танытады. Бұл мәліметтер депрессияны тұлғааралық қатынастарда үнемі расталатын, танылған модель ретінде ұғынуға мүмкіндік береді.

Депрессивтік мінез-құлықты түсіндірудегі ең жаңа тәсілдер оны өмірлік жағдайлардың салдары деп танығаннан тұрады. Осылайша психологияда және басқа ғылымдарда да депрессивтік мінез-құлықтың бәрін қамтыған теориясы жоқ. Акискал мен Маккинидің [6] зерттеулерінде бір жағынан психикалық және биологиялық факторларды, екінші жағынан қазіргі бейімділік ықпалдарды біріктіруге талпыныс жасалады.

Мартин Селигман [7] (ағылш. Martin E.P. Seligman; 12 тамыз 1942, Олбани, Нью-Йорк, АҚШ) – американдық психолог, позитивтік психологияның негізін қалаушысы. Пенсильвания Университетінде позитивтік психология Орталығының директоры. М.Селигман [7] адамның дәрменсіздігін эксперименттік жолмен зерттеп бастайды. Мартин Селигман бүгінгі заманның ірі психологтарының бірі, дәстүрлі психологияның мүлдем жаңа бағытының негізін қалаушысы болып табылады.

Бүгінгі күнде Мартин [7] Пенсильвания Университетінің психология саласының жетекшісі

профессоры, американдық психологтар Ассоциациясының президенті, позитивтік психология Орталығының директоры және позитивтік психологияның ғылыми бағытының жетекшісі болып табылады. Негізінен психикалық ауытқуларды түзетумен айналысатын дәстүрлі психологияға қарағанда позитивтік психология адам мінез-құлқының дәл сол қасиеттерін және ерекшеліктерін психикалық ауытқулардың ауыртпалығын басынан кешпеген, өмірмен қанағаттанатын, бақытты адамдарға тән қырларын зерттейді.

Гуманистік психологияның Абрахам Маслоу [8] және Карл Роджерс сияқты өкілдері кезінде осыған ұқсас психологиялық теорияны дамытқан, алайда толыққанды ғылыми зерттеулерсіз олардың теориясы сол күйінде қалып қойды. Мартин Селигманның жетекшілігімен жаңа буын психологтарының зерттеулері болжамдарға емес, бақыт, позитивтік ойлау, оптимизм және өмірмен қанағаттанушылық деген феномендерді түсінуге мүмкіндік беретін, ғылыми эксперименттерге негізделеді.

Қазіргі кездегі позитивтік психология Эд Динер, Чарльз Снайдер, Михай Чиксентмихайи [9] және тағы басқа бірқатар беделді ғалымдармен сипатталады. Әсіресе, соңғысы жасампаздықты және шығармашылық еңбектің өнімділігін арттыратын қазіргі кездегі аса танымал «ағым» тұжырымдамасын ұсынды. Чиксентмихайи еңбектерінің бір бөлігі орыс тілінде жарияланған.

Әдебиет көздерінің талдауы депрессияны тиісті эмоционалдық жағымсыз реңі бар аффективтік күй ретінде, сонымен қатар мотивациялық, когнитивтік салаларда өзгерістері бар және мінез-құлықтың жалпы енжарлығымен сипаттауға мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, бұл орайда К.Е. Изардтың пікірі тартымды болып табылады. Ол депрессияның маңызды құрамы ретінде өзін-өзі құрметтеуден, өзіне деген сенімділіктен және өз қадірін сезуден айырылуды санаған [10]. Адамның базалық эмоциялары – қайғы, жиіркенушілік, жек көрушілік, ашу, қорқыныш, кінә депрессиялы адамда өзіне қалай болса, өзге адамдарға да солай байқалады. Көбінесе депрессияның белгілері біз үрейленген немесе жабырқаған кезде көрінеді, кейде біз өзімізді бақытсыз, басқаларға қарағанда дәрменсіз санаймыз, кейбір кезде жанымызға жақын, қымбатты адамдар бізді тастап кеткендей болады. Бізді еш нәрсе қуантпайды, қоршаған ортада болып жатқан нәрсенің барлығын біз жағымсыз деп қабылдаймыз. Сонымен қатар ұйқы бұзылады, жайсыз түстер көрініп, қоршаған шынайылыққа қызығушылықтың жоғалуы байқалады.

Әдебиеттерде патологиялық депрессияны жеке бөліп көрсетеді және оны емдеудің негізгі құралдары ретінде депрессияға қарсы дәрі-дәрмектермен емдеу саналады.

Біздің міндегіміз психологиялық түзетудің әдістері арқылы көмек көрсетудің жалпы қағидалық жолдарын көрсету, қоршаған ортадағы адамдарға депрессивтік мінез-құлықтың мәнін ұғындыру және депрессия кезінде пайда болатын тұлғаның жағымсыз жақтарын түзетуге және оны жоюға бағытталған денсаулық сақтаушы, профилактикалық болып табылатын психологиялық ахуал ұйымдастыру.

• Ағзаның қорғаныс күштерін қалпына келтіру үшін жеңіл түрдегі жүйелі физикалық жүктемелер ұсынылады.

• Әуезді, босаңсытатын әндерді жиі тыңдау (ән терапиясы).

• Арт-терапия (ағылшын тілінен аударғанда – өнер). Бұл өнер мен шығармашылыққа негізделген психологиялық түзетудің бағыты. Арт-терапия деп пациенттің психоэмоционалдық күйіне ықпал ететін, әдетте, бейнелеу шығармашылығы терапиясы түсіндіріледі. Арт-терапияның басты мақсаты психикалық күйді өз ойын білдіру және өзін-өзі тану қабілеттерін арттыру арқылы үйлестіруден тұрады. Өнерді емдеу мақсатымен қолданудың құндылығы, оның көмегімен символикалық деңгейде әр түрлі сезімдер мен эмоцияларды көрсетуге және зерттеуге болатындықта: сүйіспеншілікті, өшпенділікті, ренішті, ашуды, қорқынышты, қуанышты және т.б. Арт-терапия әдістемесі адамның ішкі «Менінің» маңызы ол ылғи да сурет салғанда немесе мүсін сомдағанда көру бейнелерінде байқалады деген сенімге негізделеді, соның барысында психиканың үйлесімділігі жүзеге асады. «Арт-терапия» терминін суретші Адриан Хилл 1938 ж. шипажайларда туберкулезбен ауыратын науқастармен өзінің жүргізген жұмыстарын сипаттау барысында қолданысқа енгізді. Бұл әдістер АҚШ-та екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистік лагерлерден шығарылған балалармен жұмыс жасағанда қолданылды.

Арт-терапия өз дамуының басында З.Фрейд пен К.Г.Юнгтың психоаналитикалық көзқарастарын көрсетті, ол бойынша адамның көркемдік іс-әрекетінің соңғы өнімі (сурет, мүсін, инсталляция болса да) оның санадан өтпеген психикалық үрдістерін аңғартады [3,11,12]. 1960

жылы Америкада арт-терапиялық ассоциация ашылды. Қазіргі кезде арт-терапияның келесідей түрлері бар: сөздің тар мағынасында арт-терапия – бейнелеу өнеріне негізделген көркем терапиясы; эмоционалдық кескіндеме; бояулар бүркінімен салынған сурет; библиотерапия (соның ішінде ертегілер терапиясы) – әдеби шығармалар және әдеби шығармаларды өнерпаздықпен оқу; ән терапиясы; драма терапиясы; би терапиясы; қуыршақ терапиясы.

Арт-терапия эмоционалдық даму барысындағы кедергілерде, күйзелістер, депрессиялар кезінде, көңіл-күйдің төмендеуінде, эмоционалдық тұрақсыздық, эмоциялық реакциялардың ырықсыздығында, өзге адамдармен эмоционалдық қабылданбағанын уайымдаған кезде, жалғыздық сезімдерінде, тұлғааралық шиеленістерде, отбасылық қарым-қатынаспен қанағаттанбаған жағдайда, қызғаныш кезінде, тым мазасызданған, қорыққан жағдайларда, өзін жақтырмағанда, өзін-өзі бағалауы төмендегенде арт-терапия сәтті қолданылады.

Аталған психологиялық тәсілдер, әдістер көпшілікке қолжетімді. Алайда, есте сақтайтын жайт, психологиялық мәдениетті және құзыреттілікті ұйымдасқан немесе жеке түрде үнемі көтеріп отыру қажет.

Арт-терапияны қолдану бойынша негізгі міндеттер: [11,12]

1. Тұлғаға депрессиядан, агрессиядан және басқа да жағымсыз сезімдерден шығуға әлеуметтік тиімді жол көрсету.

2. Депрессивтік мінез-құлықты өздігінен психологиялық түзетудің үрдісін жеңілдету.

3. Жеке басының эмоционалдық жағдайы жайында материалдар алу және содан кейін өзіне позитивті қарай отырып, өздігінен белсенді түзету жұмысын жалғастыру.

4. Қоршаған ортаға (өмірлік мәселелерге, ренжіткен адамдарға, бәсекелестерге, өткен шаққа, өз іс-әрекеті мен мінез-құлқын жағымсыз бағалауға) деген жабырқаңқы ойлар мен сезімдерді позитивтік көзқарасқа қайта бағдарлау [13].

5. Айналадағы адамдармен эмпатиялық тұлғааралық байланыстар орнату. Бұл өте қажет, себебі депрессиялы адамдардың ойлау стилі ерекше, ол қоршаған өмірді және өз болашағын келеңсіз түсте көруге бейім, өмірдің және жеке басының жағымсыз жақтарына ерекше көңіл қоюдан тұратын жағымсыз ойлаудың түрі болып табылады.

6. Адамның өзін-өзі бақылауы мен өзін-өзі реттеуін дамыту.

7. Өз назарын өзінің түйсіктері мен сезімдеріне шоғырландыру, сонымен қатар қоршаған ортадағы адамдарға эмоционалдық қатынасын позитивтік түрге өзгерту.

8. Шығармашылық қабілеттерін дамыту және өзін-өзі бағалауын көтеру.

Енді депрессиялық мінез-құлық байқалатын адамдарға тікелей бағытталған кеңестерге көшеміз.

Төменде сипатталған кеңестер депрессиялық жағдайдың алдын алуға көмектеседі және тұлғалық дамуға ықпал етеді.

1. Күн тәртібін құрыңыз және мүмкіндігінше соны сақтауға тырысыңыз.

2. Асығыс түрде маңызды шешімдер қабылдамаңыз. Сізге ақылға салып ойлану және жақын адамдарыңызбен, психологтармен кеңесуіңіз қажет. Көбінесе, өкінішке орай, депрессия кезінде біз өзімізді және өзгелерді үнемі субъективті қабылдаймыз.

3. Үнемі құнарлы және рақаттанып тамақ ішуге тырысыңыз. Бұл сізге өмірдің мәнін түсінуге көмектеседі. Депрессия кезінде иммунитет әлсірейді, дәрумендерді көбірек пайдаланыңыз.

4. Жағымсыз ойлар мен қылықтардан алшақ болыңыз. Көбінесе шынайы достарыңызбен және туыстарыңызбен қарым-қатынас жасауға тырысыңыз.

5. Алкогольді қолданбаңыз. Депрессияға қарсы дәрілер тек дәрігермен белгіленуі қажет.

6. Ұйқы шақыратын дәрілерді жиі пайдаланбаңыз. Ұйықтар алдында таза ауада серуендегеніңіз тиімді.

7. Өзіңізге шектен тыс талаптар қоймаңыз. Есіңізде болсын, кез келген сәттілік біртіндеп келеді және соған сенуіңіз қажет.

8. Өзіңізді барлық сәтсіздіктерде сөге бермеңіз. Тынышталып, сіздің қателегіңіз неде екенін ақылға салып ойлануыңыз керек. Содан соң мәселелерді басқа жолдармен шешу қажет.

9. Өзіңізді кез келген жегістіктеріңіз үшін марапаттаңыз және өзіндік бағалауыңызды арттырыңыз (өзіңізге бір нәрсе сатып алыңыз, театрға, қонаққа барып келіңіз, біреуге бір нәрсемен көмектесіңіз).

Айта кететін жайт, қазіргі кезде агрессия, депрессия, стресс сөздерін жиі еститін болдық, яғни екі адамның бірінде кездесетін дертке айналып отыр. «Агрессия» сөзі ашу, ыза, реніш деген сияқты жағымсыз эмоциялармен, кек алу, намысына тию немесе зиян келтіру сияқты себептермен,

нәсілдік немесе ұлттық жалған наным сияқты жағымсыз ұстанымдармен орайластырылады. Агрессия сөзі латынның «aggredi» деген сөзінен шыққан, бұл сөз «шабуылдау» дегенді білдіреді [14,15]. Агрессия деп зиян келтіретін мінез-құлық түсіндіріледі. «Агрессия» түсінігіне нысаны және мінез-құлық әрекеттерінің нәтижесі бойынша әр түрлі болып келетін – қыршаңқы қалжың, өсек, дұшпандық қиял және деструктивті мінез-құлық түрлерінен бастап қарақшылық және адам өлтіруге дейін баратын мінез-құлық әрекеттері кіреді. Жалпы, агрессия деп айналасындағы адамдарға қатысты болатын дұшпандық мінез-құлық қарастырылады. Агрессияға дұшпандық күйі жақын болып келеді. Көп жағдайда агрессия мен дұшпандық сезімі бір-бірімен сәйкес келеді, бірақ адамдар дұшпандық, қастық сезімде бола тұра агрессияға бармауы да мүмкін, себебі «агрессор» үшін мұндай әрекеттің қандай нәтижеге әкеліп, немен аяқталатыны белгілі. Агрессияның дұшпандық, қастық сезімге қатысы болмауы да мүмкін, мысалы адамдар ешқандай дұшпандық қатынаста болмай-ақ бір-бірін ренжітуі мүмкін. Р. Бэрон мен Д. Ричардсонның пікірінше [16], агрессия міндетті түрде агрессия құрбанына қасақана, мақсатқа бағытталған зиян келтіру деп түсіндіріледі. Агрессиялық мінез-құлықты зерттеу кезінде түрлітеориялық бағыттар пайда болды.

Агрессияның психоаналитикалық тұжырымдамасы. Бұл теорияның негізін қалаушы австриялық дәрігер-психиатр және психолог Зигмунд Фрейд. Бұл теория шеңберінде агрессия туа берілген инстинкт, адамға табиғаттан берілген түйсік және қажеттіліктер сияқты қасиет ретінде қарастырылады. З. Фрейд адамдар өмір түйсігі – эрос және де сондай күшті өлім түйсігі – танатоспен, өлім мен агрессивті мінез-құлыққа деген түйсіктік құштарлығымен туады деп қарастырады. Адамның өлімге деген құштарлығы оны өзіндік бұзылуына алып келеді, ал агрессияның арқасында бұл бұзылу басқа нысандарға, оның ішінде адамдарға бағытталады [3,15]. Бұл тұжырымдама бойынша, агрессия ішкі негізге, бастауға ие, ал бақылауға келмейтін зорлық-зомбылық болмауы үшін агрессиялық энергияны үнемі шығарып отыру қажет (мысалы, қатігездік әрекеттерді бақылау, жансыз заттарды қирату, спорттық жарыстарға қатысу және үстемдік позициясында болу, билікке жету арқылы). Фрейдтің айтуынша, мәдениет агрессивтік энергияны рұқсат етілген арнаға бағыттап отырады [3]. Сол кезде энергияның әрекетке айналуының екі түрінің бірі – қоғамда мақұлданған іс-әрекетке бару немесе өз мінез-құлқын үнемі бақылауда ұстап жүру жүзеге асады. Зерттеулер көрсеткендей, ең ауыр қылмысқа өз мінез-құлқын қатты бақылауда ұстап жүретін адамдар, тіпті бала кезінде өздеріне төбелесуге, шулауға мүмкіндік бермеген адамдар барады екен.

К.Лоренцтің «психогидравликалық моделі» [17]. Бұл теорияның негізін қалаушы К.Лоренц, адамда агрессия түйсігі туа пайда болады деп қарастырады. Адам агрессиясының биологиялық факторлармен шарттастырылуы психогидравликалық модель деген атқа ие болды.

Аталған теория ыдысқа толған судың қысымымен ұқсастырылады: егер агрессияға сыртқа шығуға мүмкіндік бермесе, ол жарылысқа алып келуі мүмкін. К.Лоренцтің айтуынша [17] агрессивтік түйсік эволюция барысында, адамның өмір үшін күрес және бейімделуі кезінде үлкен рөл атқарды. Қоғамның қарқынды түрде дамуы агрессияның тежегіштік механизмдерінің дамуына алып келді. Жиналған эмоциялар агрессия түрінде сыртқа шығып отыруы керек (бу арба қазандығынан будың шығу қағидасы тәрізді).

Фрустрациялық теория. Бұл теорияны америкалық психолог Леонард Берковиц енгізген [18]. Агрессия фрустраторлар – фрустрация әкелетін, мақсатқа жету жолындағы, қажеттіліктерді қанағаттандыру, рахат алу кезіндегі кедергілер әрекетінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Фрустраторлар дегеніміз – біздің мақсатқа жетуімізге кедергі келтіретін кез-келген жағдайлар. Фрустрация (лат. Frustratio – алдау, сәтсіздік) – өз қалауларыңды орындай алмаған кезде пайда болатын психикалық күй. Мысалы, анасы компьютерде отыруға рұқсат бермеген бала оған сөздік формада («сен жамансың»), қоқан-лоққы көрсету («мен сенің ботқанды жемеймін»), айыптау («сен мені жақсы көрмейсің») және т.б. түрде агрессиясын көрсетуі мүмкін. Зиян келтірмейтін агрессиялық әрекеттер – сөзбен намысқа тию, агрессиялық қиялдар, үстелді жұдырықпен ұру секілді әрекеттер агрессия деңгейінің төмендеуіне көмектеседі. Осылайша, жазалаудан қатты қорқыншы сезімі агрессиясын ұстайтын адам агрессияның көрініс беруі қауіпсіз болып табылатын басқа адамға өз агрессиясын аударады. Фрустрациялық теорияның негізгі идеяларының бірі катарсисәсері болып табылады. Агрессияны дене немесе вербальды түрде көрсету уақытша жеңілдік алып келеді, соның нәтижесінде психологиялық тепе-теңдік орын алып, жаңа агрессивті мінез-құлыққа деген дайындық әлсірейді.

Агрессияның бихевиористік концепциясы. Бұл теория бойынша агрессия біртіндеп пайда болған, сондай әрекеттерді бақылау арқылы адамға игерілген мінез-құлық формасы ретінде қарастырылады. Бала басқалардың – ата-анасының, мұғалімнің, құрдастарының агрессиялық әрекеттерін, сөздерін бақылайды және көшіреді, олар оған теріс үлгі көрсетіп «еріксіз түрде» агрессивті әрекетке үйретеді деп қарастырылады. А.Басс агрессивтік әдеттердің күштері тәуелді болатын бірнеше факторларды көрсеткен болатын. Біріншіден, бұл ашу мен ыза тудыратын түрткілердің жиілігі мен қарқыны. Ыза түрткілерді көп алған адамдарда, осындай түрткілерді азырақ алған адамдарға қарағанда агрессия көп болады. Екіншіден, бұл агрессия арқылы жетістікке көбірек жету. Үшіншіден, адамның агрессиясының дамуын жеңілдететін адамның қабылдайтын мәдени және субмәдени нормалары, қалыптары. Адамдар агрессия марапатталады дегенге үйренуі мүмкін [19].

Әлеуметтік үйрену теориясы. Бұл теорияны А.Бандура [20] ұсынған болатын. Оның айтуынша, жазалау агрессияны басуы немесе оған ынталандыру жасап, агрессиялық әрекеттерге үйренуге шақыруы мүмкін. Ол өз зерттеулерінде, денелік тұрғыда көп жаза алған ұлдардың агрессиясының көп болатынын байқаған. Сонымен қоса, әкелері көп ұрған ұлдардың үйде тыныш, тіл алғыш болып жүріп, ал басқаларға қатысты, әсіресе өз құрдастарына агрессияны көп көрсететінін байқаған. Әлеуметтік үйрену теориясының басты элементі – олардың көмегімен агрессивті мінез-құлықты бақылауға болатын жағымды немесе жағымсыз қуаттауды білдіреді. Жағымды түрде қуаттау – мақтау, мақұлдауды сөзбен білдіру, сабақ барысында жақсы баға қою болып табылады, ал жағымсыз қуаттау – бетке басу, келіспеушілікті сөзбен жеткізу жатады. Егер аналары баланың агрессиялық қылықтарына үнемі кешіріммен қарап, оларды мақұлдап отырса бұл агрессияның ұлғаюына алып келеді. Басқа зерттеулерде көрсетілгендей, өте қатаң жазаға тартылып отыратын балалардың өз жолдастарына деген агрессиясы көп болады екен. Агрессиялық мінез-құлықты баланың денесін жазалау бала агрессиясын, зұлымдығын одан ары өсіріп отырады екен. А.Бандураның айтуынша [20], отбасы, субмәдениет және БАҚ бізге күнделікті түрлі сабақ беріп отырады. Жазалау ретінде қол көтеру жиі қолданылатын отбасыларда айналасындағы адамдарға агрессиясы көп балалар өсіп шығады. Ата-аналар балаларын тәртіпке шақырамын деп жекіру, желкеден қойып қалу арқылы агрессияның шешім табу жолы екенін өздері көрсетіп отырады. Көбінесе мұндай ата-аналардың өздерін кезінде осындай жолмен тәрбиелеген болуы мүмкін. Үйден тыс әлеуметтік орта да еліктеу ортасы болып табылады. Футболдық матч сияқты спорттық жарыстарда агрессивті ниеттенген фанаттар өз қатысушыларының қатаң ойындарына жауап ретінде түрлі агрессиялық қақтығыстарға барып отырады.

Агрессияның психогенетикалық теориясы. Бұл теория өкілдері агрессияны генетикалық негізге темпераментке байланысты деп қарастырады. Тұқым қуалаушылықтың жүйке жүйесінің агрессивтілікке деген сезімталдығына әсер ететіні дәлелденген. Біздің темпераментіміздің типтері, яғни біздің қаншалықты эмоциялық түрде қоза білетіндігіміз туа берілген жүйке жүйесі қызметінің нәтижесі болып табылады. Қорқынышсыз, импульсивті және ұстамсыз бала агрессияға бейім жасөспірімге айналуы мүмкін. Балалардың агрессиясының қалыптасуына барлық тұқым қуалаған факторлар әсер етеді. Жас өте келе генетикалық факторлардың әсері күшейе түседі, ал қоршаған ортаның әсері әлсірей түседі. Психогенетиктер агрессивтілік пен эмоционалдық арасында генетикалық тәуелділік бар екенін анықтаған. Агрессивтіліктің жоғарғы деңгейде болуы хромосоманың аномалиясымен түсіндіріледі. Қалыпты жағдайда адам ағзасының жасушаларында 46 хромосома болады: 23 хромосома әкесінен, 23 хромосома анасынан келеді. Ер адамдардың жыныстық жасушаларында барлық хромосома жұптарының арасында Х және У хромосомасы бар жұп бар, ал әйелдік жыныс жасушалары тек Х хромосомаларынан тұрады. Түзету мекемелеріндегі қылмыскерлердің арасында хромосомалық аномалиясы – 47-У хромосомасы бар ер адамдар көп екені анықталған. Мұндай генетикалық аномалиясы бар қылмыскер-ер адамдардың көбеюі, артық У-хромосомасының пайда болуы агрессияның артуына ықпал ететінін білдіреді.

Қазіргі уақытта БАҚ құралдарында агрессияның жаңа бір түрі – буллингке көп көңіл бөліне бастады. Буллинг деген (bully – бұзақы, төбелескіш, зорлаушы) қорқыту, дене немесе психологиялық террор арқылы басқа адамды қорқытып, оны өзіне бағындыру дегенді білдіреді. Өзінің «Мектептегі буллинг: ол туралы біз не білеміз, не істей аламыз?» деген кітабында норвегиялық психолог Дан Ольвеусбуллингке жақын тұратын оқушылардың типтік қасиеттерін қарастырған болатын [21]:

- оларда басқа оқушыларды өздеріне бағындырып, оларға би болу қажеттілігі қатты дамыған;

- олардың мінез-құлығы импульсивті және ашуға толы;
- оларда тіпті мұғалім мен ата-аналарына деген де агрессивтік мінез-құлық орын алады;
- оларда өздерінің құрбандарына деген аяушылық сезімі болмайды;
- олар әдетте дене тұрпаты жағынан жақсы дамыған.

Буллингтің құрбандары кімдер? Олардың ерекшеліктері былай көрсетілген:

- оларда қорқақтық, ұяңдық пен ұялшақтық басым;
- қобалжу деңгейі жоғары;
- өздеріне сенімсіз және өзіндік бағалаулары төмен;
- депрессия байқалады, суицидқа бейім болады;
- құрдастарының арасында жақын достары жоқ;
- дене тұрпаты жағынан әлсіз.

Мұғалімдер балаларды сыртқы түрі, мінез-құлығы және мектептегі үлгерімі бойынша кемсітетін болса, оларға жаман ескертулер жасап, рухани түрде кемсітетін болса буллингтің дамуына өздері ықпал етіп отырады.

Мектептегі буллингтің түрлері өте көп, оған: мазақтау, келемеждеу, ақша талап ету, түрлі дене немесе психикалық кемсіту арқылы қорлау, «бойкот» жариялау, заттарын бүлдіру т.б. жатады.

Қазіргі уақыттағы кең тараған буллинг түрі – ақша талап ету. Ал заттарын, киімін, оқулықтарын бүлдіру азырақ кездеседі.

Кибербуллинг – ұялы телефон.

Интернет арқылы қорқыту түрі етек алып келе жатыр.

Аутоагрессия – өзіне зиян келтіруге бағытталған мінез-құлық түрі. Оның түрлері – өзін айыптау, өзін төмендету, түрлі дене жарақаттарын жасау, тіпті өзін-өзі өлтіруге дейін барады [16,17].

Агрессияны практикалық тұрғыда айқындап анықтай алу аса маңызды рөл атқарады.

Бұл мәселелерді аңғара отырып «Тұлға психологиясы» ғылыми орталығының қызметкерлері ауқымды ғылыми жұмыстарды атқарды. Олар кейбір жобалау әдістерін қазақ тіліне аударғаннан кейін түрлендірді, содан соң қазіргі аудиторияға сай бейімдеді. Бұл экспериментке шамамен 70 университет студенттері, тәлімгерлері, ұстаздары қатысты.

Аталған әдістеменің бір мысалы ретінде қатысушылар біз белгілеген тақырып бойынша сурет салды. Біздің ойымызша бұл суреттер арқылы тұлға туралы, нақтырақ айтқанда, оның бойындағы агрессияның белгілерін анықтау бойынша көп мәліметтер алуға болады. Сыналушылар қарындаш арқылы мұғалімдерден, ата-аналардан және т.б. жасырғандарын жеткізеді. Сонымен қатар, олар кейде өз мәселелерін, күйзелістерін, қорқыныштарын сөзбен жеткізе алмайды. Суреттердің талдауы бойынша біз агрессияны тудыратын себептерді анықтадық. 60-80% сыналушыларға жүргізген зерттеулер бойынша оларда агрессивтіліктің қандай да бір түрі кездеседі, бірақ студенттер агрессивті көріністерді шынайы мінез-құлығында көрсетпеуі де мүмкін. Яғни, агрессивтілікті тек агрессияның алғышарты ретінде қарастыру керек. Бірақ оның шынайы мінез-құлықта көрінуі студенттің нақты әлеуметтік жағдайынан тәуелді. Сонымен қатар, мектеп жасындағы балалардың агрессивтілік деңгейін анықтау үшін біз келесі проективті әдістемелерді ұсындық. Балаларды зерттейтін проективті психологиялық әдістерге бала әрекетінің нәтижесін талдауды жатқызамыз – бұл суреттер, батпақтан, ермексаздан, әртүрлі аппликациялардан жасалған мүсіндер. Сурет тесттерін орындай отырып, балалар әдетте үлкендердің суретке деген қызығушылықтарына қуанып, қағазда не салынғаны туралы әңгімелегенді ұнатады. Төменде көрсетілген әдістемелер арқылы бала өзінің бойындағы психологиялық мәселелерін көрсетуге тырысады.

1. «КАКТУС» графикалық әдістеме (бастауыш мектеп жасына арналған).

Нұсқау: Балаға үлкен ақ қағаз бен қара қалам беріңіз. Балаға өз білгенінше кактус салуын сұрайсыз.

Сурет бойынша алынған мәліметтерді өңдеу нәтижелері бойынша бала тұлғасының қасиеттерін диагностикалауға болады:

Агрессивтілік – инелерінің болуы, әсересе олардың өте көп болуы. Қатты шығып тұрған, ұзын, бір-біріне жақын орналасқан инелері агрессивтіліктің жоғарғы дәрежесін көрсетеді.

Импульсивтілік – үздік түзулердің болуы, қатты басып салу.

Менмендік, жетекшілікке ұмтылу – қағаздың ортасында орналасқан үлкен сурет.

Өзіне деген сенімсіздік, тәуелділік – қағаздың астыңғы жағында орналасқан кішкентай сурет.

Демонстративтілік, ашықтық – кактустағы шығып тұрған өсінділер, формалардың астарлы болуы.

Тұйықтық, сақтық – жиектеріндегі немесе кактустың ішіндегі иректердің болуы.

Оптимизм – кактустарды "көңілді" салынуы, түрлі түсті қарындаштармен ашық түстерді қолдану.

Қобалжу – ішкі сызықтардың, үзік сызықтардың көп болуы түрлі түсті қарындаштардың ішінен кара түстерді қолдану.

Нәзіктік – жұмсақ түзулер мен формалардың, гүлдердің, әшекейлердің болуы.

Экстраверттілік – суретте басқа да кактустар мен гүлдердің болуы.

Интроверттілік – суретте тек бір ғана кактус салынған.

Үйіндегілердің қорғауына ұмтылу, отбасылық қауымдастық сезімі – суретте гүл құмыраларының болуы, үй кактусының суретінің болуы.

Үйіндегілердің қорғауының жоқ болуы, жалғыздық сезімі – жабайы өсетін, шөлдегі кактустардың суретінің болуы [14].

Біздің ойымызша, депрессия, агрессия ол белгілі бір топқа жататын адамдардың, нақтырақ айтқанда байлардың немесе кедейлердің сырқаты емес, ол өмірі реттелмеген адамның дерті, өміріне не маңызды, не маңызды емесін ажырата алмаған, құндылықтарын реттей алмаған адамдардың тереңде жатқан, кейде тіпті балалық шағынан келе жатқан психикалық уайымдары мен мәселелері саналады. Мысалы: қолын көп нәрсеге жеткізген адам, кейде соған қанағаттанбай одан да көбін аңсайды. Сол себеппен ол казиноға немесе т.б. жерлерге барып қанағаттанғысы келеді, бірақ ойындағыдай жағдай болмаса, ол депрессияға ұшырайды. Сондықтан, агрессиядан, яғни ашу-ызадан арылудың ең қарапайым психологиялық жолдары қазіргі кезде мынадай деп білеміз: рухани құндылықтарды арттыру (ата-анаға, ер-азаматқа, әйел адамға, балаға деген құрмет, бауырмалдық, мейірімділік, адалдықты алға қою; қызғаныш, көре алмаушылық, жалқаулық және т.б. жағымсыз мінез-құлықтардан арылу, көркем мінез қалыптастыру), өзіндік менін қалыптастыру, өзіне деген сенімділігін арттыру, жеке мәдениетін арттыру (көбірек кітап оқу, театр, киноға, мұражайларға, көрмелерге бару), дененің физиологиялық қалпын сақтау (ұйқының қануы, уақытында тамақтану, демалу және т.б.).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Намазбаева Ж.И., Каракулова З.Ш. Психологическая служба в вузе. Учебное пособие. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2011.

2 Краснов В.Н. Организационная модель помощи лицам, страдающим депрессиями в условиях территориальной поликлиники: Методические рекомендации. – М.: Минздрав России, 2000. – 19 с.

3 Фрейд З. Введение в психоанализ. Лекции. – М.: Наука, 1989. – 158 с.

4 Кречмер Э. Телосложение и характер: Исследования по проблеме конституции и учение о темпераментах. – Берлин, 1951.

5 Теленбах Х. Психиатрия в качестве духовной медицины. – Мюнхен: издатель прикладных наук, 1987.

6 Akiskal H.S., Benazzi F., Perugi G., Rihmer Z. Agitated "unipolar" depression reconceptualized as a depressive mixed state: implications for the antidepressant-suicide controversy. *J Affect Disor*, 2005; 85. – 245-258.

7 Селигман М. Новая позитивная психология. – М.: София, 2006.

8 Маслоу А. Мотивация и личность. – СПб.: Питер, 2008.

9 Gardner, Howard, Csikszentmihalyi, Mihaly, and Damon, William. *Good Work: When Excellence and Ethics Meet*. – New York, 2002.

10 Изард К.Е. Эмоции человека. – М.: Наука, 1980.

11 Юнг Карл Густав // Большая советская энциклопедия: [в 30 т.] / под ред. гл. ред. А.М. Прохоров – 3-е изд. – М.: Советская энциклопедия, 1969.

12 Киселева М.В. Арт-терапия в работе с детьми. – СПб.: Речь, 2008.

13 Пезешкиан Н. Психосоматика и позитивная психотерапия. – М., 1996. – 464 с.

14 Абрамова А.А. Агрессивность при депрессивных расстройствах: Дис. ... канд. психол. наук. – М., 2005. – 152 с.

Ж.И. Намазбаева¹, Т.Ш. Исабекова²

^{1,2}КазНПУ им. Абая, НИЦ «Психология личности»

ПРОБЛЕМЫ И ПРОФИЛАКТИКА ДЕПРЕССИВНЫХ СОСТОЯНИЙ ЛИЧНОСТИ

Резюме

В аналитической статье рассматриваются проблемы депрессивных состояний личности. Раскрыты различные теоретические взгляды на проблему в контексте свойств личности тревожности, агрессивности, стрессовых состояний и др. Даются особенности характера, поступков и поведения некоторых аспектов деятельности, межличностных отношений лиц с депрессивными состояниями. Авторами раскрыты результаты исследований НИЦ «Психологии личности» КазНПУ имени Абая по использованию адекватных методов изучения агрессивных и стрессовых состояний, которые были переведены на казахский язык, модифицированы и адаптированы. Выделены основные факторы и механизмы их проявления и подчеркнуто принципиальное отношение комплексного подхода к теории и практике данной проблемы.

Ключевые слова: личность, депрессивное состояние, агрессия, тревожность, стресс, профилактика, факторы и механизмы депрессии, психотехнологии

J.I. Namazbaeva¹, T.Sh. Isabekova²

^{1,2}KazNPU named after Abai, SRC «Psychology of personality»

PROBLEMS AND PREVENTION OF DEPRESSIVE STATES OF THE INDIVIDUAL

Summary

The analytical article deals with the problems of depressed personal states. Different theoretical views of the problem are revealed in the context of personality traits of anxiety, aggressiveness, stressful conditions, etc. Specific features of the nature, behavior and behavior of certain aspects of activity, interpersonal relations of persons with depressive states are given. The authors have disclosed the results of the research of the «Psychology of Personality» SRC KazNPU named after Abai on the use of adequate methods of studying aggressive and stressful conditions, which were translated into Kazakh, modified and adapted. The main factors and mechanisms of their manifestation are singled out and the basic relation of the complex approach to the theory and practice of the given problem is emphasized.

Keywords: personality, depressive state, aggression, anxiety, stress, prevention, factors and mechanisms of depression, psychotechnologies

MPHTI 15.21.51

A.Satova¹

¹Abay Kazakh National Pedagogical University after Abay

SOCIAL AND PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF EDUCATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Summary

This article is devoted to the analysis of a social and psychological development of education in the Republic of Kazakhstan. It identifies the role of personal approach in education, its basic principles and tasks.

Keywords: education, personal approach, the purpose, principles and objectives

The main text of the article

Dynamic socioeconomic and political metamorphoses of the modern world community which E. Toffler called the "The third wave" of development of a civilization, in our opinion, are characterized by some general and sometimes contradictory trends of social development.

On the one hand, in the modern world are taking place such processes as globalization, convergence of nations and activating of the integrative processes in politics, culture, economics, etc. A striking example of this is the creation of the European Parliament, the OSCE, the WTO and so on., testifying an increase in the need for community, collaboration and establishment of universal values.

On the other hand, the modern world is too often a world of violence, interstate conflicts, the

manifestations of nationalist chauvinism, terrorism, religious intolerance, leading to dissociation of the nations, change in value orientations and the denial of universal human values.

On the one hand, the entry of mankind into the XXI century which is already called an age of information, information technologies, objectively raises a role of the personality. The modern catch phrase "who owns the information, controls the situation" gets special sense. It is impossible not to think that in the near future, only one or a few people, owning the latest information technologies, can be able to bring numerous troubles to mankind. In other words, the role of personality in the XXI century increases disproportionately in comparison with all previous centuries of human history.

On the other hand, modern man, perceiving the world increasingly only through the media, becomes its passive observer.

These and some other trends of social development defined change of a role of education in the solution of a new century problems. So, the purposes of education evolve from formation in students of general and professional knowledge, competences and skills (KCS) system to development of the identity in subjects of educational process. At such approach, formation of the personality capable to projective determination of the future and responsible for it becomes the general purpose of education. While, knowledge, competences and skills are only the means providing development of such personality.

Here it should be noted that the modern psychological science defines the personality as "the complete psychological structure, formed in the course of human life on the basis of assimilation by him social forms of consciousness and behavior" (1).

This definition is based on the cultural and historical theory of L.S. Vygotsky, his ideas of psychological systems as the new groups of the highest mental functions arising during ontogenesis. From this point of view the identity represents a relatively steady psychological system of the highest integrative level. The presence of such systems makes the person capable to conscious self-control, so the concept of identity is indicated by a such level of development of the person which allows him to make an independent decision, to manage both circumstances of his life and himself. The person who reached full development of the personality gains ability to set for himself the vital goals and to reach them, he develops his own views and the attitudes, own moral requirements and assessments which make this person rather steady and independent of situational influences of the environment.

In this context, the well-known determination scheme of the personality development (P.Ya. Galperin, A.V. Zaporozhets, S.N. Karpova), in which the natural properties of the person act as organic preconditions for the personality development, society as a source of personality development, and activity implementing these or other social relations as the basis and the driving force of personality development (2), allows us to consider education as the most important condition and the driving force of the personality development.

Based on the context that a child and his/her uniqueness and self-worth are the foundation of individual oriented learning, the authors identify three key positions in educational approach: 1) a pupil as the subject of cognition and learning is conducted on the basis of his/her abilities and interests; 2) learning on the basis of life experience of a child and in this case motivation comes as personal function; 3) development of a pupil takes place through the concept where the pupil is the keeper and creator of culture. Accordingly, the motivation of the authors to address the topic of managing the learning process proceeds from the necessity to identify the functional capacity of the subject of communication and this role is attributed to the teacher. To ensure communicative activity and development of a pupil.

Keywords: individual oriented learning, managing learning, concept of “cause and reflection”, transition from technological form, socially-psychological measurement, a teacher as the subject of communication

МРНТИ 15.41.21

Ұ.Б. Төлешова¹, Н.Б. Токсанбаева²

^{1,2}әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ АНИМАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада анимация ұғымына анықтама беріліп, оның даму тарихына қысқаша шолу жасалған. Анимациялық іс-әрекеттің ерекшеліктері талданды. Мақаланың өзектілігі адам өмірінің маңызды

салаларының бірі бос уақыт тұлғаның дамуына зор ықпал етеді деген тұжырыммен нақтыланады. Анимациялық іс- әрекет күрделі жүйе ретінде қарастырылуы керек, оның құрылымы (ұйым) үздіксіз мәдени және шығармашылық дамушы ортадағы белгілі бір аймақта орын алатын процесс болып табылады. Аниматор – «рухтандырушы» шабыттың, руханияттың ортасын алып жүруші. Анимациялық іс-әрекет – бұл адамның жасырын көзқарастарын (құрылым-аттракторларды) қолайлы және салауатты болашаққа ашатын адамның «синергетикалық жағдайы», бұл әлемді басқаша көрудің, осы әлемге белсенді интеграцияланудың тәсілі, жаңа мәселелер бойынша ескі проблемаларды шешу, мәселелерді қайта құру, проблемалық саланы қайта құру болып табылады.

Түйін сөздер: анимация, анимациялық іс- әрекет, ойын және актерлік шеберлік, бос уақыт

Жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие процесін жетілдіру мен мамандарды дайындау сапасын жақсартуда әдістемелік жұмыстың маңызды екенін ескеру қажет. Міне, осы мақсатты орындау үшін мынадай міндеттер көзделіп отыр: біріншіден, нарықтық экономика жағдайына қарай ғылыми-техникалық үрдіс талаптарына сай мамандар дайындаудың қолайлы мазмұнын анықтау, екіншіден, ең тиімді әдістер мен құралдарды жасауды қайта қарастыру, үшіншіден, оқу-тәрбие үдерісінің ғылыми дәлелденген материалдық техникалық базасын жасау және құру, төртіншіден, оқу барысында студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыру және оларға берілетін ақпаратты берік игеруін қамтамасыз ету – басты міндетіміз.

Кәсіби педагогикалық анимациялық іс-әрекет – өзіне операциялдық және жеке аспектілерді қосатын көп қызметті құбылыс. Болашақ маманды айтылған кәсіби іс-әрекетке дайындығын қалыптастыруда, сол іс-әрекетті және оның жүзеге асуына талаптар мен сипатталатын өзіндік ерекшеліктері бар [1].

Әлеуметтік педагог өзінің негізгі жұмыс бағытын оқушылардың сабақтан бос уақытын тиімді пайдалану мәселесімен айналысады. Олар ата-аналармен бірлесе отырып, мектептен тыс көптеген қызықты жұмыстар жүргізе алады. Оқушылардың сабақтан тыс уақыттағы іс-әрекеттері әлеуметтік педагогтың үлесіне тиеді.

Алдымен әлеуметтік педагог әрбір өскелең жас адамға ақылшы, ұстаз, аниматор, ұйымдастырушы, психолог, тәрбиеші, үлестіруші-әдіскер, олардың әлеуметтік құқықтарын қорғаушы болуға тиіс. Әлеуметтік педагог кәсіби психологиялық жағынан дербес жасампаз адамдарға, жоғары оқу орнында алған білімі мен машығы негізінде оқушы жастар мен олардың отбасыларының құқықтарын әлеуметтік жағынан қорғай алатын, жеке адамның әлеуметтік ортада, оқу барысында, еңбек қызметінде және бос уақытында жан-жақты жарасымды дамуының мәселелерін пайымдап, іске асыра алатын әлеуметтік педагогтарға ғана тиесілі. Әлеуметтік педагогтың жұмыс объектілері оқушылар мен ата-аналар ғана емес, сонымен қатар, әртүрлі жастағы адамдар, клубтар, секциялар, топтар және қоғамдық бірлестіктер. Мұндай ортада барлығы өздерін еркін ұстайды, тәуелсіз сезінеді. Сондықтан да бұл ортада жұмыс істеп, оқушының бос уақыттағы тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру қиын да күрделі жұмыс.

Анимация термині жаңғыру, жаңару деген ұғымға тән. Қазіргі уақытта әртүрлі материалдардан ойыншықтар жасау, олардың персонаждарымен модельдерін әртүрлі технологиялар мен операцияларды қолдана отырып жасау түрі де педагогикалық анимация арқылы жүзеге асады.

Мультфильмдер балалар шығармашылығы ретінде, басқа елдердегідей біздің елімізде де, біраз уақыттан бері қолданылып яғни әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Әртүрлі деңгейде өткізіліп жатқан концерттер мен байқаулар, фестивальдер, балалар мен үлкендерге де қызығушылық танытуда. Әсіресе бұл педагог қауымға қызығушылық танытуда себебі балалар шығармашылығы, фильмдер оған деген балалар қабілетін дамытуболып есептеледі. Педагогикалық міндеттерді шешу мультипликация арқылы бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. 1979 жылы Парижде «Мультипликационное кино – педагогика будущего» атты халықаралық симпозиумы өтті. Осы уақыттан бері мультипликациялық педагогика көп елдерде педагогикалық кәсіби симпозиумдар да кәсіби әртүрлі деңгейлерде талдауларға ие болды. Педагогикалық анимация жан-жақты оқыту жүйесі құндылығы дамытуда. Мұнда келесі байланысты оқу тәрбие үрдісінде жүзеге асыруға болады мысалы: бала-студент-оқытушы. Осы үш субъект өзара бір-бірімен тығыз байланысты, бір-біріне маңызы зор әсері күшті, үнемі даму үстінде болады. Оқыту барысына мультипликация арқылы студенттердің белсенділігін арттыру, ойлау дағдыларын қалыптастыру құрапы болып анимация табылады. Қозғалыс, ән, саз арқылы қарым-қатынасты балалардыкіндей болады [2].

Педагогика үшін маңызды, құнды, қажетті анимациялық еңбекпен оқыту болып табылады. «Анимация» термині француз педагогикасында топтың динамикалық мәселесінде және бос уақыт тәрбиесінде пайда болды. Педагогикалық анимация тұлғаның топта және топтың жеке және автономды өзін-өзі анықтауына сәкес келеді. Плюрализм позициялары мен ойларын мойындай отырып, мәселенің тұлғалық қалыптасуындағы мектеп болып табылады және дұрыс шешімін қабылдауға мүмкіндік береді. Француз педагогтарының ойынша соның ішінде Р.Торай педагогикалық анимация тек іс-әрекетті қамтымайды, сонымен қатар оқу-тәрбиелік процеске белсенді түрде енгізіледі, өйткені оның мақсаты тереңірек. Педагогикалық анимация индивидте өзінің күшіне деген сенімін және мүмкіндіктерін, қарым-қатынас процесін белсендіреді, өзі-өзі тану, өзін-өзі мойындау, адами қарым-қатынаста жаңа стиль қалыптастырады. Адамның барлық іс-әрекетінде шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Іс-әрекет – адамның қоғамдық тарихи болмысының ерекше формасы. Бар болудың және даму тәсілі ретінде іс-әрекет бұл адамның табиғи және әлеуметтік шындықты мақсатты түрде қайта жаңғырту тәсілі ретінде түсіндіруге болады. Іс-әрекет ұғымын бірнеше мағынада түсіндіруге болады: ғылыми білім категориясы, қоғамдық тарихы болмыстың ерекше түрі, бар болудың және даму тәсілі ретінде түсіндіруге болады. Адам іс-әрекетінің құрылымы қажеттілік, мотив, мақсат, міндет, әрекет, операциялар жиынтығынан құралады. Ғылыми білім категориясы ретінде іс-әрекеттің бірнеше түрлері бар, соның бірі педагогикалық іс-әрекет. Педагогикалық іс-әрекет – адам іс-әрекетінің ерекше түрі, басқа іс-әрекет түрлерімен салыстырғанда ол мақсатқа бағыттылық сипатқа ие болады.

Педагогикалық іс-әрекет – аға ұрпақтың жас ұрпаққа адамзат жинақтаған мәдениет пен тәжірибені беруіне бағытталған, олардың тұлғалық дамуына жағдай жасап, қоғамда белгілі бір әлеуметтік рольдерді орындауға дайындайтын әлеуметтік іс-әрекеттің ерекше түрі. Педагогикалық іс-әрекет дамудың шарты мен негізі ретінде оқушылардың пәндік, әлеуметтік мәдени тәжірибені меңгеруіне бағытталған оқу іс-әрекетінің ұйымдастырылуы болып табылады [3].

Педагогикалық іс-әрекет әлеуметтік маңызды іс-әрекеттердің маңызды бір түрі. Бұл іс-әрекет түрі құрылымы жағынан күрделі жүйені құрайтын іс-әрекет болып табылады. Педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы үш бөліктен құралады: конструктивті, ұйымдастырушылық, коммуникативті іс-әрекеттер.

Педагогтың конструктивті іс-әрекеті педагогикалық іс-әрекеттің жобаларын, жоспарларын құрастыру түрінде жүзеге асады. Конструктивті іс-әрекет конструктивті-мазмұндық, конструктивті-оперативті, конструктивті-материалдық іс-әрекеттерден құралады. Конструктивті мазмұндық іс-әрекет оқу материалын таңдау, педагогикалық іс-әрекетті жоспарлау, сабақ, тәрбиелік шара жоспарын әзірлеу сияқты іс-әрекеттерден құралады. Конструктивті-оперативті іс-әрекет педагогикалық процестегі мұғалім мен оқушының іс-әрекеттерін жоспарлау, қолданылатын әдіс-тәсілдері таңдап, оларды құрастыру түрінде жүзеге асады. Конструктивті-материалдық іс-әрекет педагогикалық іс-әрекетке қажетті материалдық техникалық базаны құрастыру, ұйымдастыру түрінде іске асады. Яғни мұғалім сабағына қажетті техникалық, көрнекілік құралдарды әр түрлі жабдықтарды анықтайды. Конструктивті іс-әрекет мұғалім жұмысының жүйелі әрі нәтижелі болуының кепілі деп айтуға болады. Мұғалім өзінің және оқушылардың іс-әрекетін дұрыс жоспарлай алса, ол нәтижелі жұмыс жасауына ықпал етеді. Педагогтың ұйымдастырушылық іс-әрекеті конструктивті іс-әрекеттің жалғасы деп айтуға болады. Мұғалім өзі құрастырып, өзі жоспарлаған іс-әрекеттерін нақты іс-жүзінде жүзеге асырады. Оқушыларды білі алу процесіне, тәрбиелеу процесіне ұйымдастырады. Олардың жүйелі білім алуын, олардың таным процестерін басқарады. Оқушылардың сабақтанытыс әрекеттерін, әр түрлі тәрбиелік шараларды, балалар ұжымының іс-әрекетін, ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысты іс-әрекеттерін және т.б. шараларды ұйымдастырады. Бұл педагогикалық іс-әрекет құрылымындағы маңызды іс-әрекеттердің бірі болып табылады. Педагогтың коммуникативті іс-әрекеті педагогикалық процеске қатысушылармен қарым-қатынас орнатуға бағытталған іс-әрекеті. Мұғалім оқушылармен, мұғалімдер ұжымымен, ата-налармен тиімді қарым-қатынас орната алуы керек. Коммуникативті іскерлік мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетіндегі маңызды құралы деп айтуға болады. Мұғалім өзінің сөзі арқылы оқушыға білім беріп, оның тәрбиесін ұйымдастырады. Сондықтан да жақсы мұғалім болуы үшін педагогикалық қарым-қатынас құпияларын меңгеру маңызды болып табылады. Бұл аталған педагогикалық іс-әрекеттің құрылымдары өзара байланыстылықта, тұтастықта, бір жүйеде жүзеге асады. Оларды жеке-жеке алып қарағанмен, олар өзара тығыз байланыстылықта жүзеге асатын іс-әрекеттер [4].

Анимация тәрбиемен кең мағынада тығыз байланыста, адамның тұлғалық қалыптасуында мектеп ішінде ғана емес, индивидтің барлық өмірінде тәрбиемен байланысты. Сонымен анимация тәрбиемен тығыз байланыста. Педагогикалық анимация дәстүрлі мектеп формасының жұмысын көшіріп алмауы керек, әйтпесе ол тиімсіз болады. Аниматордың міндеті тек қана білім мен дағдыны қалыптастырып қана қоймайды, сонымен қатар топтар арасында серіктестік атмосфераны орнату, өзара сыйластық, шығармашылық іс-әрекет жасау. Аниматор топ жетекшісі болып табылмайды, тек ой қозғауға, шешім қабылдауға және іс-әрекетті жүзеге асырушы ғана екендігін ескеру қажет. Аниматор іс-әрекеті әлеуметтік және тәрбиелік сипатта болады және топтың даму процесімен қамтамасыз етеді. Ұжыммен топтардың қоғамдық деңгейде қарым-қатынастарымен мәдени қалыптастыруда педагогикалық анимация басты міндеттерді айқындайды. Қоғамдық қарым-қатынастар астарына қоғамдық байланыстар мен тұлғааралық қарым-қатынастарды орнату. Ұзақ уақыт бойы мәдениет өнер туындыларында ғана көрінді және оны таратушылар ұстаздар болды. Аниматор тұлғадағы шығармашылық қабілетін оятушы болып табылады. Аниматор іс-әрекеті екі бағытта құралады: біріншісі жалпы сипаттама, ал екіншісі мамандандырылған және техникалық. Біріншісіне кәсіподақ, ассоциациялардың, қозғалыстардың, топтардың қоғамдық-тәрбиелік әдени мекемелердің қызметкерлері мысалы: кітапхана және мұражайлардың жауапты қызметкерлері. Екіншісіне бапалар лагерлерінің вожатыйлары т.б. жатады [5].

Аниматор – бұл анимациялық жұмысты іс-жүзіне асыратын маман. Егер анимация жайлы Француз тәжірибесіне көз жүгіртсек көбінесе олар жұмыстан тыс уақыты бар энтузиаста волонтерлар, оқытушылар, ғалымдар, қоғам қайраткерлері, инженерлер. Социомәдени мекемелеріне келіп тұрушылар қатарында тұрақты үрдіс қалыптасқан. Жалпы қоғамда ерікті белсенді адамдардан басқа кәсіби аниматорларда кездеседі. Оларды даярлау көптеген оқу орталықтары арқылы жүзеге асады.

Кәсіби аниматорлар әкімшілік басқару іс-әрекеттері шеңберінде, зерттеу және шығармашылық жұмыстары, педагогика саласында даярлық алады.

Осыған орай аниматорларды екі типке бөледі:

- жетекшілер (координатор-аниматорлар);
- маман-аниматорлар, әр түрлі бірлестікті басқаратын, ассоциациялар, үйірмелер. Олар әр түрлі курстарды оқытып құқықтық кеңес беріп, көшіп-қонуды әлеуметтік бейімделуге қалыптастырып тіпті психологиялық көмек береді.

Анимация – бұл жалпы мағынада белгілі бір іс-әрекеттің түрі болып есептеледі және сонымен қатар бос уақытта арнайы бағдарламалар, қойылымдар өткізу мақсатында жүзеге асады. Анимациялық бағдарламаларға спорттық тартыс ойындар, би кештері, ойындар, рухани және көңіл көтеру мақсатындағы барлық іс-шаралар енеді [6].

Бос уақытты тиімді өткізу бала тұлғасының қалыптасуына үлкен ықпалын тигізеді. Баланың бос уақытын қызықты, пайдалы әрі мазмұнды өткізу міндеті педагогтар мен ата-аналарды да толғандырады. Осы мәселені шешу бағытында мемлекеттік балаларға қосымша білім беру ұйымдары да өз міндеттерін атқаруда.

Осы тұрғыда «бос уақыт» дегеніміз не? Оның қандай өлшемі бар? деген орынды сұрақ туындайды. «Бос уақытты ұйымдастыру» – бірнеше әлеуметтік ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады. Олар: әлеуметтану, философия, педагогика т.б. «Бос уақыт» – әлеуметтік категория. Әлеуметтануда «бос уақыт» және «демалыс уақыты» синоним түсініктер болып табылады. Жалпы қоғамда уақыт жұмыс уақыты және жұмыстан тыс уақыт болып бөлінеді. Жұмыс уақыты бұл белгілі бір өндірістегі нақты жұмыс жасауға арналған уақыт. Жұмыстан тыс уақыт, жұмыс уақытын бөліп алғаннан (тәулік, ай, жыл) қалған уақытты айтамыз.

Жұмыстан тыс уақыттың өзі:

1. Жұмысқа дайындық уақыты (оқушыларда сабаққа дайындық уақыты).
2. Адамның физиологиялық қажеттерін өтеуге арналған уақыт (ұйқы, тамақтану т.б.).
3. Үй шаруашылығына, жұмыс қажеттіктеріне жұмсалатын уақыт.

Бос уақыт – жеке тұлғаның мәдени деңгейіне, қызығушылықтарымен қабілетіне сәйкес іс-әрекет тандап өткізетін, қажетті істерді орындауға бөлінген уақыттан тыс уақыт.

Педагогикалық зерттеулерде «бос уақыт» ұғымын анықтауда және оған теориялық негіздеме беруде үлкен үлес қосқан М.Г. Бушканец, А.Ф. Воловик, В.А. Воловик, И.А. Новикова, Э.В. Соколов, В.Я. Суртаев, Б.А. Титов, С.А. Шмаков т.б. Осы педагогтардың зерттеулерінде «бос

уақыт» – жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және физиологиялық даму, бос уақытты белсенді демалыс сауықтыру уақытына айналдыру, мәдени деңгейін көтеру, өзін-өзі дамыту, жетілдіру, өз мүмкіншіліктерін іске асырудың факторы болып табылады [7].

Бос уақытты ұйымдастыру педагогикасының негізгі ұғымдары: «бос уақыт», «демалыс уақыты», «іс-әрекет», «бос уақыттағы іс-әрекет», «рекреация».

Э.В. Соколовтың ойынша: «Қажетті демалыссыз адамның күш-қуаты төмендеп, жоғары деңгейдегі іс-әрекетті орындауға мүмкіншілігі болмайды. Бала өмірінде сауықтыру шараларымен, ойын болмаған жағдайда бос уақыт көңілсіз, қызықсыз өтеді».

С.А. Шмаковтың айтуынша: «Бос уақыт – маңызды рөлдерді, қызықты іс-әрекеттер түрлерін еркін таңдау арқылы балалармен жасөспірімдер дарындылығын шыңдау, рухани өсуіне жағдай туғызу уақыты».

Бос уақытта:

- Еркіндік сезімін қанағаттандыру арқылы баланың қызығушылықтарымен қабілеттерін анықтауына;
- Белсенді іс-әрекет арқылы мүмкіншіліктерін толықтай көрсете алуына;
- Өзін-өзі сынау, өзін-өзі тексеру және өзін-өзі бағалауына;
- Белсенді қарым-қатынас арқылы әртүрлі ұйымдармен бірлестіктерде өз мүмкіншіліктерін жүзеге асыруға жағдай туындайды.

Бос уақытты ұйымдастырушы – педагогтың негізгі міндеттері:

- Жеке тұлғаның қасиеттерімен дарындылығының дамуына, дүниетанымының кеңуіне, мәдениеттілігінің артуына ықпал ету;
- Оқушылардың психологиялық және жасерекшеліктерін ескере отырып, олардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдай жасау;
- Оқушылардың жан-жақты дамуына бағытталған әртүрлі клубтар, үйірмелер, секциялар, студиялар жұмысын ұйымдастыру;
- Әр түрлі техникалық, көркемөнер, спорттық, өлкетану, туристік т.б. іс-әрекеттерді ұйымдастыратын мекемелердің жұмысын басқару;
- Балалар мен жасөспірімдердің ұйымдарымен бірлестіктерінің жұмысын ұйымдастыру;
- Мерекелер, кештер, саяхаттар, экскурсиялар, ойын-сауық шараларын т.б. сабақтан тыс уақыттағы жұмыстарды ұйымдастыра отырып балалардың бос уақытының мазмұнды өтуіне ықпал ету;
- Мәдени орталықтар, спорт т.б. қоғамдық мекемелермен бірлестіктерді балалармен жасөспірімді тәрбиелеу ісіне тарту;
- Балалардың жазғы демалысын және бос уақыттарын ұйымдастыру, олардың өмірі мен қауіпсіздігіне жауап беру [8].

Жастар арасында бос уақытты қоғамдық пайдалы істерге жұмылдыратын ұйымдық белсенді іс-шаралар тізбегі әлі де болса ұмытыла қойған жоқ.

Клуб – бұл мәдени-тынығу мекемелерінің жаңа типі болып табылады. Клуб тәрбиелік және идеологиялық мазмұнда ерекше орын алады. Мемлекетіміздің экономикасымен мәдениетінің жоғарлауына байланысты олардың саны да сапасы да көбейіп келе жатыр. Қалада және ауылда басты клубтық мекеме болып – Мәдениет Үйі табылады.

Клубтық мекеме – қоғамдық түсінік. Оларға кішкене клуб және мәдениет сарайлары жатады. Мәдениет үйі мен Мәдениет сарайы арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Айырмашылық тек мүмкіндіктері, көлемі мен жұмыс масштабында.

Клубтын пайда болу тарихы өткен тарихта қалып қойды. Қазіргі клубтардың прототипін Ежелгі Римде кездестіреміз, яғни Рим Мемлекетінің саяси өмірінде маңызды роль атқарады. Ең бірінші кезеңде саяси клубтар маңызды роль атқарған XIX ғ. II жартысында әртүрлі клубтар пайда болды. Оның ішінде кең тараған спорттық, кәсіби әйелдер т.б. клубтар.

20-жылдардан бастап клубтың формалары белсенді түрде тарала бастады. 30-жылдары Қазақстанда клубтық мекемелер стационарлы және жылжымалы формадағы кеңейту бағытында дамыды. Бұл тұтас Қазақстан бойынша 1931 жылы көшпелі шаруашылықтан жаппай отырықшылыққа өтумен байланысты болды. Байырғы тұрғындардың отырықшылыққа көшуі соған сәйкес мәдени-ағартушылық шараларды өткізуді талап етті. Ол халықтың мәдени деңгейін көтеру, оның саяси және қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталды. Қалың қауымды отырықшы аудандарды мәдени қызметпен жаппай қамтуға тарту мақсатында Қазақ Орталық Атқару Комитеті 1931 жылдың тамызында «Отырықшы аудандарға мәдени қызмет көрсету туралы» қаулы қабылдап, сол аудандарда қызыл отаулар ұйымдастыру үшін қомақты қаражат

бөлінді. Отырықшы өмір салтына көшуді шешу мақсаты – клубтық мекемелер жүйесі айтарлықтай өскен республиканың ауылды аудандарында көркем өнерпаздар дамуына жағдай жасады. Егерде 1932 жылы селоларда барлығы үш жүз тоқсан алты клуб болса, 1933 жылы олардың саны жеті жүз он тоғызға жетті. Оқу үйшіктерінің саны сегіз жүз отыз екіден мың алпыс тоғызға дейін өсті. Өз кезегінде қызыл отау жүз он екіден сегіз жүз екіге, қызыл бұрыш саны екі мың алты жүз елу беске, қызыл шайхана жүз отыз үшке жетті [9].

Екінші бесжылдық басында республикада кітапхана, клуб, оқу үйшіктері, мәдениет үйі және мәдениет сарайы сияқты стационарлы мекемелер басым бола бастады.

Клубтық өнерпаздардың 1935-1936 жылдары айтарлықтай өсуі мәдени қор құралдарының артуымен де байланысты болды. Атап айтқанда, 129 клуб және 210 оқу үйшігі салынды. 1937 жылы республикадағы клубтық мекемелер саны 3589 болса, 1940 жылы 5309 (соның ішінде 4965 ауылдық) жетті.

Педагогика мұғалімдерді белгілі жас тобындағы балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері жөніндегі кәсіби білімдермен қаруландырып, әрқилы жағдайлардағы оқу-тәрбие процесін болжастыруға, жобалауға және іске асыруға, оның тиімділігін бағалауға үйретеді. Тәрбие процесін ұдайы жетілдіріп отырып қажет, себебі адамдардың өмір жағдайлары өзгермелі, ақпараттар көлемі ұлғаяды, осыдан мұғалімге қойылатын талаптар жыл сайын күрделеніп баруда. Қоғамның мұндай талаптарына педагогтар өсіп келе жатқан әулетті оқыту, тәрбиелеу және оған білім берудің жаңа технологияларын құрастырумен жауап береді. Бұдан бұрынғы мыңдаған жылдардағыдай-ақ баланың өмірлік мектебі оның алғашқы демімен бірге басталады. Осыдан мектеп педагогтары мәңгі проблемалар құрсауында келеді. Баланы адамаралық қатынастар дүниесіне енгізуді олар өзінің ең басты парызы деп біледі. Алайда, осы уақытқа дейін тәрбиелік қызмет мұншама қиын, күрделі және жауапкерлі болып көрген емес. Дүние басқаша кейіпте болған, онда бүгінгі балаларға төніп тұрған қауіп-қатерлердің кейбір түрлері тіпті болмаған. Отбасында, мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, мектепте болашақ азаматқа қандай негіз қаланса, болашақ өмірі мен бақыты, бүкіл қоғамның берекесі соған тәуелді болып тұр. Рекреациялық қажеттілік рекреациялық іс-әрекеттің белгілі бір түрлерінде ғана іске асырылады, ондай іс-әрекеттер тек бос уақытта ғана жүзеге асып, ол адамның физикалық, психологиялық және рухани күшін қалпына келтіруге және дамытуға бағытталады.

«Рекреациялық шаралар» деп рекреациялық іс-әрекеттің түрлерін іске асырудың тәсілдерін айтады. Шаралар жинағының ішінен мынандай рекреациялық шараларды бөліп қарауға болады: суға шомылу, жаяу қыдыру, саңырауқұлақтар мен жеміс-жидектер жинау, ескерткіштер мен мұражайларды аралап көру және т.с.с.

Осыған орай, жастарымыздың бүгінгі таңдағы өміріне қатысты ең көкейкесті мәселе – бұл олардың бос уақыттарын дұрыс пайдалана білу мәселесі болып отыр. Жастардың бос уақыттарын дұрыс пайдалана білуі бүгінгі күндері барынша өзекті бола түсуде. Бос уақытты өткізуге байланысты салауатты өмір тұтынушылығына тәрбиелеу – тұлғаны қалыптастырудың басты қағидалық принциптерінің бірі. Бос уақыттың қаншалықты қызықты өтуі өнер үйренуге, шығармашылық мазмұнындағы ізденіске, дене тәрбиесін жетілдіруге бағытталса, ол денені жетілдіруге ғана емес сонымен қатар рухани баюға да мұрындық болады. Жастардың бос уақытының сипаты оның оқу мен өндірістік қызметіндегі мүдделеріне байланысты болуы керек. Егер жас адам енжар, ешқандай ақыл-ой және дене іс-қимылын жұмсаусыз демалыс күнінің негізгі уақытын теледидар алдында өткізіп, уақытты босқа өткізуге салынса, оның еңбектегі белсенділігі де азаяды. Жас адамның бос уақытын дұрыс пайдалана білуі өндірістік қызмет және оқу істерімен байланысты жүргізілсе, тұлғаны сипаттайтын моральдық, рухани жән физикалық сапаның да сапалығы арта түседі. Жастарға оқу, махаббат, бос уақыт т.б. мейлінше қызықты. Сондықтан жастардың уақыт тынысын нәзік сезінуге қабілеттілігіне таң қалуға болмайды [10].

Сондықтан біз жастардың бос уақыттарын тиімді пайдаланып, оларды қоғамдық істерге белсенді түрде жұмылдырудың уақыты өтіп кетті, оның орнына жастарды пессимистік пиғылдарға, бос уақыттың босқа өткізуге итермелейтін дем алудың пассивтік формалары келді деген пікірмен келісе алмаймыз. Жастар арасында бос уақытты қоғамдық пайдалы істерге жұмылдыратын ұйымдық белсенді іс-шаралар тізбегі әлі де болса ұмытыла қойған жоқ.

Болашақ әлеуметтік педагогтардың анимациялық мәдениетін қалыптастыру моделі – қоғамның әлеуметтік тапсырысын, мұғалімдерді дайындаудағы мемстандарттың талаптарын, мұғалім дайындау мақсаттарын және студенттердің жалпы кәсіби іс-әрекеттерді меңгеру деңгейлерін қамтиды.

Педагогтың анимациялық іс-әрекеттінің мәні түрлі элементтердің, үш негізгі ерекше деңгейлердің арақатынасынан көрінеді:

1. Шығармашылық – іс-әрекетте шығармашылық белгілерді қалыптасытруы.
2. Репродуктивті – қарапайым, дайын, өңделген ерте үлгі және қабілет.
3. Репродуктивті – шығармашылық – адам өзі үшін жаңаны тануы.

Анимациялық іс-әрекетті ұйымдастыруда негізгі формалар адам қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған:

- белсенділігін;
- сезімдері мен уайымдауларын;
- қарым-қатынасын;
- шығармашылық өзін-өзі жетілдіруін [11].

Қорыта келгенде, әлеуметтік педагогтың анимациялық іс-әрекеті болып коррекциялық жұмыстарды жүргізе алуы, девиантты мінез-құлықты балалармен әлеуметтік педагогикалық технологиларды пайдалана алуы, әлеуметтік педагогикалық жүйелерді басқаруы, тренингтер, педагогикалық-психологиялық диагностика жүргізуі болып табылады. Әлеуметтік педагог аниматор ретінде көмек көрсету акцияларды, кештерді, іс-шараларды ұйымдастырады. Сөйтіп, кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекетте құрастырушы-моделдеуші шекте жобалау, талдау, болжаушылық қызметтерді бөліп көрсетуге болады. Бұл қызметтер кез келген басқару іс-әрекетінде көрінетін мақсатты пайымдау, болжаушылық, жоспар жасау, шешімді өңдеу және таңдау әрекеттерімен байланысты. Кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекетіндегі аталған қызметтер бос уақыттағы өзара әрекетті ұйымдастыруға бағытталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Актуальные проблемы социально-культурной деятельности / Ред. кол. Т.Г. Киселева (отв. ред.), Б.Г. Мосалев, Ю.А. Стрельцов: Сб. статей. – М.: МГУК, 1995. – 121 с.*
- 2 *Ярошенко Н.Н. Социально-культурная анимация: Учебное пособие. – М.: РЗИ МГУКИ, 2009.*
- 3 *Андреев В.И. Педагогика высшей школы. Инновационно-прогностический курс: учебное пособие. – Казань: Центр инновационных технологий, 2008. – 500 с.*
- 4 *Пинкевич А.С. Основы педагогики. – М., 2009.*
- 5 *Плотникова В.С., Федорова Е.Н. Подготовка будущих педагогов-аниматоров в контексте ценностно-смыслового подхода // Фундаментальные исследования, 2012. – №3.*
- 6 *Тарасов Л.В. Социокультурная анимация: истоки, традиции, современность. – М.: ЦСА «Одухотворение», 2008.*
- 7 *Дедурина Т.В. Функциональный подход к развитию анимационной деятельности учреждений культуры: социально-культурный аспект. Дисс... канд. пед. наук. – М., 2009.*
- 8 *Денисов Н.Г. Субъекты социокультурного развития для XXI века: региональные аспекты. – Краснодар, Кубань, 1999.*
- 9 *Жаркова Л.С. Деятельность учреждений культуры. – М.: МГУКИ, 2000.*
- 10 *Ярошенко Н.Н. Социально-культурная анимация: Учебное пособие. – М.: РЗИ МГУКИ, 2009.*
- 11 *Жарков А.Д. Технология культурно-досуговой деятельности. – М.: Изд-во «Профиздат», 2000. – 287 с.*

У.Б. Толешова¹, Н.Б. Токсанбаева²

^{1,2}Казахский Национальный Университет им. аль-Фараби

ОСОБЕННОСТИ АНИМАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РАБОТЕ СОЦИАЛЬНОГО ПЕДАГОГА

Резюме

В статье определена сущность понятий «анимация», а также дается краткий обзор истории анимации. Рассмотрена специфика анимационной деятельности. Актуальность данной статьи обуславливается тем, что досуговая сфера, являясь одной из важнейших сфер жизнедеятельности человека, оказывает большое влияние на развитие личности. Анимационную деятельность следует рассматривать как сложную систему, структура (организация) которой представляет собой процесс, протекающий в определенной области непрерывной культурно-творческой развивающейся среды. Аниматор-«вдохновитель» является носителем среды вдохновения, одухотворения. Анимационная деятельность – это «синергетическое приключение»

человека, при котором в самом человеке обнаруживаются скрытые установки (структуры-аттракторы) на благоприятное и здоровое будущее, которое становится способом увидеть мир по-другому, активно встроиться в этот мир, рассмотреть старые проблемы в новом свете, переформулировать вопросы, переконструировать проблемное поле.

Ключевые слова: анимация, анимационная деятельность, игра и актерское мастерство, досуг

U.B. Toleshova¹, N.B. Toksanbaeva²

^{1,2}al-Farabi Kazakh National University

FEATURES OF ANIMATION ACTIVITIES IN THE WORK OF A SOCIAL PEDAGOGUE

Summary

The article defines the essence of "animation" ,as well as a brief overview of the history of animation. The peculiarities of animation activities. The relevance of this article is due to the fact that the leisure sphere, being one of the most important spheres of human life, has a great influence on the development of the individual. Animation activity should be viewed as a complex system, the structure (organization) of which is a process that takes place in a certain area of a continuous cultural and creative developing environment. Animator-"inspirer" is such a "spot organization", the bearer of the environment of inspiration, spiritualization. Animation activity is a "synergistic adventure" of a person, in which the person reveals hidden attitudes (structures-attractors) to a favorable and healthy future, which becomes a way to see the world differently, to actively integrate into this world, to consider old problems in a new light, reformulate the issues, re-engineer the problem field.

Keywords: animation, animation activities, play and drama

МРНТИ 15.41.21

Р.К. Анаятова¹, Қ.М. Есенманова²

*^{1,2}Азаматтық Авиация Академиясы
Алматы, Қазақстан*

КӨП МӘДЕНИЕТТІ ОРТАНЫҢ ТҮЛҒА ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ

Аңдатпа

Мақалада тұлғаны көп мәдениетті орта арқылы дамыту мәселесін зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасай отырып өзіндік ойын ұсынылған.

Түйін сөздер: көпмәдениеттілік, ұлттық мәдениет, тұлға, жастар, құндылық

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих тағылымы» атты еңбегінде «оннан аса ұлттардан тұратын евразиялық көпмәдениеттілік шын мәнісінде адамзат рухының ең қымбат баға жетпес құндылығы болып табылады, барлығымыз да осыны сақтауға, көбейтуге тиіспіз» деп атап өткен. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі тек педагогикалық қана емес, сондай-ақ саяси, әлеуметтік және философиялық идеялар негізінде құрылуда. Білім беру үдерісінің өзі тұтас жалпы мәдени бастауларға ие тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін жаңа педагогикалық міндеттермен тығыз байланыста болып отыр [1].

«ҚР гуманитарлық білім беру концепциясында» және жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттары, оқу бағдарламалары, жоспарларында тілді меңгеру арқылы жан-жақты тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеу және олардың танымын, ой-өрісін кеңейту мақсаттарын көздейді.

Ұлттық мәдениет және ұлттық тіл ұлттарды біріктірудің маңызды психологиялық факторы. Ұлттық мәдениет – ұлттың материалдық және рухани құндылықтарының жиынтығы болып табылады. Ұлттық мәдениет қандай да бір ұлт өкілдерінің қызығушылықтары мен ойлауының ерекшеліктерінен, олардың тұрмыстық және өмірлік стереотиптерінен, моральдық нормаларынан, сонымен қатар тұлғааралық және топаралық әрекеттерінің ерекшеліктерінен көрініс береді. Қандай да бір этникалық бірлік өкілдерінің мінез-құлықтарының типі, олардың өмірлік іс-әрекеттері ұлттық мәдениетке негізделген. Ұлттық мәдениет ұлт өкілдерінің белгілі бір ерекше қасиеттерін, нормалары мен құндылықтарын тәрбиелейді.

Бүгінгі жаһандану үдерісі жағдайында, яғни көп ұлтты мемлекет мазмұнының көпмәдениеттілікпен айшықталуы тәрбие мазмұнына да өзгерістер алып келеді. Бұл өзгерістер көпмәдениетті ортаға тікелей байланысты, ол өз кезегінде қоғамның әл-ауқатының өркендеуіне және әлеуметтік жағдайдың дамуына ықпал етеді. Демек, барлық халықтың мойындауға тиісті ереже, қағидаларының бірлігі толеранттық, бейбітшілік, өзарасыйластық тұрғысында мәдениеті ортақ ел қалыптастырудың философиялық-дүниетанымдық негізін құрау қажетті болып отыр.

Зерттеу мәселесінің мазмұнын ашу мақсатында біз кілттік сөздердің мәнін ашу қажеттілігін жөн көрдік. Алдымен көпмәдениеттілік дегеніміз не?

Көпмәдениеттілік дегеніміз әртүрлі дәстүрлерді ескере отырып, ортақ іс-әрекеттер жасау, игеру. Яғни, ұлттардың бір-бірінің тілін, дінін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын құрметтеуі.

Көпмәдениетті орта дегеніміз әртүрлі мәдениеттің элементтері мазмұндалған, жастарды жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды, әлеуметтік, мәдени дәстүрлерді бағалауға үйрететін орта. Көпмәдениетті орта, көптеген мәдениеттердің қиылысуы, ол өз кезегінде бірнеше әлеуметтік маңызды потенциалды қамтиды: толеранттылық, эмпатия, әлеуметтік белсенділік, мобильділік, ийлігіштік, өзіндік реттеу сияқты сапа қасиеттерді қалыптастыру; мәдени және әлеуметтік кеңістікте өмірлік тәжірибе жинақтау; жоғары сынып оқушыларын әлеуметтік ортада белсенді, тиімді іс-әрекет жасауға, әртүрлі көзқарастағы, статустағы адамдармен қарым-қатынас жасау.

Көпмәдениетті орта ұғымымен қатар көпмәдениетті кеңістік ұғымы қолданыста. Мысалы, Ресей ғалымдары: Р.Л. Агишева, О.В. Аракелян, В.А. Ершов, И.В. Колоколова, Т.Ф. Борисова, В.К. Шаповалов және тағы басқалардың еңбектерінде көпмәдениетті кеңістік ұғымы қолданылған. Көпмәдениетті кеңістік ретінде, олар көпмәдениетті ортаны алған.

Көпмәдениетті орта, адамдардың өмір сүруінің жиынтығы ретінде, өзіндік өнім береді, айталық: ұлттар, этностар арасындағы жағымды қарым-қатынас; мәдени ошақтардың бірлігі; халықтар достастығы және т.б. Жалпы «орта» деген ұғым географиялық, биологиялық, педагогикалық, әлеуметтік, заң, медициналық әдебиеттерді кең таралған. Бұл ұғым ішкі бір нәрсенің адамға немесе адамдарды қоршаған нәрсеге қатынасы бойынша қолданылады. Яғни, орта нысанның құрамындағы субъектіден тыс зерттелетін нәрсе. Ол кез-келген қоршаған орта – достар, отбасы, еңбек ұжымы, мекен-жай, көршілер, табиғат, климат, өнер орталықтары, мәдениет ошақтары және т.б.

Көпмәдениеттілік стратегиясы ЮНЕСКО-ның қабылдаған мәдениеттердің көптүрлілігі туралы декларациясы бойынша мына төрт принциптерге негізделуі тиіс:

1. Дәстүрлерді қорғау принципі адам баласының дамып-өсуіне керітартпалық ықпал етуі мүмкін.

2. Дүниедегі бар айырмашылықтар мен көптүрлілікті қадірлеу және құрметтеу қажет.

3. Көптүрлілік өзара тәуелді Әлемде өсіп-өркендейді, яғни адамдардың өзара сәйкестіліктері біршама болатын және бірінің орнын бірі басатын, сонымен қатар, өздерін тек жергілікті қауымдастықтың немесе өз елінің және де бүкіл адамзаттың бір бөлігі деп есептейтін Әлемде.

4. Экономика және саясат аймақтарындағы диспропорция мен теңсіздік шамаларының азайтылуымен кедей және әлсіз қауымдастықтарға деген қауіп-қатер саны азаяды.

А.И. Садокин бастаған бір топ авторлар Жаһандану үдерісінің кең ауқымды кеңістікті алудың негізгі 5 типін айқындаған:

1. Көшпелі халықтардың (арийлықтар, арабтар, моңғолдар, германдықтар және түрік тайпалары) әрекетімен байланысты;

2. Аграрлық империяларға (мысырлықтар, үндістер, қытайлықтар, парсылар, гректер және римдіктер) байланысты;

3. Сауда-саттылым керуен жолдарына байланысты (Ұлы Жібек жолы);

4. Индустрия империяларға байланысты (Ресей елі, Жапон елі, Еуропа елдері және Америка елдері);

5. Ақпарат империяларына байланысты (Ақпараттарды бүкіл дүниежүзіне таратуға мүмкіндігі бар елдер) деп топтастырады.

Ал, К.Лялюмьер «Мәдени өзіндік және мәдениеттің алуан түрлі болуы халықтарға өзіндік өзгешелікті сақтауға және өзгелерге ешбір кедергілерге кездеспей ашық сұхбаттасуға мүмкіндік береді. ... мәдениет бізді айнала қоршаған ортада кездескендіктен, оны жай қарапайым заттарға немесе сауда-саттылымның объекті ретінде қарастыру дұрыс болмайды» деген пікірін білдіреді.

«Көпмәдениеттілік» ұғымы бір жағынан тұлғаның сапалық жүйесінің мәдениеттілік деңгейін құрайды, оның негізінде интеграциялық зерттеу аспектілері оқытылып, адамда басқа да

мәдениеттер туралы пікір қалыптасады. Яғни, бір мемлекеттің мәдениетін меңгеруде адамдардың көп білімділік деңгейі ажыратылады.

Батыстық қоғамнан кейін дебаттар мен пікірталастардан соң ғылыми ізденістер негізінде 1990 жылдан көпэтникалық білім беру сатысынан өтті. Әрбір адамдар мен топтар арасындағы этникалық қатынастар мен конфликтілерді реттеу мен орнықтыруда әрбір ұлттық мәдениет ерекшеліктері байқалады. Көпэтникалық білім беруге байланысты көпмәдениеттіліктің ауқымы кеңейе түседі. Осыдан барып көпмәдениеттілік білім беру (multicultural education) мәселесі әлем педагогикасында 1960 жылдан бастап қарастырылса, Ресейде 1990 жылдары ғылыми дәлелдене бастады. Алғаш рет 1977 жылы өлшемді анықтама беріліп, тәрбие педагогикалық үдерістің мазмұндылық және ұйымдастырушылығына кіреді, одан екі немесе одан да көп мәдениеттер тілдік, этностық, ұлттық ерекшеліктермен ерекшеленеді.

Көпмәдениеттілік тәрбие – белсенді әлеуметтік-педагогикалық ортада, белгілі бір уақытта мәнді бірнеше құндылықтарға, негізгі мақсатқа және жетістіктерге, әрбір субъектігі жеткілікті тәрбие аймағында, сондай-ақ өзара диалогтық қатынаста қалыптасады. Көпмәдениеттілік тәрбие-әлеуметтік білімдендіру және саяси, тәжірибелік тәрбие беру, негізгі алдыңғы қатарлы әлеуметтік-құндылықтардың мазмұндық формаларын, қарым-қатынас арақашықтығы мен құрылымын және демократиялық механизмді өндіру мен реттеу шешімімен қамтамасыз ету.

Т.Ф. Борисов зерттеуінде оқушылардың қарым-қатынас және көпұлттық байланысын жетілдіруде педагогтардың білімін көтеру мен гимназияда оқытылатын оқу пәндерінің мазмұнынан нені білу керектігін біліп, білімдендіруде әлеует және адамға керектігін, оның қабілеттілігін тез аңғарып оны дамытуда көпмәдениетті білім беру қажеттілігінің арақатынасын сипаттайды.

Көпмәдениетті білім беруде аймақтық ерекшеліктері мен қоғамдық мәдени және мемлекеттің жекедаралық жетістіктері тұлғаның адамгершілік қабілеттерін дамытуға әсерін тигізері анық.

Жастарды көпмәдениетті ортада адамгершілікке тәрбиелеудің алғашқы қадамын жасау – мектеп борышы, сондай-ақ бұл мектеп мұғалімдерінің қабілетін қажет етеді. Мектепке мұрындық болу үшін, әрбір қоғам мүшесі жас ұрпақты тәрбиелеу борышын терең ұғынып, жауапкершілікті бірдей сезінсе, жалпы білім беретін мектептер- рухани байлық ошағы болмақ. Білім негізін қалайтын жалпы білім беретін мектептер рухани байлығымыздың бастауы және ошағы деп атауымыздың себебі, жас ұрпағымыз өз тілін, ділін құрметтеп және өткен рухани байлығымыздың нәрімен осында сусындап, келешекте ұлтымыздың тәлім-тәрбиесін дамытып, жалғастыратын, ұлт тілегін орындайтын жастарымыз, осы мектептерден шығады. Олай болса, көпмәдениетті ортада тәрбиелеудің негізгі бағыттары қандай, оны төмендегі сызбадан көруге болады.

Адамды тәрбиелеу үдерісі оның көптеген факторлармен, топтармен, ұйымдармен, өзара әрекеттенуімен сонымен қатар түрлі құралдар мен механизмдердің көмегімен жүзеге асады. Олармен өзара әрекеттесуі, олардың адамға ықпал етуі, әр кезеңде бірін-бірі толықтырып қана қоймай, белгілі бір шекте үйлеспей, бір-біріне қарама-қайшы болып жатады. Бұл өзара әрекеттестіктің қалай жүзеге асып жатқандығына яғни, ретсіз, салыстырмалы түрде бағытталған немесе салыстырмалы түрде бағаланатындығына орай адамның өмір бойы өзін-өзі өзгертуі, тұтастай алғанда оның тәрбиесі көп жағдайда осыларға байланысты болып келеді. Тұлға тәрбиесіне субъект – объектілік амал тұрғысынан қарағанда ол қоғам талап ететін және статусына орай белгілі бір қасиеттердің қалыптастырылуы деп түсінуге болады. Қазіргі көпмәдениетті ортада тәрбиені тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін адамның сипаттамасы ретінде, өзінің құндылық бағдарын өзгерте алу қабілеттігі, өзінің құндылықтары мен рөлдік талаптар арасындағы тепе-теңдікті таба алу іскерлігі, нақты талаптарға емес, әмбебап моральды адами құндылықтарды түсінуге бағдарлануын және жоғары мәдениеттілігін қабылдауға болады.

Қарапайым тілмен айтсақ, біз бәріміз адамбыз, біздің арамыздағы айырмашылықтар (мәдени, этникалық жыныстық, ұлттық діни, саяси идеялогиялық, жас мөлшері т.б.) бізді біріктіретін нәрселерге, біздің жалпы адамзат тегіне тәсілімізге қарағанда сондай маңызды емес деген қарапайым да, айқын ойдан бастау алады. Құндылық әртүрлі мәдениеттердің, яғни адамдардың бірлесіп өмір сүру барысында белгілі қарым-қатынасының қалыптасуына негізделеді. Яғни толеранттылық төзімділік деген мағынаны білдіреді. Төзімділік білдіріп рақымды көршілер сияқты бір-бірімен бейбіт өмір сүру. Төзімділік қағидасы адамдардың бейбіт түрде қатар өмір сүру қағидасының халықаралық қатнастар мен халықаралық саясаттың жаңа, өзгеріске ұшыраған жағдайдағы белгілі бір дәрежедегі көрінісі болып табылады деп жорамалдауға болады. Идея қағидалардың үлгісі ретінде өркениетті сақтау үшін мемлекеттер арасындағы қатынастарға

адамгершілік сипат беру қажеттілігі туған кезде ерекше мағынаға ие болады. Олай болса, мәдениет өлшемінің бірі де әр халықтың адамгершілік қасиеті, оның өлшемі іс-әрекет, қарым-қатынас болып табылады. Өмірде адам баласы мәдениеті арқылы сипатталып, бағаланады, сондықтан біз жастарды көпмәдениетті орта арқылы тәрбиелеуіміз қажет және жағымды қарым-қатынас жасауға үйретуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030 стратегиялық бағдарламасы: Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы, 1997. – 96 б.

2 Бэнкс Д. Многокультурное образование: цели и измерения // Новые ценности образования. – М.: Инноватор, 1996. – №4. – 15-20.

3 Гукаленко О.В. Поликультурное образование: теория и практика: Монография. – Ростов-на-Дону: Изд-во РГПУ, 2003. – 512 с.

4 Крылова Н.Б. Формирование культуры будущего специалиста: Метод. пособие. – М.: Высш. шк., 1990. – 142 с.

Р.К. Анаятова¹, К.М. Есенаманова²

^{1,2}Академия гражданской авиации

ВЛИЯНИЕ МУЛЬТИКУЛЬТУРНОЙ СРЕДЫ НА РАЗВИТИЕ ЛИЧНОСТИ

Резюме

В данной статье анализируются труды отечественных и зарубежных ученых по проблеме формирования личности через мультикультурную среду.

Ключевые слова: мультикультура, национальная культура, личность, молодежь, ценность

R.K. Anayatova¹, K.M. Ezenamanova²

^{1,2}Academy of civil aviation

INFLUENCE OF MULTICULTURAL ENVIRONMENT OF PERSONALITY DEVELOPMENT

Summary

In this article analyzing the domestic and foreign scholars on the issue of identity formation through a multicultural environment that provided their own vision of the author.

Keywords: multiculturalism, national culture, personality, youth, value

УДК 159.9.072.43

А.Ж. Аплашова¹, Г.Т. Топанова²

^{1,2}Павлодарский государственный педагогический институт

СИНДРОМ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ВЫГОРАНИЯ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПСИХОЛОГА

Аннотация

Настоящая научная статья посвящена изучению влияния эмоционального выгорания на деятельность психолога. Целью данной статьи является изучение влияния профессиональной деятельности психолога на его психологическое здоровье. По результатам исследования было определено, что стрессогенные факторы влияют на психологическое здоровье психолога. У психологов с высоким уровнем «эмоционального выгорания» проявляются негативные черты личности: высокий уровень тревожности, агрессии, эмоциональная неустойчивость, низкая самооценка, низкая стрессоустойчивость.

Ключевые слова: синдром выгорания, психологическое здоровье, эмоциональное выгорание, стрессогенность, стрессоустойчивость

Профессиональная деятельность психолога связана с познанием сугубо индивидуальных личностных особенностей людей, их глубоких внутренних переживаний и состояний. В процессе работы психолог оперирует информацией, небрежное использование которой порой может нанести вред отдельным людям, семьям, коллективам, авторитету самой психологии. В то же время психолог должен вырабатывать предложения и рекомендации должностным лицам, предоставлять им необходимые данные о работниках в интересах принятия управленческих решений, обеспечения учебной и воспитательной работы с ними, самостоятельно осуществлять целенаправленное вмешательство в их мысли, чувства, мировоззрение, поведение.

Профессиональное развитие психолога является гарантом сохранения им своего здоровья. Понятие профессионального здоровья интегрирует сложные взаимоотношения человека с профессиональной средой и является мерой согласованности социальных потребностей общества и возможностей человека в условиях профессиональной деятельности. Особую актуальность проблема профессионального здоровья приобретает в отношении тех людей, чья профессиональная деятельность протекает в стрессовых условиях. К ним, в частности, относится профессиональная деятельность психологов, чья работа напрямую связана со стрессогенными воздействиями вследствие специфики профессии. При выполнении ряда своих обязанностей, психолог имеет дело с негативными переживаниями людей и вовлекается в них, подвергая риску собственную эмоциональную устойчивость. Таким образом, синдром выгорания является неотъемлемой частью профессиональной деятельности психологов.

Термин «эмоциональное выгорание» был введен американским психиатром Х.Дж. Фрейденбергером в 1974 году для характеристики психологического состояния здоровых людей, находящихся в интенсивном и тесном общении с клиентами, пациентами в эмоционально насыщенной атмосфере при оказании профессиональной помощи. Первоначально этот термин определялся как состояние изнеможения, истощения с ощущением собственной бесполезности.

Позже вопросами эмоционального выгорания занимались такие видные ученые, как Э.Морроу, К.Маслач, В.Бойко и др. [1, 2]. Проблема эмоционального выгорания и взаимосвязи познавательной и эмоционально-волевой сфер в настоящее время рассматривается казахстанскими психологами Ж.И. Намазбаевой и Т.Ш. Исабековой [3].

Понятие выгорания обычно используется для обозначения переживаемого человеком состояния физического, эмоционального и психического истощения, вызываемого длительной включенностью в ситуации, содержащие высокие эмоциональные требования, которые в свою очередь наиболее часто являются следствием сочетания чрезмерно высоких эмоциональных затрат с хроническими ситуационными стрессами.

На основе анализа психолого-педагогической литературы по проблеме влияния профессиональной деятельности психолога на его психологическое здоровье мы пришли к заключению, что психологическое обеспечение профессиональной деятельности в настоящее время тесно связано с проблемой сохранения здоровья профессионала. Целесообразно говорить о взаимосвязи: с одной стороны, очевидно, что состояние здоровья оказывает существенное влияние на процесс и результат деятельности, с другой, профессиональная деятельность воздействует на здоровье работника.

Синдром профессионального выгорания – это неблагоприятная реакция на рабочие стрессы, включающая в себя психологические, психофизиологические и поведенческие компоненты. По данным Американской психологической ассоциации (2014 год), признаки выгорания психологов включают: потерю удовольствия в работе; депрессию (нарушение сна или аппетита, летаргия, негативное настроение); неспособность сосредоточиться; забывчивость; тревожность; использование, злоупотребление психоактивными веществами; более частые клинические ошибки; меньше контактов с коллегами; трудоголизм; упорные мысли о клиентах и их клинических материалах; интрузивные образы из травматического материала клиентов; повышенный цинизм, чрезмерно обобщенные отрицательные убеждения; хроническую раздражительность, нетерпение; повышенную реактивность и потерю перспектив в работе; суицидальные мысли.

Работа психолога предъявляет жесткие требования к психофизиологическим особенностям специалиста-профессионала и требует научно обоснованные методы отбора, адаптации специалиста психологов и профилактики синдрома «выгорание». На сегодняшний день насчитывается незначительное число работ, посвященных изучению стрессоустойчивости в профессиональной деятельности психологов, что свидетельствует о недостаточном внимании, уделяемом исследователями разработке данной проблемы.

Для выявления симптомов выгорания, на базе Павлодарского института повышения квалификации педагогических кадров, было проведено исследование. В эксперименте приняли участие 25 человек – психологи среднеобразовательных школ, имеющие стаж работы 8-10 лет, в возрасте 28-47 лет. Как метод исследования была применена методика «Опросник на выгорание МВІ», а также фиксировались наблюдения за поведением психологов на практическом семинаре, где они присутствовали в качестве слушателей курсов.

Авторами методики «Опросник на выгорание МВІ» являются американские психологи К.Маслач и С.Джексон. Она предназначена для измерения степени «выгорания» в профессиях типа «человек-человек». Опросник имеет три шкалы: «эмоциональное истощение»; «деперсонализация»; «редукция личных достижений». В нашем исследовании мы использовали адаптированный вариант теста, автором которого является Водопьянова Н.Е. [5].

Тілекті дұрыс тілей білу шарт. Оны тілек тілеу сауаты деп атаймыз. Сауатты тілек толық болады. Ең әуелі тілекті нақтылау қажет. Ол қолжетімді, орындалуы айқын әрі өлшенетіндей болуы шарт. Екіншіден, әр нәрсенің мерзімі, уақыты болады. Оны ашып көрсету керек. Үшіншіден, тілек тілеу әдебін ұстанған жөн. Сіздің тілегіңіз ешкімге зиянын тигізбейтіндей, өмір талаптары мен кеңістік заңдарына қайшы келмейтіндей болуы қажет. Олай болмаған жағдайда адам келеңсіздіктердің шырғауына оратылуы әбден мүмкін. Тілек мақсаты жақсылық дәнін себу; өсу, өркендеу, даму, гүлденуге бағытталу; жеңіс, бақыт, шаттыққа негізделуі шарт. Сондықтан, тілек тілегенде жағымды жағдайды тілеңіз және «тек», «тек қана» сынды шектеулерден арылыңыз. Төртіншіден, болымсыз есімдіктен аулақ болу, оларды мүлдем қолданбау. Басталмастан жатып болмысына шектеу қояр тілек кісіні қуантудың орнына қынжылтады. Себебі ауыздан шыққан әрбір сөздің әуелгі мағынасы маңызды! Тілек тілеу сауатын игеру нәтижесінде тұлғаның жауапкершілігі күшейіп, әрбір іс-әрекетін саналы түрде басқара алатын болады; өзіндік дамумен қатар, айналасына оң ықпал ету қабілеті артады. Әр жеке сананың сәулеленуі негізінде қоғамдық сана кемелденеді.

Сонымен, адам санасын жаңғыртудың заманауи психологиялық құралдары ретінде, ниет тазалығы, жауапкершілікті сезіну, оң тілек және өз құдыреттілігіне сенім сынды категорияларды қарастырдық. Олардың әрқайсысы бір-бірімен тығыз байланысты, әрі біріне бірі жалғасып, адамды тазалыққа, мейірімге, бақыт пен бақуаттылыққа кәміл жетелейтін кемел қасиеттер.

Түйін сөздер: сана, рух, ниет, тілек, таным, жауапкершілік, ұғыну, әдеп, мәдениет, қуат, әлеует, сенім, құдірет, қасиет, тазару

Zh.A. Uskenbaeva¹, M.P. Ospanbaeva², A.Zh. Kultaeva³

^{1,2,3}Institute for training of pedagogical workers

MODERN PSYCHOLOGICAL MEANS OF MODERNIZATION OF CONSCIOUSNESS

Summary

A modern person should be motivated to succeed, to realize his actions, to be responsible for each of his steps (thought forms) and to predict the expected result. Because they are the conditions for success in a changing world. And the possibility of achieving them is in the process of exteriorization, that is, the embodiment of the internal plan for concrete actions. Purity of thoughts is the naive path to awareness. A person with pure intent can achieve illumination. A conscious person is able to awaken a multitude of other consciousnesses. And behind this lies the desire, the choice. All the blessings of mankind are realized directly through intentions.

You need to be able to correctly guess the desire. To do this, first of all, you need to refine the query. It must be accessible, specific and measurable. Secondly, you need to determine the time and time of execution. Third, one should adhere to ethics and tact. Your wishes should not harm anyone, and do not contradict the laws of the universe. Otherwise, they can adversely affect the situation. The desire should be aimed at good, growth, prosperity, development. Do not use the adverb "only", since it has a restrictive character. Fourth, avoid the use of a "not" particle. Forming a desire, it is necessary to build a sentence so that it does not contain a negative particle. As a result of mastering the correct algorithm of guessing the desire, responsibility, conscious control of one's action is increased; self-regulation and a positive influence on a close environment. With the process of enlightening each individual consciousness, public consciousness is being perfected.

Thus, as modern psychological tools for the modernization of the consciousness of the person, intentions, desires, responsibility, faith, awareness are made. Each of them is closely related to each other, and are perfect personality traits leading to success, prosperity and harmony.

Keywords: consciousness, spirit, intention, desire, cognition, responsibility, awareness, tact, culture, energy, potential, faith, power, dignity, purification

ӘОЖ: 1.159.9:316.6

А.Ж. Аяганова¹

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан

ТҰЛҒАНЫҢ АУТОДЕСТРУКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада тұлғаның аутодеструктивті мінез-құлығын зерттеу мәселелері қарастырылады. Аутодеструктивті мінез-құлық сипаттары жетекші ғалымдардың көзқарасында талданады. Қазіргі күні

тұлғаның қарқынды әлеуметтену функциясын бұзатын ауытқушы мінез-құлығы көптеген ғылымдардың (философия, медицина, педагогика, әлеуметтану, заң) зерттеу нысанына айналып отыр. Бұл мақала мазмұны қарастырылып отырған мәселені әлеуметтік-психологиялық сипатта тұжырымдауға бағытталады.

Бұл мақалада аутодеструктивті мінез-құлық әлеуметтену үдерісінде және әрбір жас кезеңінде тұлға құрылымының өзгерістері туындауында мәнді рөлге ие екендігі қарастырылады.

Жаһандану жағдайында тұлғаның мінез өзгерістерінің, әсіресе оның жағымсыз жақтарының алдын алу мәселесі көңіл аудартып отырғаны белгілі. Сонымен қатар, мінезінде ауытқуы бар ұрпақты тәрбиелеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осы орайда, мақалада аутодеструктивті мінез-құлық анықтамалары, туындау себептері мен салдарларына байланысты теориялық зерттеулер жүйеленеді. Мақала мазмұны аутодеструктивті мінез-құлықты болдырмай, ұлт денсаулығын психологиялық сипатта сауықтыру міндетін алға тартады.

Түйін сөздер: деструкция, аутодеструктивті мінез-құлық, психикалық бұзылыстар, психологиялық денсаулық, әлеуметтену, дезадаптация

Бүгінгі күні қоғамда адамның өмірлік әрекеттерінің әлеуметтік-экономикалық және психологиялық трансформациялары жүзеге асып отыр. Мұның салдарынан тұрғындардың әлеуметтік бағдарлана алмауы мен дезадаптациясы туындайды. Бұл деструктивті психикалық процесстердің дамуынан және адам мінез-құлығының аутодеструктивті формасының өсуінен көрінуде. Соңғы онжылдықта адам мінез-құлығының аутодеструктивтілік мәселесі өршіп, жалпыға тән құбылыс ретінде сипат алып, жеке жағдайда мемлекетке қауіп-қатерді төндіруде. Осы орайда, бір жағынан деструктивті мінез-құлықтың дамуына әсер етуші факторлар мен жағдайларды меңгеру, аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім адамдардың психологиялық ерекшеліктерін түсіну, екінші жағынан, жаңа өзгерген әлеуметтік жағдайлардағы бейімделуде қиындықтарды сезінетіндерге психологиялық көмек беру, алдын алу және психокоррекциялау мәселесі өзінің өзектілігін туындатты.

«Деструкция» (лат. – destructio) ұғымы барлық ғылым саласында қандай да бір қалыпты құрылымды «бұзу» немесе «қиратуды» білдіреді. Егер бұл ұғымды біз психологиялық мәнмәтінде қарастыратын болсақ, онда бұзуға және зиян келтіруге бағытталу немесе басқа адамның тұлғасына озбырлық көрсету болып табылады. Дегенмен, сырттай деструктивті мінез-құлық формалары құқықтық, моральдік-этикалық және мәдени нормаларға қайшы келмей, тұлғаның тұтастығын бұзып, оның дамуын тежеп және белгілі бір дәрежеде тұлғааралық қарым-қатынасты қиындатады. Тар мағынада деструктивті мінез-құлық «қирату мен субъектінің өзіне немесе өзгелерге зиян келтіруі, қоғам қабылдаған нормадан ауытқуы, өзінің мінез-құлығын реттеуі мен бақылауының жоғалуы» болып табылады. Сонымен қатар, деструктивті мінез-құлықтың субъектісі мен объектісі бір адам болуы мүмкін. Бұл жағдайда біз аутодеструкция туралы айтқанда адам әрекеті талданып, оның нәтижесі өзіндік зиян келтіруге немесе өзінің өліміне әкеп соқтыратындығын сөз етеміз. Аутодеструктивті мінез-құлықтың шектен шыққан көріністері суицид болып табылады – өлімге тікелей алып келетін саналы, ниеттелген әрекет актісі.

Өртүрлі аутодеструктивті мінез-құлық формаларының қалыптасу детерминанттарына шиеленіске әсерлену жағдайында психологиялық жайсыздыққа, психосоматикалық бұзылыстарға, сондай-ақ, жекелей немесе толықтай адаптациялық механизмдер әрекетінің ауытқуына алып келетін әлеуметтік және рухани қажеттіліктердің оқшаулануына кіреді. Нәтижесінде адамдардың кейбір бөлігінде мінез-құлықтың санадан тысқары көрінісі басым болу жағына қарай қозғалады. Бұл аутодеструктивті мінез-құлықтың туындауының қайнар көзіне айналады.

Кеңестік және шетелдік зерттеулерге сүйенетін болсақ, аутодеструктивті мінез-құлықтың мәнін девиантты мінез-құлық, аутоагрессия, дезадаптация, тұлғаның анамальді дамуы және «психологиялық денсаулықтың болмауы» деген ұғыммен арақатынаста анықтайды.

Ғылыми зерттеулерде аутодеструктивті мінез-құлықтың тар және кең мағынада түсіну жағдайы бар. Бірінші жағдайда физикалық бұзылыстарға жоғары тәуекелдікпен байланысты белсенділік (В.А. Тихоненко [1]). Екінші жағдайда бұл тек өмір үшін қауіпті емес, сонымен қатар, индивидті ертерек физикалық өлімге бағыттауға мүмкіндік беретін шынайы және әлеуметтік-еріктік бақылауы бар кез-келген әрекеттер (Н.Табачник [2]).

Жалпы алғанда аутодеструктивті мінез-құлық – бұл әлеуметтік орта жағдайларына тұлғаның бейімделе алмаушылық қабілетінің көріністері. А.Г. Амбрумова [3] еңбектегінде деструкция – бұл әлеуметтік шындайтын тұлғаның әлеуметтік-психологиялық дезадаптациясы.

Көптеген зерттеулерде аутодеструктивті мінез-құлық мәні тұлғалық денсаулықтың болмауы, тіршілік етуден бас тарту, рухани және адамгершілік шығындардың өту ауыр қалпына келуіндегі

көріністер ретінде ашылады (Б.С. Братусь [4]). Аутодеструктивті мінез-құлықты анықтауға бағытталған зерттеулерді талдау нәтижесінде бұрмаланған әлеуметтенудің интегральді көрсеткіші деген тұжырым жасауға болады.

Әлеуметтенудің бұрмалануы оның негізгі функциясының бұзылуына алып келеді: әлеуметтік жағдаятты адекватты бейнелеуде тұлғаның қалыптасуы, маңызды қоғамдық міндеттер шешуді өз қолына алу жағдайы және өзінің руханилығын социумда көрсетуі.

Тұлғаның аутодеструктивті мінез-құлығы – бұл әлеуметтік нормаларға қарама-қайшы келетін қылықтар жүйесі түрінде және әлеуметтену үдерісінің бұрмалануында көрініс береді. Мұның нәтижесінде тұлға ерікті және еріксіз өзінің физикалық, психологиялық және әлеуметтік саулығына мәнді зиян келтіреді.

Аутодеструкцияның күрделілік және көпаспектілі феноменін оның көптеген мынадай детерминанттары анықтайды: а) оқыту және тәрбие үдерісі жүзеге асатын шағын және үлкен оәлеуметтік жағдаяттар ерекшеліктері; ә) адаптациялық стратегияны анықтайтын тұлғалық ерекшеліктер, яғни, бағыттылық пен белсенділік формасы.

Аутодеструкцияның қалыптасуы мен бекуіне социумның әсері біршама зерттеулерде талданады (Ю.А. Клейберг [5]; В.Т. Кондратенко [6]).

Ғылыми зерттеулерде аутодеструктивті белсенділікке қозғаушы күш болатын тұлғалық қасиеттерге назар аударылады. Аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім тұлғаларға жағымсыз өзіндік қатынас, адекватты емес өзіндік бағалау, сыртқы дүниеге экстрапунитивті (қоршағандарға агрессия жолымен аффект күші) ыңғайлану және өзіне интрапунитивті (өзіне жарақат түсіру жолындағы аффект күші) қатынас, өзінің өміріне немқұрайлы қатынас сипатты болып табылады (Т.Н. Горобец [7]). Ауытқушы мінез-құлықта тұлға қобалжуларының рөлі ерекше атап көрсетіледі. Әсіресе бейімделуді қиындататын жеткіншектік кезеңдегі мінез акцентуациясының мәліметтері ұсынылған.

Аутодеструкция феноменін зерттеудің өзекті бағыттары психология ғылымының әртүрлі саласында қалыптасқан – жас, педагогикалық, әлеуметтік, клиникалық психология, еңбек психологиясы. Әсіресе, аутодеструктивті мінез-құлық табиғаты туралы теориялық тұжырымдар психологиялы ғылымының тарихи қалыптасқан бағыттары мен мектептерінде зерттелді.

Психоанализ бағытында адамзат деструкциясында әртүрлі табиғаттағы конфликтілер алға шығады. Олардың динамикасында ата-аналар мәнді рөлге ие. Теорияда бүкіл өмір ағымында ата-анамен қарым-қатынастағы баланың қобалжуларының әсеріне екпін беріледі. Белгілі ғалым Э.Фромм деструктивтілікті қазіргі қоғамның әлеуметтік құрылымдарымен үйлесімділікке қол жеткізе алмаумен байланыстырады [8].

Гуманистік психологияда мінез-құлықтық бұзылыстар өзі туралы шынайы көзқарастардың болмауы, өзіндік жүзеге асыру ұмтылыстары мен сыртқы бағалауға тәуелділік арасындағы конфликтімен негізделеді. В.Франкл бойынша аутодеструктивті мінез-құлық экзистенциалды фрустрацияның салдары болып табылады [9].

Аутодеструктивті мінез-құлықтың барлық формасы көрсеткіштерінің өсуі статистикалық мәліметтермен де дәлелденіп отыр. Мұның барлығы тек ғана теориялық-әдіснамалық қажеттілікпен негізделіп ғана қоймай, сонымен қатар, адамның аутодеструктивті мінез-құлығын қолданбалы талдау, құндылық және дүниетанымдық бағдар басымдылықтарының өзгерістері мәнмәтінінде профилактикалау және коррекциялау тұжырымдамасын жасауды талап етеді. Бұл үдерісте акмеология маңызды рөл ойнауы мүмкін. Акмеология ғылымы адам өмірінің құндылықтары, өзіндік жетілу және даму қабілеттілігі туралы ғылым. Осы орайда, мынадай сұрақтарға жауап беруге көмектеседі: адам мінез-құлығының аутодеструктивті формаларына қалай қарсы тұруға болады, өзіндік даму мен өзіндік жүзеге асыруға тікелей қарсы тұру. Әлеуметтік психологияда бұл феномен тобырлық құбылыс болып табылады.

Қазіргі жағдайда мінез-құлықтың аутодеструктивті формасын тобырлық құбылыс ретінде психопрофилактикалау мен психокоррекциялауға интегративті тұғырлар негізінде қарастыру мәселесі алға шығады. Бұл әртүрлі саладағы білімдерді біріктіріп, ассоциалды құбылысқа қарсы тұрудың жаңа моделін құруға мүмкіндік береді. Жаңа модельдің негізінде мынадай мінез-құлық компонентінің интегративті байланысында көрініс беретін полиқұрылымды және процессуалды «өзіндік жою» ретінде аутодеструктивті мінез-құлық тұжырымдамасы жатыр: психологиялық, танымдық, әлеуметтік-психологиялық, когнитивтік, креативтік, аутопсихологиялық, әлеуметтік-перцептивтік және биологиялық.

Аутодеструктивті мінез-құлық өзі еркімен саналы түрде өзіндік «қирату, бұзу» және мерзімінен бұрын өлуге бағытталған ауытқу болып табылады. Адамның аутодеструктивті мінез-құлығының мәнді сипаттамаларына мыналар жатады: материалдық және рухани қажеттіліктердің фрустрациясы салдарынан дезадаптация, мінез-құлықтың стратегиялық мағынасының жоғалуы; шығу тегі экзо-немесе эндогенді психобелсенді заттарға патологиялық қажеттіліктер ретінде психикалық және физиологиялық тәуелділіктің қалыптасуы; саналы өзін қиратушы жалған өтемдеуіш детерминант ретінде патологиялық қажеттіліктің өзектенуі; жүзеге аспаған тілектердің нәтижесі ретіндегі тұлғашылық шиеленіс- адамның функциялық мүмкіндіктеріне алып келетін күшті немесе жеке стимулдау.

Көптеген зерттеулерді зерделей келе, мінез-құлықтың аутодеструктивті формасының таралуына мүмкіндік беретін мынадай әлеуметтік-психологиялық жағдайлар мен факторлар ашылды: объективті жағдай – қоғамдық-экономикалық формацияның ауысуы және оның салдарынан материалдық және рухани қажеттіліктердің шектелуі салдарынан әлеуметтік дезадаптацияның пайда болуы. Субъективті жағдай – кез-келген эмоциялық жайсыздыққа психофизиологиялық, интрапсихикалық жағдай, психикалық тұрақтылықтың төменгі деңгейі және тұрақты дезадаптациялық реакциялар жатады.

Адамның аутодеструктивті мінез-құлығының объективті факторлары – тұлғаның әлеуметтенуіндегі дезадаптациялық үдеріс, топтық асоциалды ықпал ету факторы, аутодеструкция аймағындағы төменгі құзыреттілік деңгейі. Субъективті фактор – индивид, тұлға, субъект ретіндегі адамның ерекшеліктері. Оның көріну өлшемінде аутодеструктивті мінез-құлықтың туындауы мен динамикасына мүмкіндік беретін субъективті себептер алға шығады. Оларға: адам психикасының этнопсихологиялық, гендерлік, жастық, тұлғалық, мінездік, темпераменттік, когнитивтік, кәсіби ерекшеліктері жатады. Негізгі психологиялық-акмеологиялық факторларға өзін-өзі танудың бұрмаланған векторы, кеңістік және уақыттың субъективті моделінің адекватты емес қалыптасуы, деформацияланған өзіндік бағалау, өзіндік дамуға ұмтылыстың болмауы.

Аутодеструктивті мінез-құлық қалыптасуының базалық әлеуметтік-психологиялық факторы тұлға әлеуметтенуінің дезадаптациялық үдерісі болып табылады. Сонымен қатар, мінез-құлықтың аутодеструктивті формасы қалыптасуының критерийлері жасалған. Критерийлерге мыналар жатады: мінез-құлық актісінің мақсаттарының өзгеруі (мотивтің мақсатқа қарай қозғалысы), дезадаптация және өзіндік қиратушы жалған өтеуіш іс-әрекет. Критерийлер шартты түрде көрсеткіштердің төрт тобы бойынша ұсынылуы мүмкін: жалпы, мақсаттық, жарамдылық және жеке. Жалпы критерийлер мынадай көрсеткіштерде көрінеді: абсолютті өмір құндылығын теріске шығару, әлемнің жағымсыз рефлексиясы, жекелей немесе толықтай адаптацияның кері кетуі, өлімге еліктеу басым болатын адаптивті емес белсенділік.

Біршама зерттеулерде адамның аутодеструктивті мінез-құлығын бағалау деңгейі ұсынылған. Бұл үдерістің өту стадиясы мынадай көрсеткіштерде анықталады: «қалыпты-патология» қағидасының негізіндегі «дені сау-ауру». Дезадаптация дәрежесі және тұлғаның жетекші іс-әрекеті деңгейлердің басты индикаторы болып табылады. Айқын шеттетілген әлеуметтік талаптар аутодеструкцияның полярлы нүктесінің алғашқы индикаторы болып табылады. Ал екіншіге субъектінің жетекші іс-әрекетін жалған өтемдік өзіндік «қиратушы» әрекеттің ауыстыруы жатады. Сонымен, көптеген зерттеулерде адамның аутодеструктивті мінез-құлық формаларының ерекшеліктері анықталған: суицидтік, маскүнемдік, наркомания, іс-әрекеттің тәуекел түрлері.

Жоғарыдағы айтылған мәселелерге орай, аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау жағдайын және факторларын, динамикасын мен заңдылықтарын, сонымен қатар, бұл құбылыстың туындау механизмін, таратылу және динамикасын зерделеу- теориялық талдаудың міндетін ғана емес, сонымен қатар, ұлттың әлеуметтік-психологиялық денсаулығын сақтау бағдарламасының ғылыми негізін жасауды талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тихоненко В.А. *Морально-этические аспекты суицида и вопросы реабилитации.* – М., 1984. – С.47-62.
- 2 Табачник Н. *Психология национал-сервизизма.* – С.99-104.
- 3 Амбрумова А.Г. *Возрастные аспекты суицидального поведения/Сравнительно-возрастные исследования в суицидологии. Сборник научных трудов.* – М., 1989. – С.145.
- 4 Братусь Б.С. *Аномалии личности.* – М.: Мысль, 1988. – С.301.
- 5 Клейберг Ю.А. *Социальные нормы и отклонения.* – М.: Смысл, 1998. – С.390.

6 Кондратенко В.Т. *Девiantное поведение подростков: Социально-психологические и психиатрические аспекты.* – Минск, 1988. – С.245.

7 Горобец Т.Н. *Социально-психологические и биологические факторы развития явлений массового аутодеструктивного поведения // Уч. пособие «Основы социального психоанализа» // Под ред. Федоркиной А.П.* – М.:РАГС, 1996. – С.236-318.

8 Фромм Э. *Бегство от реальности. Тайны порока.* – Харьков: ИКФ Гриф, 1995. – С.146-204.

9 Франкл В. *Человек в поисках смысла.* – М.: Прогресс, 1990. – С.158.

А.Ж. Аяганова¹

*¹Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата
Кызылорда, Казахстан*

ПРОБЛЕМА ИССЛЕДОВАНИЯ АУТОДЕСТРУКТИВНОГО ПОВЕДЕНИЯ ЛИЧНОСТИ

Резюме

В статье рассматриваются проблемы исследования аутодеструктивного поведения личности. Особенности аутодеструктивного поведения личности всегда находились в поле зрения ведущих ученых. Сегодня аутодеструктивное поведение, как один из факторов не выполнения личностью своей социальной функции, стало объектом исследования многих наук – философии, медицины, педагогики, социологии и права. Содержание данной статьи рассматривает эту проблему с социально-психологической позиции. Общеизвестно, что в период глобализации общества работа по предупреждению и профилактике негативных изменений в поведении личности является важной. Исходя из этого, воспитание поколения, имеющего отклонения в своем поведении, одна из актуальных проблем. В статье рассмотрено, что в процессе социализации и на каждом возрастном этапе своего развития личность претерпевает изменения из-за аутодеструктивного поведения, поэтому данное поведение играет большую роль.

В связи с этим, в статье представлены теоретические взгляды ведущих зарубежных и отечественных ученых на понимание термина «аутодеструктивное поведение», на причины его появления. В содержании статьи с позиции психологии предлагаются меры по предупреждению такого поведения, а также меры по психологическому оздоровлению нации.

Ключевые слова: деструкция, аутодеструктивное поведение, психические отклонения, психологическое здоровье, социализация, дезадаптация

A.Zh. Ayaganova¹

¹The Korkyt Ata Kyzylorda State University

THE PROBLEMS OF RESEARCHING SELF-DESTRUCTIVE BEHAVIOR OF PERSONALITY

Summary

As the title implies the article describes the problems of researching self-destructive behavior of personality. Self-destructive attitudes are analyzed in terms of leading scientists. At present, the distorted behavior of the individual, which violates the function of intensive socialization, is the subject of many forms of research (philosophy, medicine, pedagogy, sociology, law). The content of this article is aimed at formulating the socio-psychological nature of the problem under consideration. It has been concluded that self-destructive behaviors have a significant role in the process of socialization and changes in personality structures at every age.

It is well-known that in the context of globalization, attention is paid to the prevention of personality changes, especially the negative ones. At the same time, the upbringing of generations with deviant behavior is one of the topical issues. In this regard, the article focuses on the theoretical researches related to the causes of self-destructive behavior, causes and effects of the occurrence. The content of the article suggests preventing the self-destructive behavior and psychological health of the nation.

Keywords: destruction, self-destructive behavior, mental disorders, mental health, socialization, dezadaptaciya, self-destructive psychology

Н.А. Ахметов¹

¹Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан

ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ АМАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ЗИЯНДЫ ӘДЕТТЕРГЕ ЖАСТАРДЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ КӨЗҚАРАСЫН ТӘРБИЕЛЕУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Аңдатпа

Мақалада әр түрлі елдердің зиянды әдеттермен күресі және олардың алдын алу мәселелерінің бірнеше бағыттарына талдау жасалған. Жастар арасында темекі тарту, ішімдік ішу, нашақорлық сияқты зиянды әдеттердің кең тарауының себептері туралы психологтардың түрлі болжамдары келтірілген.

Автор зиянды әдеттердің алдын алудың үлгісі мен өзіндік тұжырымдамасын жасап, оны психологиялық және педагогикалық тұрғыдан жақсы негіздеген.

Түйін сөздер: темекі тарту, ішімдік ішу, нашақорлық, олардың таралу себептері, өзіндік тұжырымдама

Денсаулық идеологиясының моделі, негізделген іс-қимыл теориясы мен жоспарланған мінез-құлық теориясы сияқты модельдерді элеуметтік-когнитивті модельдер деп санауға болады. Бұл модельдер біздің салауатты өмір туралы білімдеріміздің нақты теориялық негізі ретінде қызмет етеді, дегенмен оларды мүлде кемшіліксіз деп қарастыруға болмайды. Біріншіден, кейбір зерттеушілер нақты модельді ғұмыр бойы табынып өтетін дін ретінде қабылдайды. Мұндай көзқарас әдетте сол баяғы бір модельдің дені сау мінез-құлық пен жеке-даралық ерекшеліктері әртүрлі адамдар бойындағы тоқырау мен ешбір нәтижесі жоқ жеміссіз қабылдауға алып келеді. Бұл модельдер белгілі бір (осы тұста танымдық) факторлар мен процестерге назар аударады, бұл дегеніміз – басқа қалған факторлар (эмоциялық, соматикалық, элеуметтік, экологиялық) қабылданбайды деген сөз. Бұл модельдердің орталық буыны когнитивті болып табылады, немесе, ұғымдық көзқарасқа сәйкес адам рационалды тіршілік иесі ретінде белгілі бір іс-әрекеттің көрініп тұрған артықшылығы мен кемшілігіне сай ақыл-оймен шешім қабылдайды. Модельдердің сыңарлары арасындағы өзара байланыс математикалық тұрғыдан дәлме-дәл болып келетіні соншалық, кейде тіпті шын мәнінде адамдар «салқын таным» негізінде іс-әрекет жасай ма деген күмән туындайды. Бұл модельдердің басқа да маңызды шектелуі элеуметтік факторға деген жеткіліксіз назар аударуы – салауатты өмір салтының маңызды индикаторы (көрсеткіші) болып табылады.

Біздің ойымызша, студенттердің денсаулық пен салауатты өмір салтына қатынасын қалыптастыруда және белсенді көзқарасын ары қарай іске асыруда келесі факторлар маңызды рөл атқарады:

– достары, ата-аналары, оқу тобындағы курстастары, жаттықтырушылары мен оқытушылар жағынан жасалатын элеуметтік бақылау;

– мінез-құлықтың өзгеруіне әсер ету немесе осындай өзгеріске қарсы тұру (мысалы, егер темекі тартудан бас тарту бозбаланың немесе қыз баланың денсаулығына нашар әсер ететін болса, онда олардың темекіні тастау мүмкіндігін төмендетеді);

– аурудың белгілері немесе сезіну негізінде бақылау жасау, сырқаттың қауіпті белгілері ретінде қабылданатын болса, мінез-құлық үшін едәуір әсер етуі мүмкін (мысалы, егер темекі тастау спорттық нәтижелерге елеулі әсер ете қоймаса (спортшы студенттің) және спортшы емес студенттің өзін сезінуі жақсармаса, онда оған темекіден бас тартпай-ақ қоюға болады.);

– ұғымдық деңгейде бақылау жасау денсаулыққа және қауіпті іс-қимылға бақылау жасау туралы белгілі бір көзқарастарға сүйенуді білдіреді (мысалы, егер студент оған бауыр циррозы (ауыр сырқат) қауіп төндіріп тұрғанын түсінсе, ол алкогольді ішімдіктерді ішуден тыйылған болар еді);

– өзіндік бақылау: егер адам өзі мінез-құлқын өзгертуге шешім қабылдаса, бұл шешімді қатаң сақтау қажеттілігіне сай өзіндік көзқарасы қалыптасады (мысалы, темекі тастау туралы шешім қабылдау мен ішімдік ішуден бас тарту).


Элеуметтік-когнитивті модельдер бірдей мөлшерде барлық осы тетіктерге қарап қалмағаны мәлім. Олар дені сау мінез-құлықтың когнитивті детерминанттарымен байланысты құнды ақпараттар беретіні сөзсіз, дегенмен, танымның негізгі актілері қалай өзгертіндігі жайлы нақты мәлімет бере қоймайды. Басқалай айтсақ, мұндай модельдер денсаулыққа байланысты мінез-құлықты бөліп тануға арналған әлдеқайда жетілдірілген негіз ретінде қызмет етеді.

Жаңаны қабылдау теориясы әлеуметтік-когнитивті модельді толықтыра түседі, себебі олар денсаулықпен байланысты жаңашылдықты меңгеруге талпынған қадамдарды нақтылай түседі. Модель өмірге денсаулық сақтаудың белгілі бір стратегиясын ендіру тұтас алғанда да және жекелей алғанда да біртіндеп жүріп отыратын процесс екендігін көрсетеді және денсаулыққа байланысты мінез-құлық өзгерісінің басқа да көптеген принциптері мен бағыттарының барлығын білдіреді.

Одан басқа көптеген психологиялық көзқарастар да бар, мысалы, ассоциациялық ғылым, когнитивті-мінез-құлықтық теориялар, өзіндік реттеу мен әлеуметтік ғылымдар жоғарыда аталған модельдермен бірге мінез-құлықты өзгертуге деген тиімді де кешенді көзқарасқа арналған берік негізді қалайды [1, 60 б.].

Осы және басқа да модельдердің негізінде біз жастардың көзін жеткізу жолдары арқылы денсаулығын нығайтуға арналған және оларды бірте-бірте өздерінің психикалық күйлерін реттеу әдістеріне үйрететін қозғалыс белсенділігінің пайдасы мен зиянды әдеттерге деген теріс қатынасты тәрбиелеудің тұжырымдамасын жасадық (1-сурет).

Біздің тұжырымдамамыздың іргетасын алғаш рет беделді физиолог-зерттеуші ғалым И.П. Павлов [2, 91 б.] және психолог ғалым З. Фрейд [3, 10 б.] адам ағзасындағы психикалық және физиологиялық процестердің өзара тығыз байланысының заңдылықтары негізінде қалады. Болашақта олардың жай-күйі нақтылана түсті және лайықты ізбасарлардың зерттеу еңбектері арқылы одан әрі дами түсті, нәтижесінде – психосоматика ғылымы пайда болды, ол ағзадағы психикалық процестердің физиологиялық процестерге әсерін зерттеді.



Сурет-1. Дене тәрбиесі мен өзіндік реттеу арқылы жастардың зиянды әдеттерге деген теріс қатынасын тәрбиелеу тұжырымдамасы

Ағзадағы бұл процестердің өзара байланысы симпатикалық-адреналиндік жүйе арқылы гормондар тобының синтезделу белсенділігін келесі тәртіппен арттырып отыратын орталық жүйке жүйесінің қатысуы негізінде стресс жағдайлары туындаған тұста, эмоциялық ширығу мен бұлшық ет жұмысын қоса алғанда іске асырылды: дофамин→норадреналин→адреналин (катехоламиндер деп аталатындар) [4]. Бірінші рет стресс туралы ұғымды канадалық биолог ғалым Г.Селье (H. Selye) [5, p. 40] ұсынды, ол стрестің үш сатысын атап көрсетті – бірінші сатысы – мазасыздану сатысы (қорғану күштерін жұмылдыру), екінші сатысы – резистенттілік сатысы (қиын жағдайларға төселіп алуы) және жадап жүдеу сатысы (ұзақ уақытқа созылған стрестің әсері) .

Зерттеу еңбектері гормондар бөліну деңгейі дене жүктемелерінің қарқындылығына, оған ағзаның бейімделу дәрежесіне, эмоциялық ширығудан (агрессивтілік, қорқыныш, сенімсіздік) шаршау және т.б. сипатына қарай байланысты болатындығын көрсетіп отыр [14, p. 40].

Соңғы зерттеулер бойынша, барлық соматикалық аурулар қарапайым суық тигеннен бастап, қатерлі ісікке дейін «психосоматикалық» болып табылады. Стрестердің ұзақ та қарқынды әсері адам денсаулығын бұзатындай аса қауіпті жағдайларды туындатуы мүмкін. Психикалық ширығу салдарынан невроз, жүректің ишемиялық ауруы, қант диабеті, бронх астмасы және гипертония ауруларының пайда болатындығы жайлы көптеген мәліметтер жинақталған [6, 66 б.]. Стресс туындайтын жағдай ұсынылған талаптар мен адамның осы талаптарды қанағаттандыратын қабілеті, яғни психикалық тұрғыдан ширығуы арасындағы келіспеушіліктің салдарынан пайда болады. Мұндай психикалық күйлер көптеген студенттерге тән сипат болып келеді. Бұл деректер Ж.Бозтаев [7, 18 б.] және басқа да авторлардың зерттеулері арқылы дәлелденіп отыр.

Жағымсыз психикалық күйлер Ресей ЖОО студенттерінің бойында байқалған. Мысалы, Саратов мемлекеттік университетінің зерттеу барысындағы 200 студентінің (82% қыздар) 44%-да жоғары мазасыздық байқалса, өзіне қол жұмсауға деген бейімділік – 58%-да, әлеуметтік пессимизм – 49%-да, агрессивтілік – 57%-да, өмірлік мақсаттарын жоғалтуы – 40%-да анықталған [8, 144 б.]. Автор ағзаның бейімделу-толықтыру мүмкіндігі тәндік және психикалық түрде болатындығын түсіндіре кетеді. Біріншісі физиологиялық, биохимиялық, гормондық және иммундық жүйе қызметінен тұрса, екіншісіне психологиялық сапалары, өмірлік басымдықтары, тұлға аралық қатынастары мен эмоциялық көңіл-күйлері жатады.

Мұндай өмірлік басымдықтар, «алтын бұзауға» деген құмарлық, билікке ұмтылу, сексуалдық еліктеу, тойымсыздық; адамдар арасында эгоизмге, ашушандыққа құрылған қатынастар; ұнжырғасы түсу, шарасыздық, ашу шақыру сынды психикалық күйлер өмір сүруге деген табандылығын төмендетеді және өлім қаупін арттырады [8, 134 б.].

Автордың пікірінше, эмоциялық және рухани жағымсыз жайттар ауру-сырқат туғызып қана қоймайды, сонымен қатар, оның өзі де бұзатын фактор болып табылады. Автор рухани деген «... сананың өмір мәні мен ондағы өз орнын іздеуге, мейірімділік пен қатыгездіктің критерийлерін анықтауға, адамдарды, оқиғаларды бағалау іс-әрекетінде басшылыққа алуға бағытталған қызметі» деп түсіндіреді. Жағымды деп жалпы адамзаттық нормаларға сай келетін, халық даналығымен және діни уағыздар арқылы нығая түскен іс-әрекеттерді айтады. Олар әр адам мен қоғамның өмір сүруі мен дамуы үшін оңтайлы формаларды іздеуге бағытталған.

Руханилық қоғамда барлық уақытта да болған, бірақ оң немесе теріс бағытта болуы да мүмкін. Рухани іс-әрекет адамның санасында да болып жатады, ол оның психикалық саласымен тығыз байланысты. Қоғамның теріс психикалық күйі мен руханилығының индикаторы ретінде өзіне-өзі қол жұмсау мен кісі өлтіруді атап көрсету бұрыннан қабылданған. Біріншісі – шарасыздық пен өмір мәнінің жоғалғандығын көрсетеді; екіншісі – агрессивтілік, ашушандықты көрсетеді. Қоғамдағы жағымсыз психикалық жайттарды жалпыға кең тараған қылмыстық әрекеттер көрсетеді. Қайта құру, КСРО-ның құлауы мен тәуелсіз елдердің қалыптасу кезеңдері атанған 1986 жыл мен 1995 жылдары Ресейде кісі өлтіру – 4 есе, ұрлық пен тонау – 6 есе өсе түссе, өзіне өзі қол жұмсау саны да кенеттен арта түскен [8, 137 б.].

Г.Д. Әлімжанованың мәліметтері бойынша [9, 67 б.], Қазақстанда 1987 жыл мен 1997 жылдар аралығында 10-24 жас аралығындағы жеткіншектер мен жастар арасында өзіне-өзі қол жұмсаудан 100 мың тұрғын ішінен 19-дан (1989 жыл) 33-ке дейін (1997 жыл) арта түскен, ал 2006 жылы ҚР статистика Агенттігінің мәліметтері бойынша 100 мың халықтың 27 адамы өзіне-өзі қол жұмсаған [13]. Егер бұл мәліметтерді жалпыға бірдей қабылданған сараптама бойынша бағаласақ, онда 100 мың тұрғын халықтың арасынан 20-дан астам өзіне-өзі қол жұмсау оқиғаларының болуы, жоғары көрсеткіш болып саналады, сондықтан бұл деректер қоғамның психикалық күйінің индикаторы болып

табылады десек, жастардың көпшілігінің мінез-құлқы өзгергендіктен, зиянды әдеттерге қарай ұмтылысымен, темекі тартуымен, спирттік ішімдіктер ішіп, есірткі қолдануымен түсіндіруге болады.

Психикалық және рухани жағымсыз жайттар иммундық жүйені бұза отырып, жұқпалы және жұқпалы емес ауруларға қарсылық көрсету қабілетін төмендететіні зерттеу нәтижелері арқылы дәлелденіп отыр [8, 145 б.]. Оған қоса теріс психикалық күйлер денсаулыққа деген басқа да тәуекел тетіктерін ынталандыра түсіп, зиянды әдеттер, артық салмақ немесе, керісінше, дене массасының салмақсыздығын қалыптастырады. Автордың пікірінше, шарасыздық, өмір мәні жоғалған тұста және агрессивтілік салдарынан олардың кең түрде тарай бастауы арта түседі [8, 147 б.].

Темекі тарту тек денсаулыққа ғана зиянын тигізіп қоймайтыны белгілі болып отыр. Темекі тарту адам психикасы мен мінез-құлқын өзгеріске ұшыратады, ол тәуекелшіл болады, өмірге қанағаттануы азаяды, депрессия деңгейі артады, өмір сүруге деген құштарлығы төмендейді [6, 83 б.].

Салауатты өмір салтының танымал насихатшысы Кент Купердің жетекшілігімен өткен Аэробика Орталығында (АҚШ) жүргізілген көптеген зерттеулер негізінде жүру немесе жүгіру түрінде әдістемелік тұрғыдан дұрыс және жүйелі ретпен ұйымдастырылған аэробтық жаттығулар шұғылданушылардың психикалық көңіл-күйін жақсартатыны дәлелденген [10, 135 б.].

Купер былай деп жазады: «Жүгіру және басқа да аэробтық жаттығулармен шұғылдану арқылы өзін бақытты сезіну мен эйфорияға бөлену соңғы жылдары эндорфин деп аталатын қуатты гормондардың бөлінуімен байланысты». «Олар төзімділікті арттыруға бағытталған дене жаттығуларымен шұғылдану барысында ерекше мол бөлініп шығады. Эндорфиндер – морфий сияқты гипофизде жасалып, түрлі жағдайларда, кейде тіпті белсенді дене жаттығулары барысында да жасалады» [10, 135 б.].

Шотландтық және ағылшын биологтары өткен ғасырдың 70-жылдарының ортасында эндорфин молекуласының құрылымын анықтаған соң, эйфория күйі мен дене жаттығуларынан соң эндорфиндер бөлінуі арасындағы байланыстың бары белгілі болды. Қуанышты сезім дене жұмысынан соң бір сағаттай, кейде тіпті одан да көп уақытқа созылады.

К.Купер эндорфиндердің жоғары дәрежелі тиімділігі оның анестезиялық құрал ретінде қолдануға болатындығында деп атап көрсетті. Бұл жайт спорт практикасындағы көптеген оқиғалар арқылы дәлелденіп келеді, мысалы, талай жарыстарда жарақат алған спортшылар оны елемей жарысқа қатысуын жалғастыра берген. Автор 1982 жылы Бостон марафон жарысында болған оқиғаны есіне алады, желаяқ жүйрік 7 мильде (12-ші км.) сан жілігісүйегінің сынғанына қарамастан, бүкіл марафон қашықтығын жүгіріп өтеді [10, 13 б.].

Ағзадағы аэробтық реакциялар жүріп жатқан дене жаттығуларымен шұғылдану барысында оттегі шығыны қозғалыс белсенділігі кезінде толығымен қамтылады, ол жүкті әйелдерге жағымды әсер етеді және олардың қанында эндорфин гормонының жинақталғаны байқалады. Әйелдер аэробтық жаттығулармен жүкті болар алдында шұғылдана бастағаны жөн, ал жүкті болған соң да қалыпты жаттығуларды («жеңіл жүгірісті қосу керек») тоқтатпағаны дұрыс дейді К.Купер [10, 137 б.].

Сондықтан да, зиянды әдеттерге деген теріс қатынастарын тәрбиелеу адам дамуының түрлі кезеңдерінде – балалық шақтағы мектепке дейінгі мекемелерде, жалпы білім беретін мектептердегі балалық пен жеткіншек жас кезінде, одан соң орта және жоғары оқу орындарында өте үлкен маңызға ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мейес С., Элдерен Т. Психология здоровья и стресс // Психология: комплексный подход // Под ред. М.Айзенка. – Мн.: Новое знание, 2002. – С.589-621.
- 2 Павлов И.П. Полное собрание сочинений. – Т.2. – М.: Наука, 1952. – С.312.
- 3 Фрейд З. Психология бессознательного: Сб. произведений. Сост. М.Г. Ярошевский. – М.: Просвещение, 1989. – 448 с.
- 4 Васильев В.Н. Здоровье и стресс. – М.: Знание, 1991. – 160 с.
- 5 Selye H. The physiology of exposure to stress. Montreal, 1950. – 86 p.
- 6 Секач П.Ф. Психология здоровья: Уч. пос. – М.: Гаудеамус, 2005. – 192 с.
- 7 Бозтаев Ж. Использование средств физической культуры в формировании здорового образа жизни студентов: автореф. дис... канд. пед. наук. 13.00.04: – Алматы: КазАСТ, 1999. – 24 с.
- 8 Гундаров И.А. Демографическая катастрофа в России: причины и пути преодоления//Почему вымирают русские. – М.: Эксмо, 2004. – С.109-212.
- 9 Алимжанова Г.Д. Формирование здорового образа жизни учащихся в условиях гуманизации образовательного процесса: дисс... докт. пед. наук: 13.00.04. – Алматы: КазАСТ, 2004. – 280 с.
- 10 Купер К. Аэробика для хорошего самочувствия. – М.: ФиС, 1989. – 260 с.

Н.А. Ахметов¹

¹Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга имени Ш.Есенова

ПРИЕМЫ САМОРЕГУЛЯЦИИ И КОНЦЕПЦИЯ ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЕЖИ СРЕДСТВАМИ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И ФОРМИРОВАНИЕ НЕГАТИВНОГО ОТНОШЕНИЯ К ВРЕДНЫМ ПРИВЫЧКАМ

Резюме

В статье рассматриваются приемы саморегуляции и концепция воспитания молодежи средствами физической культуры и формирование негативного отношения к вредным привычкам и способы борьбы с вредными привычками в разных странах. Приведены прогнозы психологов о причинах различных вредных привычек, таких как курение молодежи, употребление алкоголя, наркомания.

Автор хорошо обосновал свою концепцию и модели профилактики вредных привычек, с психологической и педагогической точки зрения.

Ключевые слова: курение, употребление алкоголя, наркомания, причина их распространения, концепции

N.A. Akhmetov¹

¹Caspian state University of Technologies and Engineering named after Sh.Yessenov

TECHNIQUES OF SELF-REGULATION THE CONCEPT OF THE EDUCATION OF YOUTH MEANS OF PHYSICAL CULTURE AND NEGATIVE ATTITUDE TOWARDS HARMFUL, DRUG ADDICTION

Summary

Techniques of self-regulation the Concept of the education of youth means of Physical Culture and negative attitude towards harmful, drug addiction.

The article analyzes the problems, their prevention and combating with bad habits in different countries in several directions. Predictions of psychologists about the causes of various harmful habits are given, such as smoking of youth, alcohol consumption, drug addiction.

The author well substantiated his concept and models of preventing bad habits, from the psychological and pedagogical point of view.

Keywords: smoking, alcohol consumption, drug addiction, the reason for their spread, concepts

МРНТИ15.21.51

Г.Т. Топанова¹, Б.Д. Жигитбекова²

¹Павлодарский государственный педагогический институт

²Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая

ПСИХОЛОГИЯ СТАТУСА ИДЕНТИЧНОСТИ КАК МЕТОДОЛОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА

Аннотация

Рассматриваются определения идентичности личности с точки зрения различных идеологических подходов. Проводится анализ устойчивых и изменчивых компонентов личности. Освещается проблема определения психологических параметров анализа идентичности, который допускает рассмотрение идентичности человека как с процессуальной, так и со структурно-содержательной стороны. В существующем многообразии концепций и подходов идентичности выделяются пять основных способов осуществления анализа рассматриваемого феномена.

Двойственность, как характеристика идентичности, приводит к разнонаправленным тенденциям её интерпретации. Присутствие статичных и динамичных процессов в одном явлении приводит к различным суждениям и пониманиям этого феномена.

Ключевые слова: идентичность, самоопределение стабильность, рефлексия, формирование личности

О проблеме устойчивости и неустойчивости личности В.Н. Мясищев писал: «Развитие человека заключается в том, что в процессе жизни он изменяется, оставаясь, тем не менее, и в измененном виде самим собой» [1].

Двойственность идентичности в понимании Э.Эриксона выражается в одновременном присутствии статичных и динамичных процессов в одном явлении, с одной стороны «...личность достигает в своем развитии кульминации и обретает некоторую целостность и законченность в пубертатный период», с другой – «мы можем видеть идентичность как постоянно меняющуюся до самого конца жизни, никогда не остающуюся неизменной...» [2, 3, 4].

С момента появления эпигенетической теории Э.Эриксона по сегодняшний день в социально-гуманитарной науке утвердилось многообразное количество направлений исследования идентичности [5, 6, 7].

Термин «идентичность» соотносим с более распространенными в русскоязычном варианте терминами «самосознание», «Я-концепция», «самоопределение», вплоть до совпадения по смыслу с самоопределением. Часто эти термины используются как синонимы. Так, Р.Бернс пишет: «Термин «идентичность» мы будем рассматривать как в основном синонимичный Я-концепции». Н.Л. Иванова, проводя анализ проблемы типологических особенностей личности, определяет идентичность как результат самоопределения, подобные определения являются причиной неоднозначного объяснения понятия идентичность, поскольку этому явлению приписывается промежуточный характер, тогда как одним из условий существования идентичности является сохранение тождественности и статусности [34].

Дж.М. Макензи, Р.Коулз в середине 1970-х гг. характеризовали идентичность как слово, пострадавшее от «чрезмерного использования», отметив, что понятия идентичности и кризиса идентичности стали «прозрачнейшими клише». Такая неустойчивость трактовки приводит к постоянному уточнению понимания концепции идентичности, которая начинает означать слишком много или мало, это обстоятельство, в конечном счете, приводит к обесмысливанию термина.

Социолог О.А. Борисова провела анализ категории «идентичность» в рамках структурно-конструктивистского подхода, на основании которого описывает эту проблему следующим образом: «Несмотря на ее амбивалентность и многозначность, анализ понятия ориентирован на использование сравнительно однозначных категорий. Основная проблема заключается в растаскивании категории «идентичность» между «сильными» – структурно-занормированными определениями и «слабыми» – конструктивистскими» [8].

Всё же попробуем обратиться к рассмотрению идентичности как категории анализа. Определяющим в плане возможности изучения идентичности всегда является существование «Другого». В противном случае, мы имеем дело с неразличенностью и невозможностью выделить собственную позицию. Только проведение границы между «Я» и «Другой» позволяет выделить их из общей неразличенности. Двойственность, как характеристика идентичности, приводит к разнонаправленным тенденциям. С одной стороны, идентичность статична, она возникает в результате сравнения с таким же, тем самым исключая различия, в противном случае происходит утрата смысла.

М.Хайдеггер, как и Аристотель, понимает под «идентичностью» всеобщность бытия. Всякое сущее тождественно самому себе, и постольку, поскольку оно есть сущее – всякому другому сущему. Идентичность исключает различие, ведь она исключает иное бытие, а вместе с ним и то, что выступает причиной инаковости – изменение.

Исследовательский процесс сводится к вопрошанию, через которое, согласно Лакану, становится возможным рефлексивное конструирование. Рефлексия предполагает актуализацию и соответственно, выстраивание идентичности. Попытки дальнейшего изучения идентичности в рамках теорий постмодернистов привели к предельной дробности этого понятия, что в очередной раз приводит к обесмысливанию понятия «идентичность».

Р.Лейнг осуществляет собственное развитие идеи идентичности и делает акцент на комплементарности отношений субъекта и Другого как на факторе, определяющем основную, с его точки зрения, функциональную особенность идентичности. Р.Лейнг говорит о том, что все идентичности требуют «значимого другого». С помощью некоторого «Другого» и через отношения с ним и реализуется идентичность личности. Комплементарность – взаимозависимость идентичности – это функция персональных отношений, посредством чего «Другой» наполняет или комплектует идентичность, он вводит действие, а индивид, находящийся в стадии формирования и идентификации, следует за этим действием [9].

Поскольку идентичность характеризуется непрерывной динамикой, ее трудно «схватить» в каком-то реальном статичном состоянии, она «ускользает» от исследователя. Об ускользающем

характере идентичности свидетельствуют названия публикаций – Р.Брубейкер, Ф.Купер «За пределами «идентичности», А.В. Казанская «Текущая идентичность». Определенную трудность представляет также многомерность рассматриваемого явления: «...в каждый конкретный момент каждый из нас представляет собой комбинацию серий идентификационных компонентов и эти компоненты могут сочетаться, а их комбинации, в свою очередь, меняться различными способами».

В свою очередь, С.Л. Рубинштейн формулирует идеи, ставшие принципиальными для советской психологии и философии. Личностное самоопределение (идентификация) не может быть монологическим делом. Проблема самоопределения, по Рубинштейну, изначально представляет соотнесенность с другими субъектами. «Специфика человеческого способа существования заключается в мере соотношения самоопределения и определения «Другими»» [10]. Главным критерием самоопределения он считал активность жизненной позиции как результат взаимодействия объективного процесса общения с «Другими» и субъективного внутреннего процесса самоопределения. Самоопределение и определение «Другими» – взаимные детерминанты. В своей трактовке Рубинштейн подчеркивает, что нельзя редуцировать сущность человека, сводить ее к технологическим проявлениям.

Структура идентичности развивается на протяжении всей жизни человека в соответствии с изменениями социального контекста, начиная с рождения человека, в процессе взаимодействия биологического организма с социальным контекстом. Содержательные и ценностные измерения расширяются в течение жизни. Однако это расширение не обязательно сопровождается усложнением и разработанностью структурной организации идентичности. Можно было бы сказать, что люди с несложной структурой идентичности имеют незрелую идентичность, однако Г.Брейкуэлл считает, что для этого нет оснований, так как нет оснований принимать идентичность со сложной структурой как «лучшую». И содержательное, и оценочное измерения идентичности развиваются в соответствии с особенностями социального опыта индивида. Если разнообразие опыта ограничено, может сформироваться простая структура идентичности. Но даже при полном прекращении изменений во внешнем мире (если такое возможно) изменения в структуре идентичности не прекращаются, обеспечиваясь взаимодействием между ее элементами.

Проблема соотношения тождества, постоянства, и в то же время непрерывного изменения, динамики, которая заложена в понимании идентичности, предложенном Э.Эриксоном, придает категории «идентичность» определенную семантическую двойственность, отмечаемую многими исследователями. В частности, П.Рикер находит истоки подобной двойственности в этимологии данного понятия. Считается, что корень слова «идентичность» складывается из двух латинских корней: «*īten*» («в высшей степени сходный», «тот же самый», «аналогичный») и «*ipse*» («самость») [11]. Получается, что в термине «идентичность» происходит наложение друг на друга двух смыслов: устойчивость – изменчивость во времени и тождественность самому себе – инаковость.

Рассмотрение идентичности как диалектического процесса не объясняет природы этого феномена, а лежащие в основе идентичности свойства тождественности, уникальности и самобытности предрешают антагонистический смысл этого явления, но не отвечают принципам диалектичности.

Ю.Хабермас представил идентичность в двух измерениях: горизонтальном и вертикальном. Если горизонтальное измерение связано с формированием человека в социальных группах, вертикальное – определяет личностную уникальность и неповторимость жизненного опыта. При этом вертикаль личностного становления связана с означиванием потребностей в самопонимании, в контексте которого формируется смысловое ядро индивида как онтологическое основание его личностной идентичности [12].

Аталмыш мақалада психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде лидерлік мәселесінің зерттелуі жан-жақты қарастырылады. Лидерлік ұғымының мәні теориялық тұрғыда терең ашылады. Лидерлікке қатысты ең алғашқы теорияларды: болмыс теориясын (харизматикалық тәсіл), лидер рөлін анықтау теориясын, жағдаяттық теорияны және кешенді теорияны салыстырмалы талдау берілді. Мақалада шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс тапқан лидерлік мәселелері туралы пікірлері баяндалады. Жоғарыда аталған теорияларға сәйкес, эмоционалды (тұлғааралық қарым-қатынасты реттеуді қамтамасыз етуші) және инструменталды (тиімді іс-әрекет түріне инициатива тудырушы және мақсатқа жетуге жалпы күш салушы әр топта кем дегенде екі лидер типі орын алатындығына мән береді. Лидердің туа пайда болмайтынын ғана емес, оны топта тәрбиелеу мүмкіндігін де қарастырып, лидерлік, әлеуметтік-психологиялық феномен болып табылатындығын айтады.

Түйін сөздер: лидер, лидерлік қабілет, харизма, харизматикалық лидер, болмыс теориясы, лидер рөлін анықтау теориясы, жағдаяттық теория, кешенді теория

Қазіргі қоғамның басты талаптарының бірі – саясат пен экономикаға да, ғылым мен білім беру және басқа салаларға да оң бағыттағы қоғамдық процестерді жобалауға, дамытуға қабілетті, қоғамға нақты пайда келтіретін, бейбітшілік, әділдік, жақсылық, ізгілік идеяларын жүзеге асыратын адамдар қажет. Осыған орай Қазақстан мемлекетінің әрі қарай дамуы стандартты емес ойлайтын, шығармашылығы дамыған, бірегей тұлғалық қасиеттерге ие, экономикалық, саяси, мәдени міндеттерді шешуге жауапкершілігі басым адамдардан талап етіледі, бұл біріншіден. Екіншіден, қоғамдағы қатынастарды сапалы қайта құру бастамасы мен жаңа өзгерістер үдерісін мақсатты басқаруды лидерлер ғана жүзеге асыра алады. Мұның бәрі, бүгінгі балалар мен жастарды біздің мемлекеттің даму жолы мен басымдықтарын қамтамасыздандыратын жаңа қарым-қатынастарды іске асыруға және басқаруға қажетті сапаларын қамтитын лидерлікке тәрбиелеу қажеттігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан жүктелетін міндет өте ауыр» деп көрсетуі, қоғамның, мемлекеттің болашағы жас ұрпақтың азаматтық тәрбиесі мен білімділігінің деңгейінен талап етілетіндігін, бүгінгі болашақ лидерлерді дайындау ертеңгі бәсекеге қабілетті қоғамның көшбасшыларын, елдің бетке ұстар азаматтарын тәрбиелеу дегенді білдіріп, біздің ойымызды айғақтай түседі [1].

Өз заманының сұранысына сай жаңа адамға деген қажеттілік, жауапкершілікті ала білуге қабілетті тұлғаны дамыту, оқушы жастарды лидерлікке тәрбиелеу тәсілдерін өзгертті. Осы өзгерістер салдарынан, жаңа буын лидері шынайы құндылықтарды таратушы болуы қажет, ол өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра алуы, айналасындағы жас адамдардың әлеуетін аша білуі, өзгерістерге бейімделуі мен қажетті шешімдер қабылдай алуы тиіс [2].

Бұл жағдай, қоғамнан лидерлік мәселесін қайта ойланып қарастыруды талап етеді. Жалпы лидерлік әлеуметтік құбылыс ретінде қоғамның барлық саласынан орын алып отыр. «Лидерлік» түсінігі философияда, педагогикада, психологияда, әлеуметтануда, саясаттануда және өзге де адамтану мен қоғамтануға қатысты ғылымдарда зерттеліп, бірқатар ғасырлар бойы ғалымдардың зерттеушілік қызығушылығын арттырып келеді.

Соның ішінде, біз лидерлік мәселесінің зерттелу күйіне және тұлғаның лидерлік сапаларын талдауға, аталған мәселеге қатысты амалдардың даму тарихын зерттеуге, зерттеудің терминологиялық аппаратын нақтылап, лидерліктің негізгі теориясына салыстырмалы талдау беруді жөн санадық.

Жалпы лидерлік мәселесінің зерттелуі антикалық философиядан (Аристотель, Платон) бастау алып, орта ғасырдағы философтардың діни білімдерінде өз жалғасын тапқан. Олар нағыз белсенділікке тек құдай ғана ие екендігін, ал, адам өз бастамасымен әрекет ете алмайтындығын айтады. Қайта жаңғыру дәуірінде Гегель тұлғаның лидерлік жағдайын бостандық көзі ретінде қарастырып, адамға алға қойған мақсатына жетуге әрекет етуге мүмкіндік береді деп, санады. Сол заманның ойшылдары Гельвеций, Дидро лидерлікті адамның өзіне деген сүйіспеншілігін және жеке қызығушылығын арттырудағы тұлға белсенділігінің түрткісі ретінде қарастырған [3, 12 б.].

«Лидерлік» феноменінің дербестігі көптеген теориялық тұжырымдамалардың пайда болуына алып келді. Лидерлікке қатысты ең алғашқы теориялардың бірі ХХ ғасырда пайда болды. Оның пайда болуы ағылшын антропологы, психологі Ф.Гальтон еңбектерімен байланыстырылады. Ол лидерлік феноменін тұқым қуалаушылықпен түсіндіреді. Теория жақтаушыларының пайымдауынша адамға лидерлік жүре емес, туа бітеді [4]. Мұнда, лидерлік ұғымы психологиялық феномен тұрғысынан түсіндіріледі.

Жиырмасыншы ғасырдың 30-шы жылдарында батыстың әлеуметтік психологиясында бұл феноменге көп көңіл бөлінді. Америка Құрама Штатының ғалымы К.Левин бастаған топ «лидер» және «лидерлік» ұғымын әлеуметтік психологиядағы динамикалық тұтастылық ретінде қарастырды. Олар мінез-құлық тұлғаның өзара әрекеті мен жағдайының нәтижесі деп түсіндірді [5].

Мұндай пікір лидердің туа пайда болмайтынын ғана емес, оны топта тәрбиелеу мүмкіндігін де білдіреді. Демек лидерлік, әлеуметтік-психологиялық феномен болып табылады.

Осыған байланысты ғылыми әдебиеттерде лидерліктің әлеуметтік және психологиялық теориялары қалыптасты. Олардың арасынан біз болмыс теориясын (харизматикалық тәсіл), лидер рөлін анықтау теориясын, жағдаяттық теорияны, кешенді теорияны қарастырамыз (кесте 1).

Теориялар атауы	Теориялар мазмұны	Теорияның негізін салушы
Болмыс теориясы (харизматикалық тәсіл)	Лидер болып адам туылады Лидерлікке тұқым қуалаушылық тән	Ф.Гальтон
Лидер рөлін анықтау теориясы	Лидер – бұл ерекше рөлді қабылдаушы (біріншісі – кәсіби рөл, екіншісі – әлеуметтік-эмоционалдық рөл)	Р.Бейлз
Жағдаят теориясы	Лидерлік – топтағы құрылған жағдайдың өнімі, белгілі бір жағдаятта беделдікке ие болған адам, лидер болады	Ф.Фидлер
Кешенді теория	«Болмыс теориясын», «жағдаяттық теориясын» және «лидер рөлін анықтау теориясын» бірге қосқан кешенді теория Лидерлік – бұл тұлғааралық қатынастарды ұйымдастырушы үрдіс, ал лидер – осы үрдісті басқарушы субъект	В.Белл

Кесте-1. Лидерлік теориялары

«Болмыс теориясы» лидерді өзіндік қасиетіне тән негіздейді, яғни лидерліктің негізгі детерминаты болып, қайталанбас лидерлікке туылғаннан ие болу табылады. Яғни «болмыс теориясына» сәйкес кез-келген адам лидер бола бермейді, адам лидер болып туылады [6].

Лидерліктің болмыс теориясын жақтаушылар адамды лидер ретінде танудың алғышарттары деп олардың тума қасиеттерін және индивидтің сипатын (күшін және жүйке үрдісінің қозғалмалылығын, экстраверттілігін, эмпатияға қабілеттілігін, анық көрінетін эвристикалық және интеллектуалдық қабілеттерді) санайды. Мұндай қасиеттер оларға кез-келген жағдайларды басқаруға және жетекшілік етуге, яғни лидер рөлін өз қолына алуына жол ашады.

Әлеуметтануда адамның осындай өзіне тән ерекше қырын атау үшін арнайы термин енгізілді. «Харизма» түсінігін ғылыми айналымға неміс әлеуметтанушысы, тарихшы, экономист және юрист М.Вебермен енгізген [7]. Сонымен біз «харизма» деп ерекше лидерлік қасиеттер және лидердің іс-әрекет сипаттамасының жиынтығын айтамыз, сонымен қатар өзіндік бір жеке ерекшелігімен лидердің өзгелерге әсер ете алу қасиетін түсінеміз.

Харизмаға ие адам өз жолын қушылардың көз алдында тылсым күшті иемденуші, күнәсіз, қателеспейтіндер болып саналды. Олардың қатарында әйгілі саясаткерлер, үкімет басқарушылары, әулиелер аталды. Ақиқатында «туылғаннан лидерлер» деп аталатын адамдар кездеседі.

«Болмыс теориясы» жеткілікті деңгейде теріс көзқарастарға да ие болды. Бұл тұрғыдан ғалым Е.В. Андриенко әлеуметтік топтағы өмірлік әрекеттің әр түрлілігі лидердің түрлі қасиеттерінің болуы қажеттігімен түсіндіреді [8].

Р.Стогдилл лидер сипатына қатысты 120-дан астам зерттеулерді салыстыра отырып, тұлғалық ерекшеліктерге байланысты ғылыми негізделген мәліметтер жоқ деген қорытындыға келді [9].

Е.В. Абашкина аталған ғалымдардың еңбектеріндегі лидерлердің сипатына жан-жақты талдау жасай отырып, былайша жинақтап көрсетеді:

- ізбасарлары тарапынан қолдау табуы;
- өзіне деген сенімділігі;
- күтілген нәтижеге жетуге сенімділігін көрсете алуы және ол туралы айналасындағыларға түсінікті және жүйелі түсіндіре алуы;
- өз адамдарына дем беріп, рухтандыру үшін жеткілікті оптимизмі мен сенім қорының болуы;
- жігерлілігі, мінезінің жұмсақтығы;
- көңіл күйдің орнықтылығы [10].

Е.В. Андриенко лидер болып қандай да бір ерекше қасиетке ие адамдар ғана бола алады дегенді еш негізі жоқ дей отырып, бірақ дәл осы теорияның психологиялық және практикалық маңыздылыққа ие екендігін жоққа шығармайды [8, 142 б.].

Сонымен, ғалымдардың осындай пікір таластыруларынан кейін лидер рөлін анықтау теориясы пайда болады.

«Лидер рөлін анықтау теориясын» американдық зерттеуші Р.Бейлз негіздеген. Р.Бейлз лидер – бұл ерекше рөлді қабылдаушы деп көрсетеді. Бұл теорияны Т.Ньюк, А.Харе де қолдады. Олар бірнеше топта бір адам әр түрлі рөлді ойнайды және түрлі орынды иемденуі мүмкін деп көрсетті. Олардың пікірінше, лидерлік тұлғаның немесе топтың атқаратын қызметін емес, оның әр түрлі жағдайларға тап болғанда күрделі және көпжоспарлы ықпал ету нәтижесін білдіретіндігін түсіндіреді. Олар лидердің бір бірінен ерекшеленетін екі түрін атап көрсетеді:

Біріншісі – жұмысты орындау барысында пікірлерін, ұсыныстарын білдіру мен мәселелерді шешуге байланысты кәсібилік рөлі.

Екіншісі – адами қарым-қатынас мәселесін шешуге қатысты «әлеуметтік-эмоционалдық маман» рөлі. Топтың әрекетінің жемісті және тиімді болуы үшін лидерліктің осы екі түрі де болуы қажет [10, 78 б.].

Осы теориямен қатар, батыс әлеуметтанушылары арасында лидерлік бойынша жағдаяттық теория кеңінен таралды. Онда лидерлік – бұл, ең алдымен, топтағы құрылған жағдайдың өнімі, бір жағдайға қатысты лидер болған адам, беделдікке ие болады. Осыған байланысты ол топтың лидері ретінде саналады.

Бұл теорияның жақтаушыларының бірі болып американдық зерттеуші Ф.Фидлер табылады. Ол өткен жылдықтың 50-ші жылдарындағы Р.Бейлздің теориясын нақтылай түседі. Жоғарыда аталған теорияларға сәйкес, әр топта кем дегенде екі лидер типі орын алады: эмоционалды (тұлғааралық қарым-қатынасты реттеуді қамтамасыз етуші) және инструменталды (тиімді іс-әрекет түріне инициатива тудырушы және мақсатқа жетуге жалпы күш салушы) [11].

Жағдаяттық теориялар лидерлер рөлдерін анықтаушы теорияның өңделуіне негіз болды. Аталған теория бойынша лидерлік – ізбасарлар іс-әрекетімен байланыстырылды [3, с. 189]. Ізбасарлар лидерді қабылдауы да, қабылдамауы да мүмкін: топ лидерді топ үшін маңызды құндылықтарды бөліскенге дейін қолдайды. Бұл теория бойынша лидерлік феномені ішкі топ дамуының нәтижесі (ұжымның барлық мүшесі бұл үдеріске қатысады, ал топ лидері сәл жоғары әлеуметтік беделге ие болады) болып саналады. Лидер топ мүшелері үшін ұжым қажеттілігін қанағаттандыра алатын және жалпы топтық мақсатты іске асырушы адам.

50-жылдың басында лидерлік мәнін зерделеу топтық өзара қатынасты зерттеумен ұштасты. Осылайша, өзіне «болмыс теориясын», «жағдаяттық теориясын» және «лидер рөлін анықтау теориясын» жинақтаған кешенді теория туындады. Лидердің кешенді теориясын жақтаушылардың тұжырымдауына: лидерлік – бұл тұлғааралық қатынастарды ұйымдастырушы үдеріс, ал лидер – осы үдерісті басқарушы субъект [12]. Осы теорияға байланысты лидерлік феномені топтың

бірлескен іс-әрекетінде қарастырылады. Лидерлік – топтың мақсаты мен міндетін есепке ала отырып, оны алға жетелеу қызметін атқарады.

В.Белл, Р.Хилл, С.Миллз және т.б. лидерлікті зерттеу үшін топтың мақсаты мен міндеттерін және де лидер тұлғасы құрылымын ескеру қажеттігін көрсетеді. Лидердің өзге топ мүшелерінен ерекшелігі оның бойындағы ерекше қасиеттің болуынан ғана емес, оның бойында әсер ету деңгейінің жоғары болуы мен тұлғасына тән сапалардың жинақы түрде қалыптасуынан талап етіледі. Кешенді теория тұлғааралық қатынастарды ұйымдастыру үдерісінің негізгі құраушы бөліктерінің өзара байланысына басты назар аударады. Олардың қатарына лидерлердің, олардың ізбасарларының лидерлік қасиеттерінің көрінуіне ықпал ететін қолайлы жағдайлар жатады.

Лидерлік теорияларын қарастыра келе, біз төмендегідей қорытындыға келдік: жоғарыда көрсетілген әрбір теория өзінше өмір сүре алады, алайда олардың түйінді ережелерін жинақтаған лидерліктің кешенді теориясы бүгінгі күні ең нақты және кең тараған теория саналып отыр. Сонымен, лидер, лидерлік мәселесі қарастырылған психологиялық-педагогикалық еңбектерге жасаған талдау лидер, лидерлік феноменінің әдебиеттерде жан-жақты талданғанын, бірқатар лидерлік теориялардың (болмыс теориясы, жағдаяттық теория, лидер рөлін анықтау теория, кешенді теория және т.б.) қалыптасқандығын көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012.
- 2 Байкулова А.М. Психологиялық зерттеулердегі лидерлік мәселесі // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Психология сериясы. – Алматы, 2015. – №2(43). – Б.22-25.
- 3 Андреева Г.М. и др. Зарубежная социальная психология XX столетия: Теоретические подходы: учебное пособие для вузов. – М.: Аспект-Пресс, 2006. – 288 с.
- 4 Гальтон Ф. Наследственность таланта, её законы и последствия / пер. с англ. – СПб., 1875. – 299 с.
- 5 Левин К. Разрешение социальных конфликтов / пер. с англ. - СПб.: Речь, 2000. – 408 с.
- 6 Ашин Г.К. Критика современных буржуазных концепций лидерства. – М.: Мысль, 1978. – 135 с.
- 7 Вебер М. Харизматическое господство. Психология и психоанализ власти. Хрестоматия. – Самара: Издательский дом «Бахрах», 1999. – Т.2. – С.55-68.
- 8 Андриенко Е.В. Социальная психология: учеб. пособие для студентов высших педагогических заведений / под ред. В.А. Сластенина. – М.: Академия, 2000. – С.141-143.
- 9 Stogdill R.M. Handbook of Leadership. A survey of theory and research. – N.Y., 1974. – 362 p.
- 10 Абашикина Е.Б., Косолапова Ю.Н. О теориях лидерства в современной политической психологии США // Экономика, политика, идеология, 1995. – №1. – С.75-81.
- 11 Fiedler F.E. A Theory of Leadership Effectiveness. – New York: McGraw-Hill, 1967. – P.235.
- 12 Байкулова А.М. Мектептегі өзін-өзі басқару жүйесі арқылы оқушы-лидерді қалыптастыру жолдары // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Психология сериясы. – Алматы, 2015. – №1(42). – Б.61-64.

А.М. Байкулова¹

¹Таразский государственный педагогический институт

ИЗУЧЕНИЕ ПРОБЛЕМЫ ЛИДЕРСТВА В ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Резюме

В данной статье, используя психолого-педагогические литературы, разносторонне рассматриваются проблемы лидерства. Значимое понятие лидерства теоретически глубоко раскрыто в статье. Проанализированы первоначальные теории, касающиеся лидерства: теория бытия, теория, определяющая роль лидера, ситуационная теория и комплексная теория. А также даны суждения из трудов зарубежных ученых, педагогов, психологов о проблемах лидерства. Делается акцент на лидеров двух типов, основываясь на вышеизложенные теории, – эмоциональные (обеспечение регулирования межличностных отношений) и инструментальные (порождающие инициативу, выгодную для деятельности и направляющую основные силы на достижение цели). Лидерское качество, будучи не врожденным, а приобретенным в процессе воспитания, является социально-психологическим феноменом.

Ключевые слова: лидер, лидерство, способность, харизма, харизматический лидер, теория бытия, теория определяющий роль лидера, ситуационная теория, комплексная теория

A.M. Baikulova¹

¹Taraz State Pedagogical Institute

RESEARCHING THE PROBLEM OF LEADERSHIP IN THE PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL LITERATURE

Summary

In this article considered the psychological and educational literature discusses the diverse challenges of leadership. A meaningful theoretical concept of leadership is deeply revealed in the article. The original definition of the theory of leadership is determined by the theory of the role of leader, situational theory and complex theory. As well as this article reviews the writings of foreign scientists, teachers, psychologists about the features of leadership. Based on the above theory-emotional (regulating interpersonal communication) and instrumental (generating initiative is beneficial for activities and guiding the main power on the main target), thus focuses on leaders two types. Leadership qualities not being innate, but acquired in the process of education are leadership, socio-psychological phenomenon.

Keywords: leader, leadership, ability, charism, charism leader, the theory of being, theory defines of the leaderrole, situational theory, comprehensive theory

МРНТИ 15.41.21

Б.С. Мусабаева¹, Г.К. Джумажанова²

^{1,2}Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті

БАЛАЛАР ҮЙІНДЕГІ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕР МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІ

Аңдатпа

Аталмыш мақалада балалар үйіндегі тәрбиеленушілерге тәрбие беру мәселесі жан-жақты қарастырылады. Мақалада балалар үйінде тәрбиеленушілердің үлкендермен қарым-қатынасы, өмірлік қабылдауы және мінез-құлқының қалыптасуы институционалды болып келетіндігі көрсетіледі. Отандық және шетелдік ғалымдар, психологтар еңбектерінде көрініс тапқан аталмыш мәселе туралы пікірлер талданады. Балалардың аталмыш мекемеге бейімделуі үшін оларға ең алдымен, психологиялық қолдау қажеттілігі айтылады. Осыған орай, балалар үйіндегі психолог жұмысының формасын жан-жақты қарастырады. Балалармен жұмыс жасауда оларға сәйкес әдістемелер іріктелініп алынатындығы ескеріледі. Әдістемелерді қолданудың ең тиімді жолы ол арт-терапия, әуен терапиясы және ойын терапиясы әдістемелерінің ерекшеліктеріне шолу жасалады. Арттерапия әдісінің тарихына қысқаша шолу жасайды. Автор зерттеу жұмысына сәйкес, ойынды терапевтік құралға жатқызудың бес белгісін бөліп көрсетеді.

Түйін сөздер: тәрбие, арт-терапия, әуен терапиясы, ойын терапиясы, әдістеме, тұлға

Қай заманда болмасын балалар үйінде тәрбиеленетін балалар мәселесі қоғамның назарында. Себебі қазіргі таңда баспасөз беттерінде балалар үйі мен мектеп-интернаттардағы жағдай туралы, ондағы тәртіп пен материалдық жағдай жайлы ашық әрі көптеп жазылып жүргені баршамызға мәлім. Балалар үйінде тәрбиеленушілер өмір сүруге қажетті барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілгенімен, ересектердің эмоциялық қарым-қатынасының тапшылығы, ортаға бейімделуіндегі психологиялық қиындықтар олардың жан-жақты дамуын баяулатады. Мұның себебін біз балалар тәрбиеленушілеріне тәрбиенің жетіспеушілігінен деп ойлаймыз. Мәселен, балалар үйінде тәрбиеленушілердің психикасының қалыптасуы отбасыда тәрбиеленген балаларға қарағанда психиканың басқа заңдылықтармен ерекшеленеді.

Баланың психикасының дамуына, жеке адам болып қалыптасуына қоршаған ортасы үлкен ықпал ететіні мәлім [1]. Сол сияқты балалар үйінде тәрбиеленушілер де ортақ бір өмір сүру ортасын құрайды. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, отбасыда тәрбиеленген балаларда өз қоршаған ортасында туыстық бауырмашылық сезімін туындатып үлкендермен және кішілермен қарым-қатынасы жүйелі жүргізіліп отырады. Ал балалар үйінде тәрбиеленушілердің үлкендермен қарым-қатынасы, өмірлік қабылдауы және мінез-құлқының қалыптасуы институционалды болып келеді. Яғни олар тұйық, өз бетінше шешім қабылдай алмайтын болады, өз ойын, қызығушылығын жеткізуге қорқарды, кей жағдайда ашушаң, ызакор, әсіресе жан-жағындағы талап қойғыш адамдарға тісін қайрағыш келеді. Осыған орай, балалар үйінде тәрбиеленушілердің психологиялық сипатының жалпы беталысы жұпыны келеді [2].

Сол себепті аталмыш мекемеде тәрбиеленушілер қоршаған орта талаптарына бейімделуі тиіс. Бұндай мекемелер балаларды тәрбиелеу және басқа да өмірлік тәжірибелерді баланың ерікті-эмоционалды дамымауына әкеп соқтырады. Осы тұрғыда өз зерттеуінде И.А. Залысина, балалар үйінде тәрбиеленушілер мен отбасыда тәрбиеленуші балалардың уайымдау қажеттілігін салыстырмалы түрде зерттеген [3]. Соның нәтижесінде балалардың қоршаған ортадағы адамдарға уайым сезімін тудыруға қабілетті емес екенін дәлелдеген. Көбінесе олар басқа адамның сезіміне жауап беруде туындайтын реактивті уайымдау олар үшін бөтенсу сезімін тудырады. Осындай бала мен ересектердің өзара қарым-қатынасын қанағаттардыру үшін баланы ересек адамның алдында еркін ұстай алатындай, ойын ашып айта алатындай, сезімін толық жеткізе алатындай жағдай туғызу қажет. Себебі балалар үйіндегі тәрбиеленушілер өздерінің пікірін, ойын толық жеткізе алмайды. Олардың өз пікірі болғанымен де ересектердің пікіріне сүйенеді. Сондықтан да бұндай балалардың сезімін ашу үшін оларға түсіністікпен қарау қажет.

Ал, А.М. Прихожан мен Н.Н. Толстой балалар үйінде тәрбиеленушілердің психологиялық аумағы жайында: «Балалар үйінде тәрбиеленушілер үлкендермен қарым-қатынасында өзіне агрессиялық зейінді аударады [4]. Қарым-қатынас барысында туындайтын кикілжің жағдайларды шешуден балалар үйінде тәрбиеленушілер өздеріне жауапкершілікті артпайды, өздерінің мәселелерінің шешілу жолдарын қоршаған ортадан күтеді. Олардың бойында қоршаған ортаны кіналау сезімі, агрессия, өз кінәсін мойындай алмаушылық сезімдері осы мекемеде тәрбиеленуші балалардың бойында кикілжің жағдайды шешуде басым кездеседі» деп тұжырымдады. Бұл аталған ерекшеліктер баланың бойында қорғаныш сезімін тудырады. Олар қиын әрекеттен шығудың орнына, аффективті әрекетке жүгініп, жауапкершілікті басқаның мойнына артуға тырысады [5]. Демек, бұл көрсетілген ерекшеліктер жетім балалардың эмоционалды еріктік аумағының қалыптасуын сипаттайды.

Осы тұста айта кетер жайт, жалпы балалардың мұндай мекемеге тапсырылуы әртүрлі себептерге байланысты екендігі баршамызға белгілі. Мәселен, ата-ана қамқорлығынсыз қалуы, ата-анасының ішкілікке салынуы, баладан бас тартуы, материалдық жағдайлардың жетіспеушілігі, психикалық ауытқулар, ақыл-ойдың артта қалуы сияқты жағдайларды айтуымызға болады. Бұл факторлардың өзі қоғамдық ортаға ауырлық тудырады. Жалпы аталмыш мәселе тек ХХІ ғасырда ғана көтеріліп отырған мәселе емес. Бұл жайындағы мәселелер сонау ХVІІІ ғасырдан бастап қозғалып келеді [6]. Сол себепті ата-ана қамқорлығынсыз қалған жеткіншектерді тәрбиелеудің тарихы адам тарихы сияқты көне болып келеді. Оларды тәрбиелеу тарихи арнайы мекемеде қысқаша айтқанда көп уақытты құрайды. Сондықтан да ата-ананың қамқорлығынан тыс қалған балаларға психологиялық көмек жайлы біз сөз қозғауымызға тура келді. Ол мәселе дәл қазіргі жағдайдағы көз алдымызда өтіп жатқан мәселелермен тығыз байланысты. Бұл балалар үйіндегі тәрбиешілердің эмоционалды өмірінің толықсыздығы олардың әртүрлі психикалық тежелулер мен әлеуметтік бейімделудің бұзылуына әкеп соқтыратындығын естен шығармауымыз керек. Мұндай жағдайда балалар үйіндегі балалардың эмоционалдық жағдайының тым жоғары немесе тым төмен болуымен қатар, қоғамдық ортада өзін тым жоғары немесе тым төмен түсіріп жіберуін көрсетеді. Сондықтан да бұл жағдайда да эмоционалды, ерікті, тілдік қимыл-қозғалыстың сонымен қатар әлеуметтік жетіспеушілік мәселелері туындайды. Осыдан баланың ақыл-ойының кемістігі көрініп, танымдық процестерінің дамымағандығы анық байқалады. Себебі, олар өз ой-пікірінен айырылып басқаның пікірімен жүреді.

Сол себепті де балалардың аталмыш мекемеге бейімделуі үшін оларға ең алдымен, психологиялық қолдау қажет. Психологиялық қолдау – балалар мен ересектердің арасындағы қарым-қатынасты күшейтетін маңызды факторлардың бірі [7]. Осындай жағдайларға байланысты балалар үйіндегі психолог жұмысының формасына қысқаша тоқтала өтуді жөн көрдік. Оларға: диагностика, коррекция, профилактиканы жатқызуға болады. Алайда әдістемелерді таңдауда балалар үйінде тәрбиеленушілердің психологиялық ерекшеліктеріне байқап әсер етуге тура келеді. Әсіресе ол коррекциялық түзету-дамыту жұмыстарына байланысты болса. Себебі мұндай балалармен жұмыс жасауда оларға сәйкес әдістемелерді табу қиынға соғады. Олай дейтін себебіміз, отбасында тәрбиеленген балаларға қатысты іс-тәжірибелік зерттеулер көбінесе балалар үйінде тәрбиеленушілерге сәйкес келе бермейді. Өйткені олар кейбір ойын, жаттығудың мағынасын түсіне бермей, олардың шешу жолдары қиынға соғады. Ал кей жағдайларда мұндай тапсырмаларды шешу барысындағы баланың көңіл-күйінің өзгеруі, тежелуі, қорқыныш, үрей, уайымдаудың туындауы бала психикасының дамуын тежеп отырады.

Сондықтан да әдістемелерді қолданудың ең тиімді жолы ол арт-терапия ертегі терапиясы, құм терапиясы әдістемелерді қолдану табысты болып табылады. Осылардың ішінде біз арт-терапия, әуен терапиясы және ойын терапиясы әдістемелеріне тоқталуды жөн көріп отырмыз [8]. Яғни бұл әдістемелер арқылы біз баланың жеке ерекшелігі мен «Мен» қасиетін анықтауымызға болады. Сондай-ақ олармен жұмыс жүргізгенде мінез-құлықты баланың тұлғалық қасиеттерін, әсіресе, тұлғаның адамгершілік және еріктік қасиеттерін түзету және қайта қалпына келтірумен байланыстыру керек.

Олардың бойына ізгі қасиеттерді сіңіре отырып, олардың ар-намысына тимеуге, абыройларын, ар-ожданларын құрметтеуге рухани-адамгершілік пен әдептілікке баулу, адамды сүйе, сыйлай, құрметтей, қадірлей білуге үйрете отырып балалардың дамуындағы мынандай психологиялық ерекшеліктерге көңіл бөлу керек. Оларға:

- психикалық процестердің дамуындағы ерекшеліктер: қабылдауының төмендігі, түйсінудің әлсіздігі, есте сақтаудың, қиялдың баяу дамуы, көрнекілік-бейнелік ойдың толық жетілмеуі, ерік-жігері әлсіз, зейіннің тұрақсыздығы, т.б.;

- мінез-құлық дағдыларындағы ерекшеліктер: жиі көңіл-күйдің өзгеруі мен тұрақсыздық, ашушандық, өзін-өзі ұстай алмаушылық, сабырсыздық, сенбеушілік, ызақорлық, тұйықтық, енжарлық, қатыгездік, ұқыпсыздық секілді жағымсыз мінез-құлық дағдылардың басымдылығы;

- қарым-қатынастағы ерекшеліктер: құрдастарымен жиі келіспеушілік, құрдастарымен бірігіп ойнай білмеуі, үлкендермен сөйлесе алмау, оқшаулануы [9].

Сол себепті де балалар үйіндегі тәрбиеленушілерге тәрбие беруде мынандай терапия әдістерін пайдалану тиімді болады.

- ✓ Арттерапия әдісі – бұл әдіс өнерді бейнелік іс-әрекет ретінде қолдануда құрылған. Арт-терапия – бұл бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді. «Арттерапия» – термині (арт-өнер, artterapy-өнер арқылы терапия жүргізу) көбіне ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған. Арт-терапия – ауру адамның психоэмоционалды халіне шығармашылық арқылы ем жүргізу және әсер етуді білдіреді. Алғаш бұл термин 1938 жылы Адриан Хиллдің санаторияда туберкулез ауруына шалдыққандардың көңіл-күйлерін сипаттау жұмысында қолданылады [10]. Кейіннен бұл термин өнерге қатысты барлық терапияның салаларында (музыкалық терапия, драмалық терапия және т.б.) қолданыла бастайды. Бірақ арт-терапиялық әдістемелер жеке дара әдістеме ретінде де терапияның көмекші әдістемесі ретінде де қолданылады. Арт-терапия тәрбиеленушінің өзінің шығармашылығы және өнер шығармалары (картина, мүсін, кітап, киноөнері) арқылы жүзеге асырылады. Арт-терапияны бірінші кезекте күрделі эмоционалды күйзеліске ұшырағандарға, қарым-қатынаста қиналатындарға, көп үндемейтіндерге, ұялшақтарға қолданылады.

- ✓ Ал сурет терапиясын қолдану үшін көрсеткіштер: эмоционалды дамудың қиындығы, өзекті күйзеліс, кобальжуы, баланың эмоционалды бас тартуы және жалғыздық сезімін бастан кешуі, үрей, қорқыныштар жеңуге көмектеседі. Мәселен, адам сурет сала отырып, өзінің ішкі сезімін, көңіл-күйін білдіруге мүмкіндік алады, өзіне жағымсыз жайттарды жеңіл қабылдайды.

- ✓ Әуен терапиясы – қорқыныш, үрей, уайымды сезінетін балалармен жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

- ✓ Ойын терапия, яғни түрлі түрдегі ойындарды қолдану. Ойында бейнелерді қолдануда психологиялық артықшылықтардың қатары бар. Біріншіден, баланың тұлғалық өсуі үшін оңтайлы жағдайлар құрылады. Ойынды терапевтік құрал ретінде қолдану екі негіз бойынша жүреді. Оның біріншісі, ойын баланы зерттеу үшін, құрал ретінде қолданылады. Ал екіншісі, жарақаттаушы жағдайды еркін қайта жаңғырту жатады [10]. Сонымен бірге, ойын баланың дамуындағы зақымдарды ашуға және емдеуге арналған. Ойын терапиясы санаға көлеңке тастап және ойын барысында балаларда жарақат, мәселе, өткен тәжірибе немен ассоциацияланатын, оған қалыпты өмір сүруге не кедергі келтіретінін көруге мүмкіндік беретінімен құнды.

Осыған орай, ойынды терапевтік құралға жатқызудың бес белгісін бөліп көрсетуге болады:

1-ден, ойын – бұл баланың өзін көрсетуі үшін табиғи жағдай;

2-ден, баланың ойын кезінде жасағаны, оның эмоциялары мен қорқыныштарын бейнелейді;

3-ден, бала санасыз түрде ойында көңіл-күйін көрсетеді, ол өзінің көңіл-күйін жақсы түсінеді және оны басқара алады;

4-ден, ойын бала мен психолог арасындағы жақсы қатынасты орнатуға көмектеседі және оның мінез-құлқы күтпегендей болады;

5-ден, ойын психологқа баланың өмір тарихын көбірек білуге мүмкіндік береді.

Сол себепті балаларды тәрбиелеуде рухани-адамгершілік тәрбие бере отырып жасөспірімдердің өзінің өмірдегі орнын, атқаратын міндетін, қазіргі және болашақтағы жауапкершілігін түсінуі және өзін-өзі үздіксіз, бірқалыпты жетілдіру бағыт-бағдар беру қажет. Тәрбиеде өнеге-үлгіні сүйеніш ету ұстанымы тәрбиеленушілерге аса сезімталдықпен қарау міндетін жүктейді. Балалар үйіндегі тәрбиеленушінің бойынан кішкентай болса да жақсылықтың ұшқынын байқап, оны тәрбие процесінде пайдаланатын болсақ, оның өзі бала жүрегінен жол тауып, аз да болса жаман жолға түспеуіне көмегін тигізері сөзсіз.

Ұнамды үлгі-өнегелерді сүйеніш ету ұстанымының талаптарын пайдалана отырып, балалар үйіне түскен тәрбиеленушінің ұнамды мінез бітісін дәл тауып, оны әлі қалыптаса қоймаған немесе жағымсыз мінез-құлықтарын түзетуге пайдалануға болады. Балалар үйіндегі тәрбиеленушілермен жүргізілген жұмыста нәтижеге жетуі үшін тәрбие процесінде дау-дамайға, педагог пен тәрбиеленуші арасындағы қайшылықтарға жол бермеу керек. Баланың кемшілігін көргіш болсақ, ықыласын жойып, қызығушылығы мен ынтасын да жоямыз. Әрбір істе баланың кемшілігін емес, жеңісін іздеу қажет. Сондықтан тәрбиеленушінің ықыласын оятып, қолынан келетініне сендіріп, мүмкіндігінше ең алдымен ұнамды қасиеттерін анықтап, қажет болса қалыптастырып, одан әрі оларды жетілдіре түсу керек. Тәрбиеленушілердің өзіндік қызығушылықтары мен бейімділіктеріне негізделген тәрбие тиімді болады.

Қорыта айтқанда, аталмыш терапиялар арқылы біз тұлға бойындағы қабілетін көрсетіп, шығармашылығын шыңдай аламыз. Ал шығармашылық қабілеттер қиялдың байлығымен, ойлаудың ерекшелігімен, заттарға деген сындарлы көзқараспен жаңа шешім және идеяларды ұсыну мүмкіндігімен, өз білімін, икемділігі мен дағдысын іске асыру барысында өмірлік белсенді ұстаным көрсете білуімен сипатталады. Демек тұлға шығармашылығын дамытуда әдістемелерді қолдану маңызды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байкулова А.М. Психологическая структура школьного класса и качества лидера // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия Психология. – Алматы, 2014. – №4(41). – С.167-172.
- 2 Леонтьев А.Н. К теории развития психики ребенка // Проблемы развития психики. – М., 1981.
- 3 Танқаев С.Д. Семьяның рухани күйі. – Алматы: Білім, 1983. – 36 б.
- 4 Психологические аспекты воспитания детей в домах ребенка и детских домах/Вопросы психологии, 1990. – №6.
- 5 Особенности развития личности ребенка, лишённого родительского сельского попечительства. Дети с отклоняющимся поведением. Под.ред. В.С. Мухиной. – М., 1989.
- 6 Очерки о развитии детей, оставшихся без родительского попечения / под.ред. М.Н. Лазутовой. – М., 1994.
- 7 Намазбаева Ж.И., Каракулова З.Ш., Садыкова А.Б., Сейдулаев К.Б. Развитие личности в процессе психологизации современного образования. Монография. – Алматы: Издательство «Ұлағат» Каз НПУ им. Абая, 2013. – 272 с.
- 8 Дети-сироты: консультирование и диагностика развития / под.ред. Е.А. Стребелевой. – М., 1998.
- 9 Копытин А.И. Тренинг коммуникации. Арт-терапия. – М., 2006.
- 10 Ковалев С.В. Введение в современное НЛП. Психотехнологии личностной эффективности. – М.: Московский психолого-социальный институт, Филинта, 2002.

Б.С. Мусабаева¹, Г.К. Джумажанова²

^{1,2}Государственный университет имени Шакарима города Семей

ЭМОЦИОНАЛЬНОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ДЕТЕЙ И СОТРУДНИКОВ В ДЕТСКОМ ДОМЕ

Резюме

В этой статье подробно рассматривается проблема воспитания детей в детских домах. В статье показано, что в детских домах отношения детей со взрослыми, их восприятие жизни, формирование характера являются институциональными. Анализируются мнения отечественных и зарубежных ученых и психологов по этой проблеме. Необходимость психологической поддержки в первую очередь предназначена для адаптации детей к этому учреждению. В этой связи психолог работает в детском доме комплексно. Принимается во внимание, что для работы с детьми будут выбраны соответствующие методы. Лучший способ использовать эти методы – пересмотреть особенности арттерапии, меланотерапии и игровой

терапии. Дается краткий обзор истории метода арт-терапии. Согласно исследованию автора, рассматриваются пять значений игры как терапевтического средства.

Ключевые слова: воспитание, арт-терапия, мелодическая терапия, игровая терапия, методология, личность

B.S. Musabaeva¹, G.K. Jumazhanova²

^{1,2}Shakarim State University of Semey

THE EMOTIONAL INTERACTION BETWEEN CHILDREN AND STAFF IN THE ORPHANAGE

Summary

This article considered the problem of raising children in orphanages. The article shows that in orphanages, institutionalized relationships with adults, teenagers, and behavioural relations. The opinions of domestic and foreign scientists and psychologists analyzes about their work. The need for psychological support is primarily designed to adapt children to this institution. In this regard, the psychologist work in the orphanage complex. Taken into consideration that children will be selected appropriate methods. The best way to use these methods to review the features of art therapy, mechanotherapy and play therapy. A brief overview of the history is art therapy. According to the study the author considered the value of five games as a therapeutic tool.

Keywords: education, art therapy, melody therapy, play therapy, methodology, personality

МРНТИ 15.21.45

A.K. Бикадамова¹, Н.Қ. Тоқсанбаева²

*^{1,2}ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан*

СТУДЕНТТЕРДІҢ СЕССИЯ КЕЗІНДЕГІ СТРЕССТІК РЕАКЦИЯСЫНЫҢ КӨРІНУІ ЖӘНЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Елбасымыз айтқандай, «білім беру – біздің дамуымыздың негізгі факторы. Білімді, сауатты халық – ХХІ ғасырдың адамзат тарихындағы дамудың негізгі қозғаушы күші. Қазір талантты, өз-өзіне сенімді, өз алдына мақсат қойған және осы мақсатты жүзеге асыра алатын ерік-жігерлі адамдардың ғасыры. Біз жаңа ғасырдың талаптарына тез бейімделіп, қатаң бәсекелестікке дайын болуымыз керек. Жастар – жаңа идеяларға толы, болашақты ойлайтын ұрпақ» – деп қазіргі студент жастарымыздың болашағынан үміт артуда.

Болашақ маманның оқу әрекетіне алғаш күндерінен-ақ сәтті қабылдануының алғышарты, кәсіби-білікті, тұғырлы азамат ретінде қалыптасуы, жеке тұлғалық дамуы, жоғары оқу орнындағы оқу процесінің алғашқы кезеңдеріне бейімделуімен байланысты. оның күрделілігі мынада, яғни, студентте жеке тұлғалық құндылық-танымдық бағдар қайта құрылады, танымдық әрекеттің жаңа тәсілдері игеріледі, тұлға аралық байланыстар және қарым-қатынастардың жаңа түрлерімен формалары қалыптасады. Студенттегі бейімделу процесі неғұрлым тиімді жүрсе, психологиялық комфорт, жоғары курстарда оқу мотивациясы, оқу әрекетінің мазмұны және бағыты соғұрлым тиімді болмақ. Жоғары оқу орнында оқу студенттердің белсенді бейімделуімен шартталған. Жоғары оқу орнындағы білім беру процесінің оқудағы бейімделу ерекшеліктерін қарастырған ғалымдар: И.А. Зимняя, В.Я. Ляудис, С.Л. Смирнов, В.А. Якунин т.б.

Түйін сөздер: стресс, қарым-қатынас, қабілет, тұлға, әдіснама, құндылықтар, дарын, талант

Қазіргі таңдағы соңғы зерттеулер көрсеткендей, студент кез-келген жоғары оқу орнына түсу барысында, жоғары мектепке сәйкес жаңа спецификалық факторлар кешеніне бейімделуі керек. Оған қоса, соңғы жылдардағы оқу іс-әрекетінің мазмұны, талаптарының өзгергені соншалық, бейімделу механизмдері барлық қиыншылықтарына төтеп бере алмауда. Ал, ол өз кезегінде бейімделу процесінің әлсіреп нәтижесінде тоқтап, стресстік түрлі салдарға әкелетіні әбден анық.

Стресс мәселесі ХХ ғасырдың психологиядағы, физиологиядағы, медицинадағы, өндірістік сферада өріс алған ең ауқымды мәселелердің бірі. Мұның бәрі қазіргі адамзаттың студенттік, кәсіби, жеке өмірінде жиі туындайтын қиын жағдайлармен тікелей байланысты, яғни тұлға өзінде қалыптасқан энергиясын (стресстің физиологиялық механизмінен туындаған) толыққанды іске

асыра алмай, содан бұл энергия жеке тұлғаның өзіне кері әсерін тигізеді, бұл адамда дистресс механизмінің қалыптасуына итермелейді.

Стресстің және дистрессстің қалыптасуының ғылыми теориясына келсек, бұл ұғымдарды алғаш енгізген канадалық физиолог Г.Селье (1936 жыл) «Бүкіл ауру стресстен!» деген стресстің универсалды формуласын ұсынған. ол: «стресс – өмірдің тек жағымсыз жағдайы емес, ол қандай да болсын жағдайға ағзаның стереотиптік, филогенетикалық қорғаныштық, бейімделушілік реакциясы» – деген.

Ғылым мен техниканың дамуы, оқу кезеңінде студенттердің игеруіне әкелетін ақпараттар көлемінің өсуінен тұрады. Білікті мамандарды дайындау ең алдымен оқыту технологияларды, оқыту бағдарламалар мен ғылыми-әдіснамалық қорларды жетілдірумен жүзеге асатыны белгілі. Бірақ, осындай міндеттерді сәтті шешу, студентті кәсіби дамыту үшін, оқу жоспарын игеруіне жағдай жасауға байланысты міндеттерді орындауға байланысты.

Стресстің эмоционалды, мінез-құлықтық деңгейлерінде өткізілген әдебиеттерге теоретикалық-тәжірибиелік зерттеулерге арналған жұмыстарды Л.А. Китаева-Смык, М.А. Новиков, Э.Л. Носенко, В.М. Снетков, Ю.Л. Ханин еңбектерінен көруге болады.

Стресстің әлеуметтік-психологиялық мәселесін түрлі феномендерін зерттеп, доминант стрессорларға негіздеген В.А. Бодров, В.А. Ганзен, Л.С. Кондратьева ғалымдарының жұмыстарында дамыды.

Стрессті зерттеуде П.К. Анохин, Г.Н. Кассиль, Т.А. Немчин және К.В. Судаков еңбектері оның кешенді талдау барысында физиологиялық, психологиялық, психифизиологиялық және әлеуметтік-психологиялық деңгейлеріне бөліп қарастыруды ұсынса, Р.Лазарус психологиялық стресстің когнитивті теориясының негізін қалаушысы.

Стресс концепциясының шығуы бейімделу үрдістерінің табиғатын анықтаудың кезекті дамуы болып табылады. Стресс концепциясының негізін салушы XX ғасырдың атақты физиологтарының бірі Г.Селье болды. Ол 1907 жылы Венада, Австро-Венгерлік империя орталығында туылып, бастапқы медициналық білімді Прагада, кейін Париж және Рим университеттерінде алды. Ұлтшылдықтан қорғану мақсатымен ол Америкаға эмиграцияланды. атақты АҚШ-тың медициналық орталығы Дж.Гопкинс университетінде жұмыс жасады және канададағы Макгил университетінде зерттеулерін жалғастырды. Эмигранттың қиын жолы ойлаудың жалпы ғылымдық философиясының қалыптасуында көп нәрсе берді. Еуропалық жаратылыстануда дамыған құбылыстар талдауының біртұтастылығы қағидасын ескеріп және АҚШ-ғы "қиын эксперимент" мектебінен өте отырып, ол тышқандарға әр түрлі зиян әрекеттер жасау арқылы өз тәжірибелерінің нәтижесінде жалпы ерекшеліктерді көрді. Зерттеу нәтижелері қысқаша стресс деп аталған (ағылш. тілінен стресс – қысым, күштеу) жалпы белсенділік синдромның концепциясын қалыптастыруға негіз болды. Алғаш рет концепцияның негізгі құрылымы 1936 жылы Nature журналында жарияланған мақаласында жазылды. Бұл мамандардың қызығушылығын тудырды, өйткені ол материалдар ағзаның әр түрлі экстраординалды факторлардың әсеріне байланысты ағзаның үйрену реакциясының табиғатын өзгертті. селье қандай да бір зақымданудың әсерінен (токсиндер, т.б.) жануар ағзасында күтетін локальді бұзылыстардан басқа әсер ететін факторға байланысты тікелей қатынасы жоқ өзгерістер болатынын көрсетті. Бұл оған стресс ағзаның сыртқы әсер етулерден қорғанысы ретінде пайда болатын анықтауға әсер етті. Сонымен қатар, ол стресс синдромының пайда болу заңдылықтарын және уақытқа байланысты даму жолдарын бейнеледі [1].

Стресс – бұл күтпеген, шытырман жағдайда туатын эмоциялық күй. Қауіп-қатер жағдайындағы жылдам әрекеттер, шапшаң шешімге келу қажеттілігі, қауіптенген сәттегі көрсететін реакция болып табылады. Стресстік жағдайда мақсатты әрекет зейінді аудару мен бөлуді жүзеге асыру қиынға соғуы мүмкін, тіпті әрекеттің жалпы тежеліске ұшырауы немесе мүлдем бұзылуы мүмкін. Бірақ бұл кезде дағды мен әдет өзгеріссіз қалады да сапалы әрекет орынына жүреді. Стресс кезінде қабылдау, ес қажеттіліктері, кенеттен көрінген қарсыластардың санын анықтауда күтпеген жерден туған әсерге сай келмейтін реакциялар, тағы басқа болуы мүмкін. Белгілі бір жағдайдың адамда стресстік күй тудыра алатынын немесе тудырмайтынын алдын ала анықтау мүмкін емес. Стресстік жағдайдағы мінез-құлық көбіне адамның жеке басының ерекшелігіне – оның жағдайды тез бағалай білуіне, күтпеген жағдайда қолма-қол бағдар табу дағдысына, ерік жинақтығына, бағыттылығына, әрекет мақсаттылығы мен ұстамдылығының өрбуіне, осы тәрізді жағдайларда бастан кешірген мінез-құлық тәжірибесіне байланысты болып келеді [2].

Эмоционалды стресс – бұл қақтығысты өмір жағдайларында, адамның әлеуметтік және

биологиялық қажеттіліктерін қанағаттануын ұзақ уақыт шектейтін, айқын көрінетін психоэмоциялық бастан кешулері. Стресстің биологиялық мәні ағзаның қорғаныс күшін жұмылдыра алуында. Т.Кокс бойынша, стресс – бұл тұлғаға қойылған талаптар мен осы талаптарды орындау қабілеттілігін салыстыру барысында туындайтын саналаудың феномені. Бұл механизмдегі тепе-теңдіктің болмауы стрессті және жауап реакциясын тудырады. Экстремалды және бұзушы факторлар кезінде әрекетке ең сезімтал стресстік реакцияға араласатын эмоциялық аппарат болып табылады. Сондықтан жиі жағдайда эмоциялық стресс жайлы сөз қозғалады [3].

Стресс терминін алғаш рет 1936 жылы канада ғалымы Ганс Селье енгізген. ол стрессті белгілі бір төтенше жағдайларда пайда болатын реакция деп қарастырған [4]. Қазіргі өмірде неше түрлі жағымсыз жағдайлар көптеп кездесіп тұрады. ауа-райының күрт өзгеруі, жұмыстағы көптеген мәселелер, көліктегі ұрыс-керіс, кездесуге кешігу, отбасындағы келеңсіздіктер... осының бәрі әр адамға әртүрлі әсер етеді. Тіпті оның зардабынан жүйке жүйесі бұзылып, әртүрлі ауруға шалдығуға себеп болады. Кей адамдар жағымсыз жағдайларға көп көңіл бөлмейді, қандай мәселе болмасын шыбын шаққан құрлы көрмейді. екінші біреулер салы суға кетіп, ауруына ауру жамап жатады. Демек, бұл тек көңіл-күйге әсер ететін психологиялық фактор ғана емес, адам денсаулығына кейде шешуші әсер ете алатын медициналық проблема. Ағзадағы барлық құбылыс мидың қозуынан басталатыны белгілі.

Кез-келген жағымсыз құбылыс алдымен мидың елегінен өтеді. келесі кезекте оған эндокриндік жүйе қосылып, бүйрек үсті бездері гормондар бөле бастайды. Осымен бір мезетте вегетативті жүйке жүйесі жұмысын бастайды, артериалды қан қысымы көтеріледі, жүрек соғысы жиілейді, стрессті жағдайға бейімделуге, қарсы тұруға көмектесетін көптеген өзгерістер жүзеге аса бастайды.

Сансыз эксперименттердің, бақылаулардың нәтижесінде Г.Селье мынадай қорытындыға келеді: ағзаның кез келген тітіркендіргішті қабылдауының күрделі үрдісі өзіне реакцияның екі типін қамтиды: 1) спецификалық; 2) спецификалық емес. Спецификалық реакция нақты бір аурудың белгілерін сипаттайды, оның негізінде осы аурудың диагностикасы жатады. Спецификалық белгілер түрлі ауруларда тез ажыратылады. Кез келген аурудың спецификалық емес жағын Г.Селье зерттеп, осының нәтижесінде стресс теориясы пайда болды. Оны қысқаша былай тұжырымдауға болады: кез келген тітіркендіргіштің, кез келген факторлардың әсерімен ағзада олардың түрлеріне тәуелсіз «стресс» ұғымына бірігетін бірқатар спецификалық емес өзгерістер, немесе жалпы бейімделушілік синдром пайда болады. Стресстің бұл реакциясы бірнеше сатылар мен фазалардан тұрады. Г.Селье стресстің 3 кезеңін бөліп көрсетті:

1. Мазасыздық кезеңі.
2. Қарсылық көрсету, бейімделу, немесе тұрақтану кезеңі.
3. Жүйке жүйесінің ширығу кезеңі [5].

Кез-келген студенттің стресстік күйлерге көзқарасы көптеген факторлар кешенімен анықталады, солардың ішінде маңыздысы студент тұлғасының индивидуалды ерекшеліктері жатады. Жеке тұлға қасиеттерінің физиологиялық сапасына адамның жоғары жүйке жүйесінің әрекет типінің (темперамент) орны ерекше. А.С. Батуевтің пікірі бойынша, ол жүйке жүйенің жалпы қасиеттер жүйесінен құрылады: 1) экстра, интроверсия, 2) эмоционалды тұрақтылық, нейротизм, 3) қозғалғыштығы, нервтік процестерінің инерттілігі. Зерттеушілер алғаш стресстің субъективті факторларын субъектінің индивидуалдық сипаттарынан іздей бастады. Көптеп тараған көзқарастардың пайымдауынша, ер адамдар экстремалды стрессорларға көбірек әсерленсе, ал әйел адамдар біртекті стрессорларға әсер етеді деп тұжырымдайды. Көптеген жұмыстар жүйке жүйесіндегі әлсіздік-күштілік, инерттілік-қозғалғыштық сияқты ерекшеліктерді талдауға арналды. Осы мәселені анықтаудағы зерттеулер стресске тұрақтылықты қалыптастыру үшін біріншіден байсалды күш пен жүйке жүйесінің инерттілігі маңызды деп көрсетті. Соңғы кезде стресске жеке тұлға типі мен вегетативтік реакция арасында байланыс бар деген фактілер жинақталуда. Осыған сәйкес, белгілі болжамдар бойынша, адамның стресске тұрақтылығын анықтайтын екі тип бар «а» және «б» [5, 41 б.].

Кейінірек стрессті зерттеушілердің зейіні индивидтік сипаттаулардан адамның индивидуалды-психологиялық ерекшеліктеріне ауыса түсті. Бұл жеке тұлға ерекшеліктерінің стрессорларды бағалауы және қабылдауына, сонымен қатар адамдардың экстремалды әсерлерге реакциясының тууына себепті болуымен байланысты. Стресске тұрақтылыққа әсер ететін индивидуалдық ерекшеліктердің ішінен эмоционалдық сфераға байланысты бірнеше сапаларды бөліп көрсетеді, соның ішінен ерекше көңілді ашуланшақтық және үрейлену сияқты қасиеттерге бөледі. Бұл екеуі

де төмен стресске тұрақтылықты анықтайды. Мұндағы жеке тұлғалық үрейленушілік стресстік жағдайларды жоғары деңгейлі адекватсыз бағалаумен ұштасса (экстремалды, қауіпті болуы), ал жеке тұлғалық ашуланшақтық – қолайсыз құлықтық реакциялар және стратегиялық құралдармен байланысты.

Стресске тұрақтылыққа когнитивті сипаттағы индивидуалдық ерекшеліктен біріншіден интеллект деңгейі және танымдық стильдер, сонымен қатар кәсіби тәжірибесі әсер етеді. Олар стрессорды когнитивті бағалаумен және стресстік жағдайға бейімделу тәсілін таңдаумен байланысты.

Стресске бейімделуге бақылау локусы мен өзіндік бағалаудың да әсері маңызды. Ішкі бақылау локусына және жоғары өзіндік бағаға ие қызметкерлер өздерінің жағымсыз жағдайларға бейімделу мүмкіндіктерін тиімді бағалайды. Студенттердің стресстік жағдайға бейімделу қабілетінің маңыздылығын ескере отырып, зерттеушілер жеке тұлғаның ерекше интегративті сипаттамасы – стресске тұрақтылық қабілетін көрсетті. Стресске тұрақтылық бұл – стресс-факторлардың әсеріне ағза мен психика функциясының тұрақтылығы, олардың экстремалдық әсерлерге резистенттілігі (қарсы тұра білушілік) және толеранттығы (төзімділігі), адамның нақты экстремалдық жағдайдағы өмір және еңбекке функционалдық бейімделуі, стрессорлардың әсер етуімен болған шамадан тыс функционалдық бұзылыстардың орнын баса білу қабілеттілігі [6, 82 б.].

Стресске тұрақтылық – өзіне және қоршаған ортасына жағымсыз әсер етпей, кәсіби әрекет ерекшеліктерімен шартталған маңызды интеллектуалды, ерік-жігерлі, эмоционалды қиыншылықтарды жеңуге мүмкіндік беретін жеке тұлға саларының жиынтығы.

Стресске тұрақтылық – адамның тұрақты сапасы емес, оны арнайы жаттығулар арқылы дамытуға болады.

Стресске тұрақтылық қысымды, стрессогенді әрекет кезінде қалыптасады және көрінеді. Стресске тұрақтылыққа эмоционалдық тұрақтылықты, функционалдық жағдайды реттеу қабілеттілігін, стрессогендік жағдайға бейімделу стратегиясының тиімділігін, т.б. қасиеттерді жатқызуға болады.

Түрлі формалы стресстік реакцияға пайда болатын адамның тұрақтылығы ең алдымен оның индивидуалды-психологиялық ерекшеліктерімен және жеке тұлғаның мотивациялық бағдарына тәуелді. Экстремалды әсерлер орындалып жатқан әрекеттің тиімділігіне үнемі жағымсыз әсер етеді деп ойлауға болмайды. Қарама-қарсы жағдайда күрделенген сәттерде қиыншылықтарды сәтті түрде жеңу мүмкін емес еді. Бірақ, стресстік күйіндегі жұмыс барысы ішкі қорлардың қосымша мобилизациялануына әкеледі, ал оның кейде жағымсыз кейінге қалдырылған салдары болуы ықтимал. «Стресстік этиология» – жүрек, қан-тамырлар патологиясы, асқазанның шаншуы, психосоматикалық аурулар, невроздар, депрессиялық күйлер – қазіргі таңдағы барлық іс-әрекет түрлеріне тән. Осы таңда патологиялық күйлердің дамуының нәтижесі ретінде қарастырылатын, адамның стресске индивидуалды тұрақтылығын зерттейтін қолданбалы зерттеулер маңызды [6, 322 б.].

М.Фридман және Р.Ройзенманның зерттеулерінде басқару әрекетінде және ақыл-ой әрекетін қажетсінетін адамдардың мінез-құлықтарына, тәртіптеріне кең көлемді талдаулар жасалды. Олар екі негізгі типті көрсетті: А – стресске көп шалдығады, В – стресске тұрақты адамдар. А типтегі адамдарға олардың өмірлік стилдерін анықтайтын тым эмоционалды қылықтық синдромдар тән. Оларда көбіне бәсекелестікке құмарлық, мақсатқа жетуге ұмтылу, агрессивтілік, шыдамсыздық, қобалжу, гиперделсенділік, үнемі уақыттың жетіспеушілігін сезіну қасиеттері басым. Осы қасиеттердің әсерінен жастық шағынан бастап адамдар өздерінің денсаулықтарын құрбан етуде [7, 123 б.].

Жоғарыда аталған анықтамаларды, түсініктерді ескере отырып, келесідей қорытынды шығаруға болады. Сонымен, үздіксіз стресс – студент өмірінің серігі деген қағиданы растайтын көптеген зерттеулер бар. Таубэс және Коэн студенттерді зерттей келе, олардың келесідей жағдайларға байланысты стресске ұшырайтындарын анықтағын: өмір ағымының өзгеруі, бағалау жүйесі, академиялық ауыртпаушылық, достық қарым-қатынас, махаббат, жыныстық қарым-қатынас, ұялшақтық, қызғаншақтық, қарым-қатынастың үзілуі, жұмыс пен оқу, жанұя және оқу, тіл мәселесі, сабақ өткізу формасы.

Студенттердің стресске ұшырауы оның тек оқыту әрекетіне не жаңа өзгерістерге ғана байланысты емес, сонымен қатар әр түрлі өмір жағдайларына, әртүрлі басқа қызмет түрлеріне, қарым-қатынасқа, қоршаған ортасына да байланысты болады, – деп П.Т. Вонг келесідей стресстің көздерін атады: тұлғашылық стресс, тұлғаралық стресс, жанұялық стресс, еңбектік стресс, қоғамдық стресс, экологиялық стресс, қаржылық стресс, тұлғашылық стресс [8, 45 б.].

Кәсіби стресстің пайда болу көздері мен туындайтын факторларын ескере отырып, Н.В. Самоукина кәсіби стресстің негізгі түрлерін бөліп көрсеткен: ақпараттық стресс,

эмоционалдық стресс, коммуникативті стресс, жетістікке жету стрессі, қателік жасаудан қорқудан туындайтын стресс, оқудағы бәсекелестік стресс, ақша табу мәселесіне байланысты стресс.

Жоғарыда аталып өтілген стрессорлардан басқа барлық студент өмірінің негізгі кезеңдерінде орын алып жататын сессия кезіндегі емтихандық стресс [9, 166 б.].

Ғалымдар стресстің көрінуін төмендегідей төрт топқа бөлуде: физиологиялық симптомдары, эмоционалды симптомдары, танымдық (интеллектуалды) симптомдары, және мінез-құлықтық симптомдары.

Студенттердің стресстік жағдайға бейімделу қабілетінің маңыздылығын ескере отырып, зерттеушілер жеке тұлғаның ерекше интегративті сипаттамасы – стресске тұрақтылық қабілетін көрсетті. Стресске тұрақтылық бұл – стресс-факторлардың әсеріне ағза мен психика функциясының тұрақтылығы, олардың экстремалдық әсерлерге резистенттілігі (қарсы тұрабылушілік) және толеранттылығы (төзімділігі), адамның нақты экстремалдық жағдайдағы өмір және еңбекке функционалдық бейімделуі, стрессорлардың әсер етуімен болған шамадан тыс функционалдық бұзылыстардың орнын баса білу қабілеттілігі. Стресске тұрақтылық – адамның тұрақты сапасы емес, оны арнайы жаттығулар арқылы дамытуға болады.

Стресстік реакцияның көрінуіне қатысты эксперименттік зерттеу әдістемелерінің сипатталуы.

Бүгінгі таңда психология ғылымында стресс мәселесін жан -жақты зерттеу ерекше орын алып отыр. Қазіргі кезеңде елімізде психологиялық әдебиеттерде студенттердің стресстік реакциясының көріну ерекшеліктерін зерттеуге байланысты ғылыми-эксперименттік жұмыстар қатары көбеюде.

Психологиялық тәжірибе – бұл экспериментті жүргізушінің ұйымдастыруымен және зерттелуші психикасының ерекшеліктерін анықтауға бағытталған, зерттелуші мен зерттеушінің бірлескен әрекеті [10].

Психология ғылымында негізгі зерттеу әдістерінің бірі – эксперимент. Эксперимент – жаңаны табу, шындыққа негізделген, эксперименттік жұмыс, сонымен қатар шығармашылықты талап етеді. Эксперимент зерттеуде ең жауапты бөлімі болып табылады. Ол адамнан тек білім мен дағдыны ғана емес, сонымен қатар экспериментке қабілеттілікті білдіреді. Кез-келген ең жақсы деген түпкі ойды экспериментті ұқыпсыз өткізумен бұзуға болады. Эксперимент кезіндегі зерттеуші мен сыналушының өзара бірлескен іс-әрекеті – эксперименттік қарым – қатынас болады. Эксперименттік зерттеу нақты жүйе бойынша өзіндік кезеңдері бар: мәселені тұжырымдау және гипотеза шығару, зерттеу әдістемелерін құрастыру және құрал таңдау, сыналушыны іріктеу, өзгеру жоспарларын жасау, талдау және интерпретациялау, ғылыми есеп беруді даярлау [10].

Сессияның шаршатуы оның қиындылығымен барлық уақытта байланысты емес. Көп жағдай студенттің дайындығына, сабақ берудің деңгейіне және әдіснамасына байланысты болады. Бір және түрлі сессияда студенттер түрліше шаршайды. сондықтанда, сессияның қиындығы және сессияның шаршатуы біржақты емес. Қиындық – бұл дегеніміз студент меңгеруге тиісті білімдер, шеберлік, дағды көлемі қосылатын, нақты сабақтың объективті қасиеті. сессияның шаршатуын қалай бағалауға болады?

Әрбір сабақ үш параметр бойынша бағаланды:қиындығы (Қ-ойлау әрекетінің сипатына байланысты), толыққандылығы (Т-оқушылардың бос отырмауы, оқу әрекеттерінің түрлерінің саны), оқушылардың эмоционалды күйінің сипаттамасы (Э-ол балалардың оқу жүктемесіне оң реакция танытуынан пайда болған бағадан құралады, мұғалімнің материалды жеткізу ерекшелігінен, оқу тапсырмаларының түрі, сипатына қарай т.б. байланысты болады) және оқу сабақтарының толық генетикалық хронометраж нәтижесіне әрі студенттердің организмінің функционалды қалпына және жұмыс істеу қабілетінің өсуі де тығыз байланысты болды.

1. Тұлғаның функционалдық жағдайларының диагностикасының әдістемесі.

Әдістеменің сипаттамасы. Сауалнаманың бұл тобы уақытша, өзгермелі жағдайларды (көңіл күйді) сараптауға арналған. аталған сауалнама тобы уақытша, ауыспалы жағдайлар диагностикасына арналған. Оның сипатты ерекшелігінің бірі ретінде тапсырмаларға нұсқаулардың әдетте қазіргі уақытта орын алатын, шынайы сезімдер, қатынастар, уайым-ойларға сәйкес сұрақтарға жауаптарды айтуға болады.

Психикалық жағдайларды зерттеген кезде жеке тұлғаның өзін бағалауына көп көңіл бөлінеді. Яғни әр түрлі жағдайларды зерттеудегі нәтижелі әдіс бұл шкалаларды құру факторлы әдісі, ол берілген массивтен объективті бар нәрсені шығарып алуға көмектеседі. Тұлғаның функционалдық жағдайларының диагностикасының әдістемесі әдетте көп рет пайдалануға негізделген, яғни

функционалды және психикалық жағдайлардың өзгеруін ескере отырып бір тұлғаны бірнеше рет сараптауға негізделген.

Бүгінгі таңда тұлғаның әр түрлі жайғдайларының диагностикасының әдістемелерінің көптеген түрлері бар: Ч.Д. Спилбергтің сауалнамасы, ОБК (өзін өзі сезіну, белсенділік, көңіл күй) және оның модификациясы сауалнамасы, «Эмоционалды дискомфорттың себептері» сауалнамасы, стресс жағдайының диагностикасы сауалнамасы.

2. Ч.Д. Спилбергер және Ю.Л. Ханниннің реактивті (жағдайлы) және жеке бастық уайым шкаласы (Қосымша 1).

Диагностикалық мақсаты: тұлғаның ситуативті (қазір байқауға болатын) және жеке уайым деңгейін анықтау.

1966-1973 жылдары Ч.Д. Спилбергер уайымды зерттеуге арналған жеке сауалнамалар тобын жасаған болатын. Спилбергердің концепциясына байланысты уайымды жағдай түрінде және уайымдауды тұлғаның бір кейпі ретінде бөліп қарастыру қажет. Яғни уайым төніп келе жатқан қауіпке реакция, шынайы немесе ойдан қалыптастырылған, қорқыныштың объектісіз эмоционалды жағдайы, анықталмаған қауіп төну мүмкіндігімен сипатталады. Уайымдай жекелеген психикалық ерекшелік, әр түрлі өмірлік жағдайларда уайымшылдықпен сипатталады, соның ішінде объективті сипаттамалары болмауы да мүмкін.

Бүгінгі таңда спилбергердің әдістемесінің орыс тілді нұсқасы кең тараған. Ч.Д. Спилбергер және Ю.Л. Ханниннің реактивті (жағдайлы) және жеке бастық уайым шкаласы. Ю.Л. Ханнин спилбергердің әдістемесін адаптациялаған және стандарттаған болатын. Берілген әдістеме тұлғаның өзіне өзі интегралды баға беруінің сапасын нақтылауға мүмкіндік береді: яғни бұл өзіне өзі баға берудің тұрақсыздығы ситуативті немесе тұрақты, яғни жеке ме? Әдістеменің нәтижелері жеке тұлғаның психодинамикалық ерекшеліктеріне ғана емес, сонымен қатар реактивтілік пен белсенділік параметрлерінің өзара байланысына яғни темперамент пен мінезіне де байланысты. Әдістеме жеке және топтық сауалнамалар жүргізуге негізделген. Ю.Л. Ханнин бойынша үрейлі көңіл күй немесе жағдайға байланысты үрей әр түрлі әлеуметтік психологиялық стрессстерге әсерінен туындайды. Керісінше жеке бастық үрей әр түрлі стресске байланысты әр жеке тұлғаның қарсы тұру қасиеті. Яғни бұл жерде адамның әр түрлі жағдайларда өзінің «Мен» үрейін қабылдауы және және бұл жағдайларға жоғары үрейлік жағдаймен назар аударуы. Жеке үрейдің көлемі жеке тұлғаның өткен тәжірибесін сипаттайды, яғни қаншалықты үрейлік жағдайын сезінгендігі.

Алынған мәліметтердің сараптамасы бес жағдайды бір бірімен салыстыру және басқа де зерттеулер нәтижелерімен салыстыру арқылы жасалады.

Жоғарыдағы кесте бойынша студенттердің психикалық жағдайы әр курста әр түрлі көрсеткішті көрсетіп отырғандығын байқаймыз. Нәтижелердің қорытындысы арқылы бірінші курс пен төртінші курстарды психикалық жағдай жоғары деңгейді көрсетсе, үшінші курс пен екінші курстарда төмен және орташа деңгейде. Яғни, нәтижелерге сүйене отырып, сессия кезінде бірінші курстардың эмоционалды тонусы, психикалық белсенділігі, қызығушылығы, қысым тұрақты еместігін көріп отырмыз, ал төртінші курс студенттерінде де осы нәтижелер көрінді, оның негізгі себебі, мемлекеттік емтихан және дипломдық жұмыстың әсері.

3. Стресске төзімділікті зерттеуге арналған тест.

Арнаулы. Ашушаңдылық, нервоздылық, күйгелектілік дәрежелерін және осы қасиеттерді қадағалай алу қабілеттілігін бағалау үшін қолданылады.

Нұсқау: «Ұсынылған сұрақтарға үш жауаптың біреуімен жауап беріңіз: – «иә, әрине», «иә, бірақ онша емес» немесе «жоқ, ешқашан».

Стресске төзімділікті зерттеуге арналған тестін студенттерге сессия алдында жүргіздік, себебі студенттердің сессия алдындағы көңіл күйін анықтау мақсатында, өзін қаншалықты сабырлы және төзімді ұстай алатындығын зерттедік. Студенттер сессия алдында күйгелек, өзге адамдармен тез кикілжіңге түсіп қалатындығы белгілі. Стресске төзімділікті зерттеуге арналған тесттің негізінде жоғарыда аталған мінез ерекшеліктерін анықтай аламыз.

4. Әлеуметтік бейімделу мен стресске төзімділікті анықтау әдістемесі (Холмс и раге) (Қосымша 4).

Арнаулы. Әдістеме әлеуметтік адаптация мен стресске төзімділікті анықтауға бағытталған.

Нұсқау: «Соңғы жылда сізбен болған барлық оқиғаларды еске алуға тырысыңыз, және «алған» ұпайларыңыздың жалпы санын есептеңіздер».

Қазіргі таңдағы соңғы зерттеулер көрсеткендей, студент кез-келген жоғары оқу орнына түсу барысында, жоғары мектепке сәйкес жаңа спецификалық факторлар кешеніне бейімделуі керек.

Оған қоса, соңғы жылдардағы оқу іс-әрекетінің мазмұны, талаптарының өзгергені соншалық, бейімделу механизмдері барлық қиыншылықтарына төтеп бере алмауда. Ал, ол өз кезегінде бейімделу процесінің әлсіреп нәтижесінде тоқтап, стресстік түрлі салдарға әкелетіні әбден анық.

Ғылым мен техниканың дамуы, оқу кезеңінде студенттердің игеруіне әкелетін ақпараттар көлемінің өсуінен тұрады. Білікті мамандарды дайындау ең алдымен оқыту технологияларды, оқыту бағдарламалар мен ғылыми-әдіснамалық қорларды жетілдірумен жүзеге асатыны белгілі. Бірақ, осындай міндеттерді сәтті шешу, студентті кәсіби дамыту үшін, оқу жоспарын игеруіне жағдай жасауға байланысты міндеттерді орындауға байланысты.

5. Нерво психикалық қысым шкаласы.

Диагностикалық мақсаты: нерво психикалық қысымның деңгейін анықтау. Шкаланы Т.А. Немчин жасаған. (Т.А. Немчиннің «Психикалық жағдай» кітабынан. – Л., 1981).

Контингент: әдістеме он сегіз жастан жоғары адамдарға арналған.

Қолданылу бойынша нұсқау: «Өзіңіздің жағдайыңызды бағалаңыз. Ол үшін сізде соңғы кездері болып жүрген сипаттарға сәйкес келетін тұжырымның жанына белгі қойыңыз. Үш нұсқадан тек біреуін ғана таңдай аласыз. Ештеңені қалдырмай толтыруыңыз қажет».

Шкала мәтіні

Т.А. Ә.А (қалауыңыз бойынша толтырасыз)

Жынысы Жасы

Мамандығы, қызмет түрі

Қызмет пен жағдайдың сипаттамасы (эсперимент жүргізуші толтыра алады).

Бланкты толтырғаннан кейін зерттелушінің жауаптарын қосамыз, әр жауапқа сәйкесінше балл беріледі, бір үшін бір, екі үшін екі, үш үшін үш. Зерттелуші ең аз отыз балл, ең көп тоқсан балл ала алады. Төмен сатыдағы нерво психикалық қысым отыз және елу балл арасында, орташасы елу бір және жетпіс арасында, ең жоғарғы саты жетпіс бір және тоқсан балл арасында. Денсаулықтың психикалық және физикалық қорларының таусылуы, мазасызданудың жоғары деңгейі, қорқыныш – мұның барлығы студенттерде стресстік жағдайды тудырмасына ешкім кепіл бере алмайды.

Нәтижелерді интерпретациялау.

Ұпайлар қосылады. Максималды мүмкін болатын сан – 48. Шыққан нәтижелерді проценттік көрсеткішпен талдай келе, мынадай қорытындыға келдік. Бірінші курс және төртінші курс студенттерінде сессия кезінде стресстік реакциялардың көрінуі жоғары нәтижелерді көрсетті. Ал, екінші және үшінші курс студенттерінде орташа немесе орташадан жоғары нәтижені байқадық. Бірінші курс студенттерінен сессия кезінде маңызды емес нәрселерге тез ашуланатындығы, шыдамсыз, күйгелектік, адамдармен тез кикілжіңге түсіп қалатындығы, яғни аталған стресстік реакциялардың көрінуі дәлелденді. Ал, төртінші курс студенттеріне келетін болсақ, сессия кезінде бірінші курстан қарағанда стресстік реакциялардың көріну ерекшеліктері аса бір айырмашылықтарды көрсетпеді. Екінші және үшінші курс студенттері сессия кезінде стресстік реакциялардың тек бірнеше типі байқалды, яғни тек жағымсыз жағдайларға ғана өз шыдамсыздықтарын көрсетті.

Тұжырымдама. Адамдағы стресстік реакция баяғыдан таныс құбылыс. Стресске кез келген адам шалдығады – жаңа туған нәрестеден әлсіз қарияға дейін. Студенттік шақтағы стресс ЖОО оқу үрдісінің ерекшеліктерімен байланысты және көңіл күй мен психикалық немесе соматикалық қызметтерге тікелей және тәуелсіз әсер беретін күнделікті шамадан артық жүктемелер түрінде көрінеді.

Қазіргі кездегі студент үшін стресс реакциялары ғажайып құбылыс болып саналмайды, керісінше, жинақталып қалған мәселелерге, күнделікті қиындықтармен үздіксіз күрес үрдісіне тиісті жауап болып табылады. Стресс адамның жеке өміріндегі оқиғалармен немесе ұйымның жұмысы және іс-әрекеттерімен байланысты факторлармен туындауы да мүмкін.

Біздің зерттеуіміздің нәтижесінде студенттердің бойында пайда болатын стресстің негізгі себептері, әр түрлі оқу пәндерінен берілетін тапсырмалардың көптігінен туындайтын, шамадан тыс оқу жүктемелерінен болатынын анықтадық. Мұның барлығы асығыстыққа және уақыттың үнемі жетіспеушілігіне әкеледі. Студенттер көбінесе күш-жігерлерін қатты ұйқымен немесе достарымен, жақын адамдарымен қарым-қатынас жасау арқылы қалпына келтіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Селье Г. Очерки об адаптационном синдроме. – М., 1990.

2 Элкин А. Стресс. – Москва-Санкт-Петербург-Киев, 2006.

- 3 Кокс Т. Стресс. – М., 1981.
4 Селье Г. На уровне целого организма. – М: Наука, 1972. – 122 с.
5 Селье Г. Стресс без дистресса. – Москва "Прогресс", 1982.
6 Горизонтов П.Д. Стресс. – БМЭ, 1963. – Т.31. – С.608-628.
7 Бачериков Н.Е., Воронцов М.П., Петрюк И.Т., Цыганенко А.Я. Эмоциональный стресс в этиологии и патогенезе психических и психосоматических заболеваний. – Харьков: Основа, 1995. – 276 с.
8 Губачев Ю.М., Иевлев Б.В., Карвасарский Б.Д. и др. Эмоциональный стресс в условиях нормы и патологии. – Л.: Медицина, 1996. – 224 с.
9 Руденский Е.В. Психология стресса. – Новосибирск, 1997.
10 Лазарус Р.С. Индивидуальная чувствительность и устойчивость к психологическому стрессу // Психологические факторы на работе и охрана здоровья. – Женева, 1989. – С.121-126.

А.К. Бикадамова¹, Н.К. Токсанбаева²

^{1,2}КазНУ имени аль-Фараби

ОТНОШЕНИЯ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ И ПОКАЗАТЕЛИ СТРЕССОВЫХ РЕАКЦИЙ СТУДЕНТОВ ВО ВРЕМЯ СЕССИИ

Резюме

В данной статье предоставляются методологические основы развития личностных способностей посредством общения. Отношения можно рассматривать как уровень развития познавательной деятельности, культурной грамотности, основанной на знаниях и умениях, навыках и личностных ценностях.

Наряду с понятием «способность» также применяются термины «сообразительность» и «приспособление». Сообразительный человек охарактеризован как находчивый, способный, приспособляющийся, а приспособляемый – как умелый, четко координирующий свои действия человек.

Способный человек здесь интерпретируется как «искусный/проворный» человек, а слово «проворный» в словаре не появляется. Таким образом, понятие способность определяется отношением к достижениям в действиях. Определяя термин «талант», нужно учитывать его врожденный характер. Талант объясняется тем, что это одаренность к чему-либо, ну а одаренность является врожденной способностью. Другими словами, талант – врожденная способность, обеспечивающая высокие достижения в деятельности. О способности мы можем сказать, что это показатель возможностей человека в выполнении какого-либо действия, а рассматривая термины талант и одаренность, мы понимаем, что это характер присущего человеку качества.

Ключевые слова: способность, талант, результат, действия

А.К. Bikadamova¹, N.K. Toksanbayeva²

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University

RELATIONS BETWEEN PSYCHOLOGICAL IMPACT AND INDICATORS OF STUDENTS' STRESSFUL REACTIONS DURING THE SESSION

Summary

In this article provided the methodological basis for the development of personalabilities through communication. Communication could be considered as knowledge and skills, based on a level of development of cognitive activity, cultural literacy, and personal values.

A capable person is interpreted as an "agile" person, and the word "agile" does not appear in the dictionary. Thus, the concept of ability is determined in the relation to actions of achievements. Defining the term "talent" must take into account its inherent nature. Talent explained by the fact that it is skills to do something well, talent is an innate ability. In other words, talent is an innate ability that provides high achievements inactivity. On the ability, we can say that this is an indicator of a person's ability to perform an action, and considering the terms talent and giftedness, we understand that this is a character inherent in a person's quality.

In addition, both ability and talent are manifested through action.

Keywords: communication, ability, personality, methodology, values, talent, talent

А.Б. Дузелбаева¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

«ДЕФЕКТОЛОГИЯ» БӨЛІМІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢАРУЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖҰМЫС ЖАСАУҒА ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру бағытының дамуы қарастырылып, оны әрі қарай тиімді жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар мен қазіргі әрекетінің талдауы келтіріледі. Автормен заман талабына сәйкес педагогикалық кадрларды даярлаудағы негізгі қиындықтар мәселесіне шолу жасалды. Дефектология бөлімі студенттерінің заман талабына сәйкес жаңа типті, инклюзивті білім беру мекемелерінде кәсіби әрекет етіп, қызмет атқаруға қазіргі кездегі дайындығы қарастырылды. Болашақ мұғалім-дефектологтардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуындағы компоненттер анықталып, студенттер арасында сауалнама жүргізу арқылы нақтыланды. Компоненттердің студенттердің бойында анықтаудың кезеңдері анықталып, әрбір компонент пен деңгейге жеке, толығырақ тоқталып, сипаттама жасалды.

Түйін сөздер: арнайы білім беру, инклюзивті білім беру, мәселелер және болашақтағы жоспарлар, дамуында мүмкіндігі шектеулі балалар, жаңарлату, педагогикалық кадрлар, мұғалім-дефектологтар, студенттер, дайындық, құзыреттіліктер, когнитивті-құндылықты бағдар, тұлғалықты-түрткілік бағдар, практикалық-бағыттылық

Қазақстандық қоғамда ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға қатысты кең таралып келе жатқан гуманизациясы идеясы жайында, сондай-ақ білім беру жүйесіне белсенді түрде енгізіліп жатқан оларды қоғамның толыққанды мүшесі етуге бағытталған инклюзивтік процестерге сәйкес жоғары оқу орындарында дефектолог-мамандарды кәсіби дайындауды сапалы ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдай жасау маңызды болып отыр.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім берудің жаңа мақсаттары арнайы педагогтар (дефектолог-мұғалімдер) алдына да жаңа талаптар қоюда. Осыдан жетпіс жылдан астам уақыт бұрын Л.С. Выготский көтерген мәселе, бүгінде өзектілігін жоғалтқан жоқ, оның пайымдауынша: арнайы мектеп басқармасында кімді көргіміз келеді – жүрек қалауымен әрекет ететін алаңғасар саяхатшыны немесе жоба құрып, оны жүзеге асыратын, лоцияны жан-жақты зерттейтін, команданы іріктейтін, кемені тексеретін кәсіби капитанды ма? [1].

Қазіргі уақытта дефектолог-мұғалімдерді дайындау жүйесінде орын алып жатқан өзгерістер білім беру мазмұнын және іргетасын сақтап қалу арқылы тек білім беру жүйесінің формалды белгілерін өзгерту түрінде жүзеге асырылып жатыр. Бұл ретте жоғары оқу орындарында арнайы педагогтарды заман талабына сай дайындаудағы негізгі қарама-қайшылық даму мүмкіндіктері шектеулі балалардағы (дамуындағы үйлескен және құрамдасқан кемшіліктер, ерте балалық аутизм және т.б.) кемшіліктердің аса күрделілігіне және алуан түрлілігіне қарамастан, қазіргі уақытта бұрын кеңес уақытында қабылданған, арнайы (түзеу) мектептерінде жұмыс істеу үшін дефектолог-мұғалімдерді дайындауға бағытталған дәстүрлі тәсілдер қолданылуда. Алайда, қазіргі қоғам бізден жаңа заман талабына сәйкес маман дайындауды талап етеді. Сондықтан, болашақ мұғалім-дефектологтардың дайындығы мен құзыреттілігін анықтау есебімен, бізбен, олардың қазіргі уақыттағы құзыреттілігі мен дайындығының деңгейі анықталды [5].

Осылайша бізбен, инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы болашақ дефектолог-мұғалімдердің кәсіби біліктілігін дамыту деңгейін анықтау үшін, сондай-ақ алынған мәліметтер негізінде педагогикалық білім беруді жетілдіру жағдайларында арнайы педагогтердің жұмыс істеуге дайын болуының теориялық моделін әзірлеу үшін зерттеу аясында нақтылаушы тәжірибе ұйымдастырылды. Біз жүргізген тәжірибелік зерттеудің мақсаты – педагогикалық білім беруді жетілдіру жағдайларында болашақ дефектолог-мұғалімдердің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге дайын болуының деңгейін анықтау және алынған мәліметтер негізінде арнайы педагогтерді дайындау бойынша теориялық модельді жасау болып табылды.

Тәжірибелік-сынақ жұмыстары 2014/2015 жж. бастап 2016/2017 жж. аралығында үш кезеңнен тұратын 3 жылдың ішінде жүргізілді.

Зерттеуді белгілеу кезеңі барысында біз, инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы болашақ дефектолог-мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерін дамыту деңгейін белгілеуді қажет деп шештік. Бұл үшін нақтылаушы тәжірибе ұйымдастырылды. Нақтылаушы тәжірибелік зерттеудің мақсаты педагогикалық білім беруді жетілдіру жағдайында болашақ дефектолог-мұғалімдер дайындығының деңгейін анықтауға негізделген.

Зерттеу бағдарламасының тапсырмаларында төмендегілер айқындалған:

- педагогикалық білім беруді жетілдіру жағдайында болашақ дефектолог-мұғалімдер дайындығының деңгейін анықтау үшін диагностикалық құралдарды таңдау және жасау;
- педагогикалық білім беруді жетілдіру жағдайында болашақ дефектолог-мұғалімдердің дайындығын куәландыратын деңгейлік сипаттамаларды айқындау;
- алынған мәліметтерді анықталған сипаттамалар деңгейімен оларды кейіннен сәйкестендіру арқылы өңдеу.

Зерттеудің айқындаушы деңгейіндегі негізгі әдістері: сауалнама жүргізу, педагогикалық бақылау, тәжірибелік әдістер, мәліметтерді өңдеудің статистикалық әдістері.

Нақтылаушы тәжірибе Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттің негізінде және Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының негізінде жүргізілді. Нақтылаушы тәжірибе барысында «5B010500 – Дефектология» мамандығы бойынша қазақ және орыс бөлімдерінің күндізгі және сырттай оқу бөлімдерінен 754 адам қатысты. Жүргізілген зерттеу негізінде кезеңдер анықталынып, зерттелінді. Осылайша, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен қарым-қатынасының когнитивті-құндылық, тұлғалықтық-мотивациялық, практикалық-бағыттылығы кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау бойынша дефектология мамандығының студенттері арасында зерттеу жұмысы жүргізілді.

Шартты түрде когнитивті-құндылық деп белгіленген бірінші кезеңде бізбен, баланы қабылдаудағы кәсіби ұстаным деңгейі анықталды, бұл біздің пікірімізше дефектолог-мұғалім қызметінің негізі болып табылады. Аталған дағды ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала туралы білімнің көлемімен, тереңдігімен және бағыттылығымен, құндылықтарға негізделген қарым-қатынаспен, жұмыс технологиясымен сипатталады. Осы дағдының қалыптасқандығының көрсеткіші ретінде келесі дәстүрлі көрсеткіштер белгіленді: даму деңгейінің феномені және ерекшелігі ретінде, сондай-ақ қоғамның гуманизация жағына қарай заманауи дамуына тән «ерекше» балалық шақтың психологиялық-педагогикалық ілімі және қоғамның әрбір мүшесінің маңыздылығын түйсіну. Оларға біз, сонымен қатар, ерекше білімі беру қажеттіліктері бар баламен оған құрмет көрсету және оның ерекшеліктерін қабылдау негізінде оған қатысты құндылықты қарым-қатынас қағидаларын білуді; кәсіби мінез-құлықтың құндылық нормаларын және оның толерантты және әлеуметтік дамыған қоғамды қалыптастырудағы маңыздылығын түйсіну; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға тек арнайы білім беруде ғана емес, сонымен қатар инклюзивті білім беруде де технологиялық қолдау көрсете білуді жатқыздық.

Шартты түрде тұлғалық-мотивациялық деп белгіленген екінші кезеңде болашақ дефектолог-мұғалімдердің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қатысты тұлғалық, адамгершілік қасиеттерінің және ынталарының деңгейі анықталды. Аталған дағды болашақ дефектолог-мұғалімнің балаға деген қарым-қатынасын, осы қарым-қатынастың сипатын және бағыттылығын, балаға деген сезімдерді, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қатысты толеранттылықты, эмпатияны, ынталандырушылық түрткілерді сипаттайды. Дағдының келесідей көрсеткіштері белгіленді: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қатысты позитивті қарым-қатынас ретіндегі дәстүрлі білім беру және толеранттылық, сондай-ақ қазіргі заман талабы – эмоционалды икемділік, эмоцияларын басқару білу, эмпатия жағдайы.

Практикалық-бағыттылық деп белгіленген үшінші кезеңде келесі дағдылар анықталды:

1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен практикалық қарым-қатынастың ақылға қонымды құралдарын және тәсілдерін анықтауды жүзеге асыру және кәсіби тапсырмаларды шешу тәжірибесі.

2. Балалардың білім беру қажеттіліктерін ескерумен дербес білім беру бағдарламаларын жасау және жүзеге асыру дағдысы.

3. Мамандар командасында жұмыс істей білу дағдысы [2].

Аталған белгінің көрсеткіштері ретінде дәстүрлі көрсеткіштерге келесілер жатады: дербес білім беру бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру дағдысы; мамандар командасында жұмыс істей білу дағдысы. Қазіргі қоғам талаптарымен анықталатын көрсеткіштерге келесілерді жатқыздық:

құндылыққа бағытталған педагогикалық қарым-қатынастың ақылға қонымды әдістерін және тәсілдерін икемді таңдай білу; баламен тең дәрежедегі қарым-қатынаста болуға ұмтылу.

Барлық үш деңгейде жоғарыда баяндалған дағдыларды анықтау үшін кәсіби ұстанымды қалыптастыру және баланы қабылдау бойынша әрбір дағдыға қатысты сұрақтар топтасынан құралған «Кәсіби ұстаным: болмысы, қалыптасуы, қолданылуы» атты авторлық сауалнама әзірленді. Аталған сауалнама Е.Ю. Лукинаның педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінде баланы сөзсіз қабылдау ұстанымының қалыптасуы мәселелері бойынша зерттеулерінде ұсынылған диагностикалық материалдар негізінде жасалды. Сауалнаманың негізгі белгісінің үш бағанында сұрақтар ұсынылған, олардың әрқайсысы ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы қабылдаудағы кәсіби ұстанымның жеке белгілерінің қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Сауалнамадағы жауап нұсқалары жеке білгілер мазмұнына негізделіп ұсынылған.

Сауалдардың әрқайсысы болашақ арнайы педагог-студенттердің ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың психологиясы және педагогикасы саласындағы білімдері, олармен қарым-қатынастың қағидалары, заманауи білім беру жағдайында әртүрлі кемшіліктері бар баламен жұмыс істеу технологиясы туралы тұсынық береді. Осылайша, мәселен, егер «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала» түсінігіне қандай анықтама берер едіңіз?» атты сұраққа сауалнама қатысушылары «А» («Бұл – оқыту және тәрбие беру мүмкіндіктерінің шектеулілігін анықтайтын кемшіліктері бар бала») жауап нұсқасын таңдайды, ал біз когнитивті-құндылық белгісінің қалыптасудағы шекті деңгейін тіркейміз. «Б» нұсқасын («Бұл – дамуында жеке ерекшеліктері бар, сондай-ақ арнайы оқытуды және тәрбие беруді қажет ететін арнайы мүмкіндіктері және қажеттіліктері бар бала») таңдау жеке белгінің қалыптасуының рұқсат етілген деңгейін куәландырады. «В» нұсқасы («Ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала – бұл өзгеше және дербес болуға құқығы бар басқа балалар сияқты бала») жеке белгінің қалыптасуының оңтайлы деңгейін анықтайды.

Сұрақтарды құрастырудың осындай тұжырымдамасына сәйкес сауалнамада тұлғаның кәсіби дамуының тұлғалық-құндылық және практикалық-қызмет сияқты басқа да белгілерін анықтауға бағытталған сұрақтар ұсынылған. Бұндай кезде практикалық-қызмет белгісі бойынша сұрақтар келесі үлгіде құрастырылды: «Сізді сипаттайтын мінез-құлықты таңдаңыз» «Мінез-құлықтың қандай моделін таңдайсыз?» «Төменде көрсетілген сипаттамалардың қайсысы орын алған жағдайда сіздің әрекеттеріңізді толық сипаттайды?» және т.б. Кез келген жағдайдағы мүмкін әрекеттерді сипаттауда кейс-әдісі қолданылды: сипаттаманың көп жоспарлылығы, баланы қабылдаудағы кәсіби ұстанымы жеке белгілерінің қалыптасу бойынша қандай да бір айқын белгілерінің жасырын болуы, ақпараттың құрылымсыздығы (баяндау логикасының мақсатты бұзылуы, көбінесе талап етілгеннен артық фактілер баяндалады) [2].

Осылайша, кәсіби ұстанымның қалыптасу белгілері ретінде келесілер анықталды:

- когнитивті-құндылық,
- тұлғалық-мотивациялық,
- практикалық-бағыттылық.

Тәжірибелік зерттеу барысында белгіленген дағдыларды ескере отырып, студенттерде кәсіби біліктілік қалыптасуының үш деңгейі анықталды:

- қарапайым (дефектолог-мұғалім мамандығының біліктілік талаптарының толықтай жоқ болуымен сипатталады);
- базалық (білім алушыны болашақ қызметіне жалпы бағыттау);
- кәсіби (стандартты, сондай-ақ стандартты емес жағдайларда жоғары тиімділікпен кәсіби қызметті жүзеге асыруға тиісінше когнитивті-құндылық, тұлғалық-мотивациялық, оперативті және рефлекссті дайындық).

Оларға толығырақ тоқталатын болсақ, кәсіби біліктілігі қарапайым деңгейде қалыптасқан студенттердің кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруі біршама әлсіз. Олар ерекше білім беру қажеттіліктері бар баламен өздерінің қарым-қатынасын алдын ала жоспарлау қажеттілігін толық сезінбейді. Ерекше білім қажеттіліктері бар баламен қарым-қатынасты жоспарлау және ұйымдас-тыру саласындағы олардың білімі мен дағдылары шектеулілік және тұтассыздық сипатына ие. Баланың осындай мұғаліммен қарым-қатынасы ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың жеке ерекшеліктерін алдын ала ескерусіз және нақты тапсырмалар қоймастан тиімсіз түрде өтетінін болжауға болады. Болашақ педагог баламен жұмыс істеу барысында өзінің эмоцияларын басқаруда қиындыққа тап болуы мүмкін. Сәйкесінше, ол өз әрекеттерін психологиялық тұрғыдан

бір негізге келтіруге және түзетуге, бағалауға қауқарсыз болады. Әдетте, осындай педагогтер кеңестерге құлақ аспай, ұсынылған көмектен бас тартады.

Кәсіби біліктілігі базалық деңгейде қалыптасқан студенттер таңдаған мамандығының өзіне сай келетінін зерделейді. Алайда олардың кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге деген қажеттіліктері жеткілікті деңгейде көрініс таппайды және іске асырылмайды. Аталған білім алушылар ерекше білім беру қажеттіліктері бар баламен өздерінің қарым-қатынасын алдын ала жоспарлау қажеттілігін сезіне бастайды. Ерекше білім қажеттіліктері бар баламен қарым-қатынасты жоспарлау және ұйымдастыру саласы бойынша қажетті білім базасы тапшы, бұл ретте дереккөзі ретінде жоғары оқу орны оқытушысы септігін тигізеді. Кеңестерді және көмекті пассивті қабылдап, көңіл бөліп мән бөлмейді. Алайда, студент өзіне дефектолог-педагогі мамандығының сәйкес келуін түйсінеді. Осы бағытта өзін-өзі жетілдіруге жеткілікті деңгейде ұмтылысын білдіреді. Баламен қарым-қатынасты жоспарлау және ұйымдастыру саласында біршама білім бар. Бұндай кезде баламен қарым-қатынасын жоспарлау қажеттілігін жақсы түсінеді, алайда жұмыста біруақытта жүзеге асырылатын барлық мүмкін бағыттарды ескермейді. Өзінің кәсіби қызметін негіздейді, бірақ бұл кей кездері жеткілікті деңгейде жүзеге асырылмайды. Өз әрекеттерін түзеуге қабілетті. Эмоцияларын қадағалайды. Сәтсіздік жағдайларын ақылмен қабылдайды. Көмекті қабылдайды, бірақ өз еркімен жиі көмек сұраймайды.

Кәсіби деңгейдегі студент өзінің мамандығын толық түйсінуімен, айқын мотивацияларымен, өзін-өзі кәсіби жетілдіру қажеттілігін толық жүзеге асыруымен сипатталады. Ерекше білім қажеттіліктері бар баламен қарым-қатынасты жоспарлау және жүзеге асыру бойынша құндылықты көзқарасы толық қалыптасқан. Өзін-өзі жетілдіру арқасында қалыптасқан білім қоры бар. Баламен вербалды және бейвербалды қарым-қатынас құралдарын жетік меңгерген. Баламен қарым-қатынасы келесі ұстанымдарға негізделіп, алдын ала жобаланады: мақсат, мазмұн, құралдар, педагог әрекеті, баланың кері байланыс, дербес әрекеттері, нәтиже. Жұмысы барысында біруақытта жүзеге асырылуы мүмкін бағыттарды ескереді. Қарым-қатынасты ұйымдастыру барысында қателіктерін байқайды, оларды дербес түзейді. Өзі реттей алмаған қиындықтар кезінде көмекке жүгінеді. Осындай студенттің қалыптасқан ілімі мен дағдыларын шынайы дербес кәсіби қызметіне толық көшіруге барлық алғышарттары бар.


Педагогикалық жоғары оқу орнының дефектология бөлімі студенттерімен жүргізілген тәжірибе нәтижелерінің бастапқы жалпылама талдамасы базалық деңгейдегі кәсіби біліктілік қажеттілігінің басым екенін танытты (Абай атындағы Қазақ педагогикалық университеті студенттерінің 51,7% және Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты студенттерінің 48,45%). Сонымен қатар болашақ мамандықтың мәнін және құндылығын толық сезінумен, болашақ қызметіне қатысты айқын мотивациясымен және өзін-өзі кәсіби жетілдіруге деген қабілетімен сипатталатын жоғары (кәсіби) деңгейге жатқызылған студенттер саны айтарлықтай аз екендігі анықталған (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті студенттерінің 13,4% және Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты студенттерінің 11,65%). Тәжірибе нәтижесі бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ студенттерінің 34,9% және ПМПИ студенттерінің 39,9% кәсіби біліктілік деңгейін қалыптастырудың төменгі («қарапайым») деңгейін құрайтыны да күмәнімізді арттырды [6].

Болашақ мұғалім-дефектологтардың кәсіби біліктілік деңгейінің қалыптасуының және оның кезеңдерге бөлінуінің жалпы көрінісі келесідей (1-кесте).

Кесте-1. Дефектология бөліміндегі студенттерде кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейлері (%)

Топтар	Қарапайым	Базалық	Кәсіби
Абай атындағы ҚазҰПУ-і	34,9	51,7	13,4
ПМПИ	39,9	48,45	11,65

1-кестеге сәйкес нақтылаушы тәжірибе барысында Абай атындағы ҚазҰПУ және ПМПИ студенттерінің кәсіби біліктілігінің қалыптасу деңгейлері арасында айтарлықтай айырмашылықтар белгіленбеген. Тәжірибе нәтижесінде біліктіліктің практикалық-бағыттылық белгісінің аз қалыптасқандығын анықтадық. Алынған мәліметтер 1-суреттегі диаграммада айқын көрсетілген.



Сурет-1. Дефектология бөліміндегі студенттерде кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейлері (%)


Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің және Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының дефектология бөлімдері студенттерінің кәсіби біліктілік қалыптасуын үш белгі (когнитивті-құндылық, тұлғалық-мотивациялық, практикалық-бағыттылық) бойынша үлестіру нәтижесі әртүрлі сипатқа ие болды. Кәсіби біліктіліктің когнитивті-құндылық, тұлғалық-мотивациялық және практикалық-бағыттылық бөліктерінің әртарапандырылып үлестірілген қалыптасуының көрінісі 2 кестеде ұсынылған.

Кесте-2. Базалық және кәсіби деңгейлерде когнитивті-құндылықты, тұлғалықты-мотивациялық, практикалық-бағыттылықты блокта кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуының дифференциациялы көрінуі (%)

Топтар	Когнитивті-құндылықты	Тұлғалықты-мотивациялық	Практикалық-бағыттылықты
Абай атындағы ҚазҰПУ	43,4	37,2	19,4
ПМПИ	40,6	38,1	21,3

2-кестеде көрсетілгендей Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты студенттерінің когнитивті-құндылық белгісінің біршама төмен болғанымен (Абай атындағы ҚазҰПУ-мен салыстырғанда) кәсіби біліктіліктің практикалық-бағыттылық деңгейінің айтарлықтай артуы белгіленген. Аталған факті, біздің пікірімізше, осы жоғары оқу орнында соңғы жылдары қолданылып келе жатқан қосарлы оқыту элементі, яғни арнайы білім беруді ұйымдастыру базасында жүргізілетін практикалық сабақтармен түсіндіріледі.

Болашақ дефектолог-мұғалімдердің кәсіби біліктілік деңгейінің қалыптасуының толық көрінісі 2-суреттегі диаграммада көрсетілген.



Сурет-2. Блок бойынша болашақ мұғалім-дефектологтарда кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуы (%)

Тәжірибе барысында кәсіби біліктіліктің когнитивті-құндылық, тұлғалық-мотивациялық және практикалық-бағыттылық белгілерінің қалыптасуын анықтадық. Нәтижесінде екі жоғары оқу орнының дефектология мамандығының барлық курстарында да біз таңдаған белгілер бойынша кәсіби біліктіліктің жеткілікті дәрежеде қалыптаспағандығы анықталды, себебі студенттердің кәсіби біліктіліктері қарапайым және базалық деңгейлерде басым айқындалған. Сонымен қатар елімізде жүргізіліп жатқан педогогикалық білім беруді кең ауқымды жетілдіру жағдайларында креативті ойлау қабілеті бар, қазіргі заманғы және инновациялық технологияларды меңгерген, үнемі білімін жетілдіруге және шеберлігін шыңдауға құштарлығы бар дефектолог-мұғалімнің рөлі артуда деген тұжырымға келе отыра. Болашақ мұғалім-дефектологтарды дайындау барысында оны ескеру қажет. Дамуында мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасайтын педагогтың кәсіби-тұлғалық дамуының дайындығына келесі шарттарды ажыратуға болады: педагог тұлғасының құндылықты-ұғымдық аймағының мақсатты бағытталған дамуы; мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасауға педагогтың кәсіби-тұлғалық дайындығын құрайтын сапаларды өзектендіру және дамыту; әрбір білім алушының тұлғалық жекелігіне бағыттала, дифференциалды және жеке жақындауды қамтамасыз ету; педагогтың дайындығы барысында аксиологиялық аспектіге көңіл бөлу, құлықтылық қайталауды тудыратын, оқу әрекетіне құлықтылық маңызды жағдайларды қосу және оған көңіл тұрақтандыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Виготский Л.С. Педагогическая психология. – Москва, 1999. – 536 с.
- 2 Хекхаузен Х. Мотивация и деятельность: Т.1; Пер. с нем./Под ред. Б.М. Величковского. – М.: Педагогика, 1986. – 408 с.
- 3 Мовкебаева З.А. Современная модель подготовки специального педагога // Вестник КазНПУ им. Абая (Сер. «Специальная педагогика»). – №1(44), 2016. – С.6-9.
- 4 Шаймуханова С.Д., Кенжебаева З.С. Модернизация образования Республики Казахстан: состояние и перспективы развития // Успехи современного естествознания, 2014. – №5-1. – С.174-178.
- 5 Яковлева И.М. Профессионально-личностная готовность педагога к работе с детьми с ограниченными возможностями здоровья // Вестник МГОПУ. Серия «Педагогика», 2009. – №6. – С.140-144.
- 6 Сидоренко Е.В. Методы математической обработки в психологии. – СПб.: ООО «Речь», 2007. – 350 с.

А.Б. Дузелбаева¹

¹Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая

СОСТОЯНИЕ ГОТОВНОСТИ СТУДЕНТОВ ДЕФЕКТОЛОГИЧЕСКИХ ОТДЕЛЕНИЙ ДЛЯ РАБОТЫ В УСЛОВИЯХ МОДЕРНИЗАЦИИ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Резюме

В статье рассматриваются направления развития инклюзивного образования в Республике Казахстан, предлагаются условия для эффективного его развития и дается анализ текущей деятельности. Автором описываются проблемы подготовки кадров в условиях сегодняшнего дня. Представляется констатирующий анализ готовности студентов дефектологических отделений к работе в современных учреждениях с инклюзивным образованием. В результате проведенной экспериментальной работы автором были выделены компоненты сформированности профессиональных компетенций. Было дано полное описание каждого из компонентов и уровней сформированности.

Ключевые слова: специальное образование, инклюзивное образование, проблемы и перспективы, дети с ограниченными возможностями, модернизация, педагогические кадры, учителя-дефектологи, студенты, подготовка, компетенции, когнитивно-ценностное, личностно-мотивационное и практико-ориентированное направление

A.B. Duzelbaeva¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University

THE CONDITION OF READINESS OF STUDENTS OF SPECIAL BRANCHES TO OPERATE IN THE CONDITIONS OF MODERNIZATION OF PEDAGOGICAL EDUCATION

Summary

In the article the directions of development of inclusive education in the Republic of Kazakhstan, provides conditions for effective development and an analysis of current activities. The author describes the problems of personnel training in the conditions of today. Seems a summative analysis of readiness of students of special branches corresponding to the modern requirements in the new and inclusive types of organizations, while reiterating their professional activities. As a result of experimental work the author has identified the components of formation of professional competence. Also, were identified the levels of formation of individual components, a full description of each of the components and levels of maturity.

Keywords: special education, inclusive education, problems and prospects, children with disabilities, upgrading, teaching staff, teachers, speech pathologists, students, training, competence, cognitive value, personal motivation and practice-oriented direction

МРНТИ 15.41.21

A.A. Baelov¹, G.K. Dzumažanova²

^{1,2}Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті

ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ-КӘСІБИ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мақалада оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытудың маңыздылығы айқындалып көрсетілді. Сонымен қатар мақаланы жазу барысында Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы басшылыққа алынды.

Қазіргі таңдағы білім беру жүйесінде білім беру кеңістігінде оқыту мен тәрбиелеудің нәтижесі ретінде білім беру сапасына қойылатын жаңа талаптарды айқындап, білім беру жүйесіндегі сапалық өзгерістеріне тигізетін игі әсері жайында баяндалды. Тұлға, тұлғалық қасиет ұғымдарының мәні ашылды. Түркі ғұламалары Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Иассауи, Ахмед Йүгінеки, Махмуд Қашқаридың еңбектерінде берілген тұлға, тұлғалық қасиет сипаттамасына талдау берілді. Тұлғалық қасиеттерге тән қабілеттер мен қасиеттер, сапалар талданып, қорытыланды.

Түйін сөздер: тұлға, тұлғалық қасиет, тұлғалық-кәсіби қасиет, оқытушы, бәсекелестікке дайын тұлға, білім

Қазіргі қоғамның басты талаптарының бірі – Отанға қызмет етуге дайын, қоғамда өз орнын таба алатын, өзінің жеке мүмкіндіктеріне ие, әлеуметтік белсенділігі басым, жан-жақты дамыған, жаңа тұрпатты адамды қалыптастыру. Өйткені Қазақстан қоғамындағы экономикалық дағдарыстар мен әлеуметтік-саяси өзгерістерге сәйкес болып жатқан күйзелістерден елді тек ержүрек, жігерлі, интеллектуалды, болашақты болжай білетін, өз идеялары мен жобаларына қызығушылық тудыра алатын, жаңа әлеуметтік қатынастарға және әлемдік бәсекелестікке дайын тұлғалар ғана шығара алады.

Бұл мәселенің көкейкестілігін Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында» деген сөздері дәлелдей түседі [1].

Сонымен қатар, өз заманының сұранысына сай жаңа адамға деген қажеттілік, жауапкершілікті ала білуге қабілетті тұлғаны дамыту тәсілдерін өзгертті. Осы өзгерістер салдарынан, ЖОО оқытушыларышынайы ұлттық құндылықтарды таратушы болуы қажет, ол өз мүмкіндіктерін

жүзеге асыра алуы, айналасындағы жас адамдардың әлеуетін аша білуі, өзгерістерге бейімделуі мен қажетті шешімдер қабылдай алуы тиіс. Осы жөнінде Елбасымыз өз мақаласында: «Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді. Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деп көрсетті.

Осыған орай, қазіргі таңда білім беру жүйесінде ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту маңызды болып табылады. Себебі жоғарыда айтып өткеніміздей, саясат пен экономикаға да, ғылым мен білім беру және басқа салаларға да оң бағыттағы қоғамдық процестерді жобалауға, дамытуға қабілетті, қоғамға нақты пайда келтіретін, бейбітшілік, әділдік, жақсылық, ізгілік идеяларын жүзеге асыратын адамдар қажет. Сондықтан Қазақстан мемлекетінің әрі қарай дамуы стандартты емес ойлайтын, шығармашылығы дамыған, бірегей тұлғалық қасиеттерге ие, экономикалық, саяси, мәдени міндеттерді шешуге жауапкершілігі басым адамдардан талап етіледі. Сол себепті де қазіргі таңда еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енуі барысында мамандарды даярлаудың сапасын жақсарту мәселесіне баса назар аударылып отыр. Оған дәлел елбасымыздың Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасында «Ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі үшін адам капиталының сапасын көтеріп, кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыруымыз қажет» [2] деп міндеттелген нақты талапты да ескеруіміз қажет. Яғни бұл дегеніміз, білім беру кеңістігінде жан жақты интеграциялық білімге құмар, күнделікті өзгерістерге тез бейімделетін, өз бетімен шығармашылық іс-әрекеттер жасай алатын, әлеуетті, зияткер ұлтты қалыптастыруды талап етіп отыр.

Демек, бұл білім беру субъектілері бойында бастамашылдық, белсенділік, өз бетімен шешім қабылдау сияқты және т.б. тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту қажеттілігін арттыра түседі. Осы тұста тұлғалық-кәсіби қасиеттерге тоқталмас бұрын қысқаша «тұлға» ұғымына тоқталып өткеніміз жөн. Себебі, тұлғалық қасиеттер тұлғаның өзінің өзгелерге тұлға ретінде танылатын бойындағы қасиеттері арқылы сипатталады. Яғни біз тұлға ұғымының мәнін аша отырып, тұлғалық қасиеттерді анықтаймыз.

Жалпы тұлға ұғымына шамамен 200-ден аса анықтама бар. Бұл аталмыш ұғымның қазіргі таңға дейін нақты анықтамасының қалыптаспағандығын көрсетеді. Мәселен, американдық психолог Г.Оллпорт «Тұлға-психологиялық интерпретация» атты еңбегінде тұлғаға байланысты 50-ден астам түсінік беріп, бірақ нәтижесінде бір шешімге келе алмай, тұлға ұғымына анықтама беруден бас тартып, «адам – бұл объективті шынайылық» деп қорытындылаған болатын [3]. Ал ғылыми әдебиеттерде бастапқыда «тұлға» түсінігінің ежелгі театрдағы актердің киген бетпердесін білдіргені, содан кейін актердің өзін және оның рөлін түсіндіргені, соңғы уақытта қоғамдық өмірдегі адамның өмір сүру бейнесіне қатысты айтылатындығы анықталған [4]. *Ал педагогикада «тұлға»* эволюциялық үдерістің призмасы тұрғысынан қарастырылса, *психологияда «тұлға»* әлеуметтік-мәдени ортада, біріккен іс-әрекет үдерісі мен қарым-қатынаста иеленетін адамның ерекше сапасы [5] деп берілген. Қазақстан ұлттық энциклопедиясында «Тұлға» – жеке адамның адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым [6] деп түсіндірілген. Демек, аталмыш ұғымға жасалған талдау бізге «тұлға» ұғымының кеңдігін байқатады.

Сонымен қатар, тұлға бойындағы қасиеттердің ерекшеліктері туралы ойлар одан әрі ортағасыр ойшылдарының еңбектерімен жалғасады. Осы тұста айта кетер жайт, әлемдегі екінші ұстаз атанған Әл-Фараби [7] адам баласының бойында ортақ қасиеттердің болатынын айта отырып, сонымен бірге әр адамның тек өзіне ғана тән қасиет-қабілеттерінің болатындығын сөз етіп, тапқыр ойлы, зерек адамдарды, яғни кез келген пікір алалығын туғызатын мәселелердің шешімін дұрыс тауып, тапқырлық көрсете алатын болса, кез келген іс-әрекетті уақыт өткізбей, аз уақыт ішінде тамаша етіп аңғара алатын, яғни зерек, өзі ойлаған заттарды адамдардың көпшілігі қабылдап, жалпы жұртқа мәлім қағидалар мен тәжірибелерді байқау арқылы дұрыс қабылдай алатын болса, ол адамды бойында тұлғалық қасиеті бар адам деп айта аламыз дейді. Ж.Баласағұни тұлға

бойындағы қайырымдылық, кішіпейілділік, сабырлылық [8] қасиеттерді ерекше атады. А.Иүгінекидің [9] «Ақиқат сыйы» деген еңбегінде адамның бақытты болуы оның мінезіне байланысты, қатты ашуы келгенде оған тежеу жасай алатын адамға Алла тағаланың сыйы бар. Алла адамның жүрегіне жылылық береді, себебі алла тағала «сабырлылықты, жақсылықты, жақсы мінезді сүйеді» деп адам бойындағы ізгі қасиеттерді өз шығармаларына арқау етеді. Қожа Ахмет Иассауи [10] адам бойындағы кездесетін данқ, құмарлық, күншілдік, екіжүзділік, надандық, кекшілдік, алдау сияқты жаман әдеттердің болатынын өкінішпен айтып, адамның іс-әрекетін оның адамгершілік деңгейімен бағалайды.

XIX ғасырда өмір сүрген Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев секілді қазақ ағартушы-ойшылдары еңбектерінде тұлғаның бойындағы маңызды қасиеттерді әр қырынан қарастырғаны бәрімізге аян. Ш.Уәлиханов адамды бойлай берген сайын, оның таңғажайыптылығының құпиясына таңданатынымызды айтады. Табиғаттың таңғажайып құбылысы – адамның өзі болып табылады. Ол – қабілетті, ойлай алатын, жан-жағын бағдарлай алатын, білімді, ұят сезімі бар, ақылды, имандылық секілді қасиеттерді атап, оларды ұрпақ бойынан көруді және дарытуды қалаған. Ы.Алтынсариннің қазақхалқына тән қасиеттерді зерттеулері, қоғамның сұранысын толығымен қанағаттандырып, бәсекелестікке түсе алатын тұлға қалыптастыру барысында ойшылдың айтқан ойлары мен еңбектері бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен қиылысып келеді. Ал А.Құнанбаевтың адами жетілу «Адам» ұғымына байланысты ой-пікірлерінің негізінде адамгершілігі мол, сүйе білетін және сүйікті бола алатын, толық адамның бейнесі жан-жақты суреттелген. Хәкім Абай бұл игі қасиеттерді одан әрі жалғастырып, адам мен қоғам арасындағы байланысты еңбекпен, біліммен, ақыл-ой, санамен байланыстыруға болатынын айтады. Ол халық болмысын адамның кісілігімен, қабілет-қасиетімен түсіндіруге [4, 11-13] тырысады.

Жоғарыда аты аталған ғалымдардың еңбектеріндегі ой-пікірлеріне жасалған талдау бізге орта ғасыр ойшылдары мен қазақ ағартушыларының бүгінгі күні де тұлғаның бойынан табылуға тиісті қасиеттерге аса мән бергендігін көрсетті. Демек, тұлғаны зерттеу дегеніміз тұлғаның нақ қазіргі жағдайда кім екенін және осы жағдайға қалай жеткендігін анықтау деген сөз. Әрине, адамдар бір-бірінен өмір бойы жинаған білімдеріне қарай ажыратылады: әр адам – әмбебап құбылыс. Бірақ білім алу, үйрену, даму үдерісі барлық адамдарға тән ортақ заңдылықтарға бағынады. Дейтұрғанмен, білімнің жаңа мазмұнын енгізумен қатар ұлттық сананы ұмытпауымыз керек. Яғни заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.

Қазір еліміздің білім беру саласында жақсы реформалар іске асып жатыр. Әрине, электронды жүйелерді дамыту жолында адамның кім болып қалыптасатынын да естен шығармау қажет. Бізге жақсы маман қажет. Оған қоса, ол жақсы адам болуы керек. Ол – өз тілін, дінін құрметтейтін, салт-дәстүрін білетін және ұмытпайтын адам. Сол себепті қазіргі уақытта белсенді әрекет ететін, креативті ойлай алатын, жауапкершілігі мол, дербес шешім қабылдай алатын маман тәрбиелеу қажеттілігі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Бұл жөнінде Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғаны қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс» [14] деген сөздері дәлелдей түседі. Бұл бүгінгі білім беру жүйесі мазмұнына маманның игерген білімдерінің қоғамды дамытуға тиімді қолдануға бағытталатындай жаңашылдықты енгізуді талап етеді.

Демек, білім беру қызметінің негізгі бөлігі білім сапасын арттыру мақсатында негізделіп, мынадай принциптер бойынша атқарылады: тұлғаны дамыту; педагог мәртебесін көтеру; оқытып-үйрету әдістері; іздестіру жұмыстарына бағыттайтын ынтымақтастық; білім алушы позициясы; жаңа ақпараттық-технология; бәсекеге қабілеттілік. Яғни ЖОО оқытушысының бойынан табылатын қасиеттерге әркез өзінің білімдерін жаңартуға, тез арада оқып-үйренуіне, өзін-өзі дайындауға және жылдам өзгеріп отыратын әлемде табысты өмір сүру үшін қабілеттерін қолдану аясында өзгертуге қабілетті, сыни ойлай алатын және функционалды сауатты тұлға дайындауда қоғам тарапынан болатын талаптарды жатқыздық.

Әлемдік тәжірибеден озық үлгілерді алу үшін, ЖОО оқытушыларына сананың ашықтығы керек. Елбасы айтпақшы: «Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс,

тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек. Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жегістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі [1].

Сондықтан, біздің ойымызша, осы сәтте білу мен істеу ғана емес, сонымен қатар оның механизмін жүзеге асырып, жаңалықтарды күнделікті зерттеумен оларды ойлап шығару маңызды болып табылады. Елбасының бағдарламалық мақаласында қойылған талап та осындай: жоғары оқу орындарында барлық ғылымдар бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдай жасауға тиіспіз. Гуманитарлық білімге басты назар аударылуы қажет. Қазақстанға инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет. Бұл – білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз. Сонымен қатар, жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелік қабілет сияқты сананы жаңғырудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша, болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады.

Демек, болашақта біздің ортамызда қазіргі қоғамның даму ағымына сәйкес және мемлекеттің әлемдік озық отыз елдің қатарына ену жағдайында ЖОО оқытушысының бойында көшбасшылық, бәсекеге қабілеттілік, көптілділік, қырағылық және т.б. сапалардың болуы кезек күттірмейтін мәселе болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. 12 сәуір 2017 ж.
- 2 Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасы (20 мамыр, 2015 ж). Электронды ресурс: [<http://kazgazeta.kz/?p=30112>].
- 3 Олпорт Г. Становление личности. Избранные труды. – М.: Смысл, 2002. – 272 с.
- 4 Қуанжанова Қ.Т. Оқытушылардың іс-әрекетіндегі тұлғалық-кәсіби қасиеттердің ролі // ХАБАРШЫ. «Психология» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2014. – №4(41) – Б.29-37.
- 5 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Бас ред. Б.Аяған. «Қазақстан энциклопедиясының» Бас редакциясы. – Алматы, 2006. – 704 б.
- 6 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: педагогика және психология. – Алматы: Мектеп баспасы, 2002. – 254 б.
- 7 Әл-Фараби. Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері. Философиялық-әлеуметтік трактатында. – Алматы: Ғылым, 1975. – 305 б.
- 8 Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы, 1986. – 606 б.
- 9 Иүгінеки А. Ақиқат сыйы. – Алматы: Ғылым, 1975. – 65 б.
- 10 Яссауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет. – Алматы, 1993. – 260 б.
- 11 Алтынсарин Б. Таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы: Ғылым, 1995. – 280 б.
- 12 Абай тағлымы. Құрастырған ф.ғ.д., профессор Н.Ғабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. – 426 б.
- 13 Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы. – 1-том. – Алматы, 1981. – 388 б.
- 14 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012.

А.А. Баелов¹, Г.К. Джумажанова²

^{1,2}Государственный университет имени Шакарима города Семей

ЗНАЧИМОСТЬ РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ЛИЧНОСТНЫХ КАЧЕСТВ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ

Резюме

В статье рассматривается важность развития личных и профессиональных качеств учителей. Статья была написана руководствуясь обращением главы государства «ориентация на будущее: духовное возрождение».

В результате современного образования были описаны новые требования к качеству образования и его хорошее влияние на качественные изменения в системе образования. Открыта сущность понятия личности. Был проанализирован анализ личностных качеств тюркских ученых Абу Наср аль-Фараби, Юсуфа Баласагуни, Ходжа Ахмеда Яссауи, Ахмеда Иүгнеки, Махмуда Кашгари. Анализируются и обобщаются способности и качества, присущие личности.

Ключевые слова: личность, личностные качества, личностно-профессиональные качества, преподаватель, знания.

A.A. Baelov¹, G.K. Jumazhanova²

^{1,2}Shakarim State University of Semey

THE IMPORTANCE OF PROFESSIONAL-PERSONAL DEVELOPMENT QUALITIES OF TEACHERS

Summary

The article considered the importance of developing personal and professional qualities of teachers. The article was written in accordance with the President "focus on the future: spiritual rebirth". As a result of modern education has been described new requirements for the quality of education and its good effects on the qualitative changes in the education system. Open the essence of the concept of personality. Were analyzed the analysis of the personal qualities of the Turkic scholars as Abu Nasr al-Farabi, Yusuf Balasaguni, Khoja Akhmed Yassawi, Akhmed Ignace, Mahmud Kashgari and his personal qualities. Ability and qualities of personality are analysed and interpreted.

Keywords: personality, personal qualities, personal and professional qualities, the teacher, knowledge

МРНТИ 15.41.35

Ш.Е. Дуанаева¹, М.А. Жолмағанбетова²

^{1,2}Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университеті

ДІНГЕ БЕТ БҰРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Аталмыш мақалада қарастырылатын мәселе дін психологиясындағы өзекті әрі қызықты тақырыптардың бірі дінге бет бұрудың психологиялық аспектілері мен ерекшеліктері. Дін психологиясындағы беделді авторлардың еңбектерінен алынған біздің тақырып аясындағы сұрақтарға компоротивистикалық және герменевтикалық талдау жасалынды. Индивид қандай жағдайда дінге бет бұрады және оның ішкі психологиялық күйі қандай болмақ? Дінге келудің негізгі мотивтары мен кезеңдері қалай жүзеге асады? деген сұрақтарға жауап беріледі. Дінге жүгіну мәселесі, өз кезегінде, көп аспектілі күрделі процесс. Оны зерттеуде әлеуметтік объективті және субъективті психологиялық алғышарттарын да ескеру керектігі қарастырылады. Дінге «бет бұру» мазмұнының спецификалық ерекшелігі – дінсіздіктен белсенді әрі терең діни сенімге ауысуымен, немесе бір діннен келесі бір дінге өтумен байланысты.

Түйін сөздер: дінге бет бұру, катарсис, дінге келу, экстатикалық сезіну, ішкі конфликт

Дінге «бет бұру» мәселесі – батыстағы дін психологиясының үлкен қызығушылықпен қарастыратын тақырыптарының бірі. Э.Старбэк және У.Джемстің кітаптарынан бастап, осы тақырып аясындағы әдебиеттер мен монографиялардан көретініміз, барлық жерде дінге «бет бұру» категориясына психологиялық анализ жасауға деген талпыныстарды байқаймыз. Осы тақырыптағы әдебиеттердің көптігіне қарамастан, шетелдік зерттеуші психологтардың арасында «дінге бет бұру» терминінің өзіне де, я болмаса, оның түсіндірмесіне де бір ауыздан айтылған анықтама жоқ.

Америкалық психолог Ф.Стрикленд «дінге бет бұрудың» екі типі турасында айтады. Біріншісі – күшті эмоциямен келетін кризистік ситуация кезінде. Осы типтегі дінге «бет бұрған» адам қалай және қай кезде оның бойында рухани өзгеріс болғандығын баяндап бере алады. Екінші тип бойынша, адамның дінге келуі байыппен, бір қалыпта болады және еш бір жылдам эмоцияның күшінсіз-ақ діншілдікке келе бастайды. Стрикленд, діне келуді немесе «жүгінуді» екінші типтегі түсіндірме бойынша қабылдауды ұсынды. Себебі, мұнда тұлғаның рухани өміріне ойда жоқта сыртқы фактордың әсері болмайды [1]. Осы позицияға ұқсас анықтаманы Р.Тулесс берді. Оның айтуынша, дінге «жүгіну» екі типте болады: кенеттен және біртіндеп [2].

Дегенмен, қазіргі шетелдік батыстық дінтанушы психологтардың түсіндірулері бойынша, дінге «бет бұру» – адамның қайсыбір дінге ауысу немесе келуі процесі барысындағы интенсивті қобалжулармен қатар жүретін ерекше субъективті діни «шындықты» табуы. Сонымен, М.Аргайл және Б.Бейт-Халламның «дінге бет бұру» ұғымына берілген анықтамасында – күнә сезімінің кенеттен әлемді экстатикалық сезіну және қайырымдылық жасаушы сезімдеріне ауысу процесі деп

түсіндіреді. Олардың мұндай тұжырымдарына негіз болатын жағдай, 10 мен 30% діни адамдарда «дінге бет бұру» тәжірибесін бастан кешірген [3].

Біздің көзқарасымыз бойынша, қандай да бір адамның діни сенімін біртіндеп тереңдеуін «дінге бет бұру» деп айту қаншалықты дұрыс, я дұрыс емес екендігін нақты айту қиындау. Бұл жағдайда, ұғымның өзі спецификалы әлеуметтік-психологиялық мазмұнын жоғалтады. Дінге «бет бұру» мазмұнының спецификалық ерекшелігі – дінсіздіктен белсенді әрі терең діни сенімге ауысуымен, немесе бір діннен келесі бір дінге өтумен байланысты. Дінге «бет бұрудың» әлеуметтік-психологиялық алғышарты және бастауы тұлға құндылықтарының және әлемге деген көзқарас кризисінен, сонымен қатар, қайсыбір дінмен қоса келетін санадағы құндылықты және әлеуметтік бағдарлардың объективті және субъективті себеп-салдарынан жүзеге асатынын байқадық. Дінге жүгінудің немесе бет бұрудың психологиялық процесі, діни сенімге байланысты сезімдердің интенсивті, күшті эмоциялық күйлермен, теріс эмоциялардың жағымды эмоцияларға ауысуымен сипатталады. Басқаша айтқанда, дінге «бет бұрудың» психологиялық механизмінің негізі катарсиста жатыр десек болады.

Шетелдік діни психологияның дінге «бет бұру» мәселесіне зейін қоюының себебі кездейсоқтық емес. Ол өз кезегінде мынадай жағдаймен байланысты түсіндіріледі, теологиялық бағыттағы көптеген психологтардың пайымдауына, тұлғаның «дінге бет бұруында» құдайдың үлкен рахымдығы бар, адамның дінге қайтуының себебі де, алғышарты да осы адамға берілген құдайдың үлкен рахымшылдығы деп түсіндіреді. Мысалы, католиктік бағыттағы психолог В.Херр былай деп түсіндіреді: «...шынайы әрі үздіксіз болған дінге деген бет бұру өз кезегінде таңқаларлық жағдайлармен бекіген болу қажет» [4]. Оның әріптесі, католицизмнің ұстанушысы, ирландық О'Догертидің дәлелдегісі келгені, дінге «бет бұрудың» алғышартының психологиялық (индивид психикадағы өзгеріс) түсіндірмесі болғанымен, оның негізі «құдайдан келген рахымдық» деген идеяны алға тартады [5].

Мұндай концепциялардың негізіне көпшілік қатардағы діншілдер санасына қабылданатын идея салынған. Әдетте ол сөз арқылы былайша сипатталады: «құдай мені таңдаған». Дінге келудегі себепті білу мақсатында сұрақтама жүргізген белорустық әлеуметтанушылардың айтуларына, сауалнама алынған 80% баптистердің жауаптары: «мен емес құдайға барған, құдай өзі мені таңдады» [6] деген жауап берген. Сонымен қатар, «дінге келген» көптеген діншілдер үшін осы – құдайдың бар екендігіне субъективті дәлелі болып табылады.

Дінге «бет бұру» мәселесінде шығыстық психологтардың барлығы теологиялық позицияны ұстанбайды. Бірақ олардың көпшілігі бұл құбылысты тұлғаның рухани процесіне жағымды әсер етеді деген пікірде. Сонымен қоса айтқанда, біздер, Джемстің еңбектерінен, «дінге бет бұрудың» тұлға өміріндегі позитивті рөлін аңғарамыз. Ол «Дін дегеніміз – адам рухының шыдай алмастай қиналуының терең әрі қуатты бақытқа айналуы» деп жазды [7]. Э.Старбэктің жұмыстарына негіздеп, Джемстің дәлелдегісі келгені, жастардың «дінге бет бұруы» олардың рухани кемелденуіне және рухани өмірлерінің интенсивті өсуіне алып барады деген ой болатын [8].

Келесі бір түсіндірмелер бойынша, «дінге бет бұруды» түгелдей субъективті, индивидуалды акт ретінде қарастырады. Ол өз кезегінде, индивид санасына ешқандай сыртқы жағдайдың әсерінсіз және өміріндегі детерминантсыз қалыптасады. Мысалы, американдық психолог У.Кларктың анықтауы бойынша, дінге «бет бұру» – діни идеяларға адамдардың қатынасының айқын түрдегі өзгеруі кезінде болатын рухани кемелдену мен дамудың ерекше түрі, ол, индивидтің кенеттен эмоциялық оянуы іспеттес [9]. Кларктың пікірінше, «дінге бет бұру» сезімі барлық тұлға бұйырмаған болса да, ол көпшіліктің дінге келуіне өзек болуы мүмкін, сонымен қатар, тұлғаның динамикалық дамуына өз ықпалын тигізеді [3].

У.Кларк «дінге бет бұрудың» негізгі этаптарына психологиялық сипаттама беруге тырысып бақты. Бірінші этап ол – рухани күйзеліс, құндылықтық және өмірге деген көзқарастың ерекше ізденісі кезіндегі қобалжу кезеңі. Екінші этапта, оның ойынша, тікелей «дінге бет бұру» орын алады. Ол кенеттен «мистикалық ояну» сезімімен бірге сипатталады. Мұндай кезде адам, ерекше интенсивті және айқын діни сезімдерді бастан кешіреді. Ол мұны құдайдың оған деген жол сілтеуі деп қабылдайды. Үшінші этап «дінге келу» процесімен аяқталады. Бастапқыдағы эмоция толқыны басылып, тыныштық сезімі мен іштей жайбарақаттық сезімі басым болады. Ішкі конфликтілер жоғалып, олардың орнына діни сенімге негіз болған гармония орнығады [10].

Кларктың «дінге бет бұру» құбылысының этаптарын психологиялық негізін түсіндірудегі талпыныстарында діннің апологетикасы мен біржақты субъективизмі де көрініс тапқан. Бұл зерттеулерде де, әлбетте, рационалды жақтары жоқ емес.

Дінге жүгіну мәселесі, өз кезегінде, көп аспектілі күрделі процесс. Оны зерттеуде әлеуметтік объективті және субъективті психологиялық алғышарттарын да ескеру керек. Дінге «бет бұрудың» объективті сыртқы әсер етуші факторының бірі ретінде, адамның өз өмір сүру дағдысына көңіл толмауы, бұрынғы әлеуметтік не құндылықты бағдарлар жүйесіне қанағаттанбауы себеп болуы мүмкін. Көбіне, «дінге келу», авторитарлы діни лидерлердің уағыздардағы психологиялық әсер ету тәсілдерін ұтымды пайдалана алуымен жүзеге асады. Мысалы, АҚШ және Ұлыбританияда, әлеуметтанушылардың тіркелген бақылаулары бойынша, «дінге бет бұрушылардың» саны баптистік Билли Грэмнің жүргізген уағыздарынан кейін екі есе артқан. Осы тұста ескерілетін жайт, бір жағдай әр адамда әр-түрлі қабылдануы және оларда, сәйкесінше әр-түрлі дүние танымдық реакция беруі мүмкін. Мысалы, көптеген авторлардың айтуларына, екінші дүние жүзілік соғыс кезінде, соғысқа қатысқан америкалық солдаттарда қарама-қайшы тенденцияны көрсетті. Адамдардың бір тобында, соғыстың нәтижесінде діни сенімі күшейе түскен болса, келесі бір топ адамдарда соғыстағы адамдардың қырылып бақилық болып жатқанын көріп, дінге деген, күдіретті құдайға деген сенімдері мүлдем жойылып кетті. М.Аргайл мен Б.Бейт-Халлдің кітаптарындағы ақпараттың мәлімдеулерінше, американдық фронттағылардың 79%-ның діни сенімдері артқан болса, 19% айтарлықтай әлсіреген деп көрсетті [11].

Дінге «бет бұрудың» жүзеге аса бастауымен тұлғада психологиялық кризис те қоса көрініс табады, ол іштей өзіне, өміріне, құндылықты бағдарлар жүйесіне және ұстанымдарына көңілі толмайды. Осыған мысал ретінде баптист сенімінде жүргеннің дінге бет бұру сезімдерін келтіреміз.

«22 жасқа дейін дінге сенбедім, өмір сүру салтым жаман болды: іштім, бұзықтық жасадым, жаман жерлерде түнеп қалатын едім. Туыстарым, көршілерім, милиция үнемі мені дұрысталады деген үміппен ұялтатын, бірақ, одан түк шықпады. Мен өзім де өз жағдайымды уайымдадым, бірақ қолымнан ештеме келмеді. Менің бір танысым, маған құдайдан көмек сұрауды ұсынды. Бір күні, мен, дәрменсіздіктен құдайға жалбарындым: «құдайым, егер бар болсан маған көмегінді берші...» деп. Құдай мені естіп, құналардан құтқарды. Осы маған құдай болмысының бар екендігіне дәлел» [3].

Дінге келген адамдар мұндай құбылыстарды құдайдан келген керемет деп сенеді. Шындығында, бұлардың ғылыми түсіндірмесі бар. Жоғарыда келтірген мысалдағы тұлғаларын талдайтын болсақ, оның өмірінде қоршаған ортамен конфликт болған және осы жағдайлар оның жанына батқан. Осылайша, олардың дінге келулерінен бұрын ішкі моральді конфликт орын алған, өзіне және өз әрекеттеріне деген қанағаттанбау сезімдері мазалаған.

Қазіргі қоғамда осы тәріздес конфликтілерді шешудің діннен бөлек өзге де жолдары бар. Дегенмен, осы жағдайда, ішкі және сыртқы жағдайлар, адамның дінге келуіне себептер жасағандай.

Сонымен, «дінге бет бұрудың» психологиялық алғышарты – тұлғадағы рухани конфликт, осыған дейінгі құндылықтардың мәнінің жоғалуы, мораль және дүниеге деген көзқарастағы жаңа бағыттарды іздеу [12]. Өзіне және қоршаған ортаға қанағаттанбаған тұлға, күмәнді діни құтқаруға жүгінеді. Құдайға деген сенім, «жанадан бет бұрушыға», ішкі күйзелістеріне себеп болған күнәларынан құтылуға себеп болатындай көрінеді. Мұндай жағдайда, дін, шынайы өмірлік проблемаларды шешетін, рухани және адамгершілік құндылықтарды алып шығатындай болып көрінеді [13].

Дінге «бет бұру» кез келген жаста болуы мүмкін. Теологтар мен уағызшылардың айтуынша, ол үшін ең бір ыңғайлы кезең жас өспірімдік уақыт. Шындығында, осы кезеңде, адамдар өздерінің өмірге деген көзқарастарын қалыптастырып, негізгі өмірлік құндылықтарын жүйелеп, өмір мәні туралы ойланады. АҚШ және өзге де капиталистік елдердегідей «дінге бет бұрғандардың» арасында жастардың көпшілікті құрайтындығы тіркелген. Онда, басты рөлді мектептегі және отбасындағы берілген тәрбие алады. Діни тәрбие, жоғарыда анықтағанымыздай, идеологиялық және психологиялық жағынан дінді оңай қабылдауға дайындайды. Дегенмен, үлкен күмән тудыратын мәселе, осы жағдайлардың барлығын «дінге бет бұрды» деп кірістірген дұрыс па? Капитализм жағдайында тәрбие алған жас жеткіншек, саналы тұрғыда өз отбасысының дәстүрінен шет шықпай, бастапқы ізді жалғастырады. Осы тәріздес «жанадан келушілер» шынайы өмірлік кризисті сезінбейді де. Тек, олардың шынайы өмірлері, белсендірек және анағұрлым саналырақ болады. М.Г. Писманиктің пікірінше, «дінге бет бұру» – ол латентті діндарлықтың қайта оянуы деп санайды. Ең алдымен, ол, діннің көрінісін эпизодтық әсерлерімен есте қалдырған, діни

отбасында тәрбиеленген жеткіншекке әсерлірек болады» [12]. Осы тұста заңды сұрақ туады, сонда, М.Г. Писманик, дінсіз отбасында өскен балалардың дінге келу мүмкіндігін бағаламағаны ма? Мұндай жағдайлар, көпшілікті құрамағанымен де, бар екендігі рас. Келесі қаперде ұстайтын жағдай, Кеңес үкіметі заманындағы және соғыстан кейінгі кездері өмір сүрген адамдар, діннің тұлғаға және қоғамға әсерін әр қалай бағалайды. Сол замандағылардың бір бөліктері үшін дін – экзотикалық, құпияға толы, күнбеліктіден өзгеше тұрпаттағы бір құбылыс болып көрінді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Угринович Д.М. Психология религии. – М.: Политиздат, 1986. – 352 с.
- 2 Зоулесс Р. Введение в психологию религии, 1923. – С.104.
- 3 Аргайл М., Бейт-Халлахми В. Социальная психология религии. – Лондон, 1975. – С.60.
- 4 Винсент С.Дж., Г-н В. Религиозная психология, 1966. – С.127.
- 5 О'Дохерти Е. Психология и религия, 1978. – С.115-118.
- 6 Ядов В.А. О диспозиционной регуляции социального поведения личности. – Методологические проблемы социальной психологии. – С.89-106.
- 7 Джеймс В. Многообразие религиозного опыта (Перевод В.Г. Малахеевой-Мирович и М.В. Шик). – С.164.
- 8 Угринович Д.М. Введение в религиоведение. – 2-е изд., доп. – М.: Мысль, 1985.
- 9 Демьянов А.И. Религиозность: тенденции и особенности проявления. – Воронеж, 1984. – С.104.
- 10 Угринович Д.М., Яблоков И.Н. Изучение религиозного сознания верующих в социалистическом обществе и задачи атеистического воспитания. – Общественная психология и коммунистическое воспитание. – М., 1967. – С.158-159.
- 11 Интересный пример художественного изображения мировоззренческого конфликта личности и ее последующего религиозного «обращения» дается в повести В.Ф. Тендрякова «Апостольская командировка». Тендряков В.Ф. Расплата. Повести. – М., 1982.
- 12 Писманик М.Г. Индивидуальная религиозность и ее преодоление. – Москва: Мысль, 1984. – С.36.
- 13 Дуанаева Ш.Е., Махмет М. Социально-психологическая характеристика религиозных личности // Вестник КазНПУ имени Абая. Сер. психол., 2017. – №2(51). – С.118-120.

Ш.Е. Дуанаева¹, М.А. Жолмаганбетова²

^{1,2}Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак»

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РЕЛИГИОЗНОГО ОБРАЩЕНИЯ

Резюме

Вопрос, рассматриваемый в этой статье, является одной из наиболее актуальных и интересных тем в психологии религии, психологических аспектах и особенностях религии. Сделан сравнительный и герменевтический анализ вопросов нашей темы, полученных из работ авторитетных авторов в религиозной психологии. В каких обстоятельствах индивид обратится к религии и каково его внутреннее психологическое состояние? Каковы основные мотивы и этапы религиозных обрядов? Религиозные проблемы, в свою очередь, представляют собой сложный многогранный процесс. В своем исследовании необходимо учитывать социальные объективные и субъективные психологические предпосылки. Специфическая особенность религиозного обращения связана с переходом от недоступности к активным и глубоким религиозным убеждениям или от одной религии к другой.

Ключевые слова: религиозное обращение, катарсис, экстатические чувство, внутренний конфликт

Sh.E. Duanayeva¹, M.A. Zholmaganbetova²

^{1,2}Nur-Mubarak University Egypt of Islamic Culture

PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF RELIGIOUS CONVERSION

Summary

The issue considered in this article is one of the most pressing and interesting topics in religion psychology, the psychological aspects and peculiarities of religion. A comparative and hermeneutic analysis of the issues of our theme, derived from the works of authoritative authors in religious psychology, has been made. In what circumstances will an individual turn to religion and what is his inner psychological state? How are the main motives and stages of religious rites coming true? Answers are answered. Religious issues are, in turn, a complex

multifaceted process. In its study it is necessary to consider social objective and subjective psychological preconditions. The specific peculiarity of the content of "turning" to religion is related to the relapse of active and profound religious beliefs, or the transition from one religion to another.

Keywords: religious conversion, catharsis, ecstatic feeling, inner conflict

МРНТИ 15.41.21.

О.Г. Беленко¹, Е.Н. Андреева²

^{1,2}Государственный университет имени Шакарима города Семей

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОДУКТИВНЫХ СТРАТЕГИЙ ПОВЕДЕНИЯ В МЕЖЛИЧНОСТНОМ КОНФЛИКТЕ У ПОДРОСТКОВ

Аннотация

В данной статье рассматривается поведение как целенаправленная система, последовательно выполняемых действий, которые опосредуют практический контакт организма с окружающими условиями, определяют отношения живых существ к тем свойствам среды, от которых зависит сохранение и развитие их жизни, подготавливают удовлетворение потребностей организма, достижение определенных целей. Проблема формирования стратегий поведения подростков в межличностных конфликтах относится к числу актуальных психолого-педагогических проблем, что обусловлено большим числом межличностных конфликтов в старшем подростковом возрасте и недостаточной подготовленностью подростков к их конструктивному разрешению. Особое внимание уделяется типам и видам стратегии поведения, которые делятся по категориальному признаку, по широте охвата временного промежутка. Авторы описывают условия продуктивных стратегий поведения в конфликте. Статья посвящена детальному анализу формирования готовности к продуктивному разрешению конфликта. В статье приведен анализ взглядов исследователей, таких как: Д.Н. Узнадзе, который в вопросе о способах самовыражения выделил четыре типа поведения; Д.А. Кикнадзе, который предложил схему факторов, определяющих поведение личности. Автор уделяет внимание вопросу о влиянии установки на направленность и форму поведения, который находился постоянно в центре внимания ученых.

Ключевые слова: поведение, стратегии поведения, подросток, конфликт, продуктивные стратегии, цель, средства, результат, диспозиция личности

Одно из самых интересных направлений в изучении человека – это изучение психологии человеческого поведения. Этот вопрос занимал и древних философов, и современных психологов; волнует он и тех, кто к науке не имеет никакого отношения. Поведение представляет собой целенаправленную систему, последовательно выполняемых действий, которые опосредуют практический контакт организма с окружающими условиями, определяют отношения живых существ к тем свойствам среды, от которых зависит сохранение и развитие их жизни, подготавливают удовлетворение потребностей организма, достижение определенных целей. Уже в самом определении сущности поведения заложено понятие взаимосвязи и направленности этого феномена, что приближает нас к пониманию стратегии поведения [1].

Рассматривая психологическую сущность стратегии поведения в целом, Т.И. Пономаренко [1, с. 24] выделяет действие как единицу построения линии поведения. Известно, что поведение состоит из последовательности скоординированных действий на основе единого плана.

На рубеже XXI в. одной из актуальных задач антропологической науки становится разработка педагогических средств и приемов предупреждения и конструктивного разрешения конфликтов в подростковой среде. Инновационные подходы в образовании позволяют существенно приблизиться к построению гибкой, раскрепощенной педагогической среды обучения и воспитания подрастающего поколения за счет повышения гуманитарного «стандарта» образования, ценности отдельной личности обучаемого, установления субъект-субъектных отношений в педагогическом взаимодействии, культивирования ненасильственных образовательных технологий, введения альтернативных форм образования, развития превентивных психолого-педагогических моделей воспитания и т.п.

Стратегия поведения, как и само поведение, имеет законченный характер в виде некоторого результата, который задается до начала движения в форме цели. При этом сама цель может быть конкретным образом сознаваема или находиться вне сознания человека, иметь при этом размытый образ результата.

С точки зрения функциональной нагрузки поведение можно разбить на следующие элементы: цель, дающая образ результата и основу для управления поведением; ориентировки, сеть организованных действий, обеспечивающих определение ситуации, активизации памяти и прошлого опыта, связанного с подобными ситуациями, оценку; выбор типового плана и синтеза действующего плана достижения цели; управления, обеспечивающего пуск и прекращение поведения, обратную связь, которая состоит из контроля: за исполнением плана и достижения намеченной цели. Если отсутствует хотя бы один из элементов этой функциональной последовательности, то поведение становится невозможным и распадается [2]. Само действие также имеет сложную структуру и разделяется на две фазы: подготовительную и исполнительную. Ориентировка, целеполагание, выбор плана относятся к подготовительной части; исполнение, регулирование начавшегося действия, управление исполнением, корректировка, прекращение его – к исполнительной.

Цель выделена как один из ведущих функциональных элементов в построении стратегии поведения. Динамика возникновения цели идет от потребности, следовательно, возникает еще до начала поведения, как информационный элемент, представленный в сознании человека как ожидаемый результат действия. Цель – это чаще всего образ результата, существующий в представлениях человека, он может быть в скрытом или активном состоянии. Большинство человеческих целей существуют в виде устойчивых представлений о ценностях.

Следующая ступень в структуре стратегии поведения – это средства, инструментальная характеристика. Здесь отражается степень энергетичности стратегии и уровень организации на операциональном уровне. То есть, использование человеком внутреннего запаса ресурса (прошлый опыт, психофизиологическая энергия, когнитивное поведение, творческий потенциал) и управления стратегией с опорой на внешние нормы, правила с привлечением ресурса извне, умение использовать ситуационные условия как средства. Третья ступень – это результат. Здесь важным моментом является оценивание результата. Оно может быть эмоциональным, когда в итоге человек испытывает чувство удовлетворения или неудовлетворения и может протекать на рациональном уровне, где оценка отталкивается от расчета последствий, от относительной ценности ожидаемого результата и приводит к общему определению всей стратегии как «успешной» или «неуспешной».

Способность строить конструктивные отношения с окружающими и эффективно решать спорные проблемы является важным показателем развития личности. Характерные для каждого человека способы поведения в конфликтных ситуациях начинают складываться на ранних этапах становления личности, в процессе активного освоения ребенком окружающей действительности, его включения в широкую систему социальных отношений, осознания себя и своего места в ней.

Формирование готовности к продуктивному разрешению конфликта заключается:

1. В формировании знаний о конфликте и его последствиях: уяснение понятия конфликта, причин возникновения, его сущности и структуры, видов конфликта, его функций, динамики развития, возможных путей выхода из конфликта и его предупреждения.

2. В формировании умений продуктивно разрешать и предупреждать конфликт: определять переход общения в предконфликтную или конфликтную стадии; понимать, выслушивать партнера, терпеть инакомыслие, объективно оценивать ситуацию.

3. В закреплении и дальнейшем развитии знаний, умений, опыта поведения в конфликте: формировании навыков самоанализа, самоконтроля, самокоррекции поведения; выработке стратегии поведения в конфликте на базе опыта и теоретических знаний.

Психологический климат является одной из важных составляющих не только механизма разрешения конфликта, но и процесса формирования у учащихся опыта конструктивного разрешения конфликтов, поскольку влияет на самочувствие всех членов коллектива, проявление своего "Я" и развитие личности. Основными функциями данного слагаемого является обеспечение защищенности, психологической свободы, инициативности каждого члена коллектива, создание мажорности, работоспособности и мобильности коллектива и каждого его члена в отдельности.

Наиболее широко в психолого-педагогической деятельности при разрешении межличностных конфликтов в среде подростков используются метод убеждения. Убеждение – это разъяснение и доказательство правильности или необходимости определенного поведения. В процессе убеждения социальный педагог воздействует на сознание, чувства и волю подростка. Убеждение оказывает влияние на ребенка только через его внутреннюю сферу, выступает формой регуляции отношений ребенка и социума.

Чтобы методы убеждения достигли своей цели, необходимо учитывать психологические особенности детей, их уровень воспитанности, интересы, личный опыт. Убеждать, прежде всего, можно словом, его сила велика, поэтому умение говорить правильно, глубоко по содержанию, ярко и образно по форме, способность убеждать ребенка в правоте его взглядов – неотъемлемая часть профессиональной деятельности социального педагога.

Органическая часть убеждения – это требование, без которого невозможно перестроить неверно сложившиеся представления ребенка о правилах и нормах поведения, принятых в обществе. Требования могут быть различными: безоговорочное, не допускающее возражений (нельзя обманывать, скандалить, ходить грязными, неопрятными и т.д.), более мягкое, требование, в виде обращения (сделай, пожалуйста; не делай этого, иначе ты огорчишь родных, и др.). Убеждение может реализовываться через такие известные в педагогике методы, как рассказ, лекция, беседа, диспут, положительный пример [3].

Рассказ и лекция – монологические формы метода, которые ведутся от одного лица – психолога. И тот и другой метод используются для того, чтобы разъяснить детям определенные нравственные понятия. Рассказ используется при работе с детьми младшего подросткового возраста. Он непродолжителен во времени, основан на ярких, красочных примерах, фактах. В лекции, как правило, раскрываются более сложные нравственные понятия (гуманизм, патриотизм, долг, добро, зло, дружба, товарищество и др.). Лекция применяется для детей старшего подросткового возраста. Лекция более продолжительна по времени, в ней рассказ используется как прием.

Беседа и диспут – диалогические формы метода, при их использовании важное место имеет работа самих детей. Поэтому важное место в использовании этих методов играет: выбор и актуальность обсуждаемой темы, опора на положительный опыт детей, позитивный эмоциональный фон беседы. Беседа – это вопросно-ответный метод. При разрешении межличностных проблем в среде подростков также целесообразно использовать диспут – метод, способствующий формированию суждений. Диспут выявляет разные точки зрения детей на этические понятия, противоречивость в оценке разных форм поведения, позволяет учить детей аргументировать свои взгляды, уметь выслушать другого, возразить ему.

Положительный исход диспута зависит от тщательности подготовки к нему: выбора темы диспута, понятной и близкой детям, тщательного отбора вопросов, которые будут предложены для обсуждения. Таких вопросов может быть немного, но каждый из них должен предполагать разные ответы; необходимо заранее согласовать с детьми тему диспута, подобрать соответствующую литературу, с которой дети знакомятся до диспута, использовать различные средства, например, видеофильмы, картины, фотографии и др.

Важным в деятельности является учет нравственного идеала, которому следует подросток. Нравственный идеал – это эмоционально окрашенный, внутренне принятый ребенком образ, который становится регулятором его поведения и критерием оценки поведения других людей. Сила воспитательного примера основывается на подражательности детей, на их способности копировать те действия и поступки, которые с их точки зрения кажутся значительными и соответствуют их взглядам. Преодоление конфликтности и выработка умений конструктивного поведения в конфликте возможно при учете индивидуально-психологических особенностей детей подросткового возраста и проведении с подростками работы по развитию и формированию навыков конструктивного взаимодействия.

Еще одним важным, на наш взгляд, фактором формирования стратегии поведения является «диспозиция личности» [4], включающая в себя мотивационно-ценностную сферу и систему фиксированных установок.

Различные авторы такую диспозицию именуют по-разному: и как жизненная позиция, как направленность интересов, ценностная ориентация, социальная установка, доминирующая мотивация и т.д. Из анализа экспериментальных данных и теоретических выкладок в литературе и из результатов собственного опыта наблюдений, можно предположить, что характер общей диспозиции личности и установочной диспозиции не хаотичен, а образует некую систему [5] предрасположенности субъекта к определенному поведению в заданных условиях.

Итак, обобщая, можно выделить некоторую систему факторов, определяющих стратегию поведения человека, подчеркнув ее иерархичность. При этом важно оттолкнуться от постулата, что потребность – это источник активности человека (Узнадзе Д.Н., Кикнадзе Д.А., Леонтьев А.Н.,

Бжалава И.Т., Асмолов А.Г. и др.). Потребность в самом общем смысле – это нужда, надобность субъекта в чем-либо, для удовлетворения которой необходимы та или иная форма активности, тот или иной предмет.

Субъектом потребности могут выступить как отдельная личность, так и человеческая общность (семья, группа, коллектив, нация). Потребности людей неразрывно связаны с их способностями. Всякая специфическая способность находит свое выражение в потребности. Потребности обладают динамичностью и подвижностью и могут развиваться вместе с развитием личности и общества. Д.А. Кикнадзе предлагает следующую схему факторов, определяющих поведение личности:

1. Общественная и естественная среда (отношения).
2. Потребности (материальные, духовные).
3. Мотивация к действию.
4. Решение действовать.
5. Установка (внутренняя готовность к действию).
6. Действие (реализация установки) [3, с. 125].

Совокупность этих факторов представляет собой некий цикл, результат которого есть завершение некой стратегии.

Типы и виды стратегий поведения.

Типы стратегий поведения можно разделить по категориальному признаку, по широте охвата временного промежутка. Так, К.А. Абульханова-Славская в своей работе «Стратегия жизни» (1991) рассматривает всю жизнь человека как единую стратегию и дает три основных признака такой стратегии: первый – это выбор основного для человека направления, способа жизни, определение главных целей, этапов их достижения и соподчинение этих этапов; второй признак – это решение противоречий, желание их решать (или уход от них), что является путем самореализации; третий признак стратегии жизни состоит в творчестве, в созидании ценности своей жизни, в соединении своих потребностей, со своей жизнью в виде ее особых ценностей. Ценность жизни, в свою очередь, состоящая в интересе, увлеченности, удовлетворенности и новом поиске и есть продукт определенного способа жизни, индивидуальной стратегии, когда она определяется самим человеком [1, с. 24].

В современной научной литературе, в настоящее время в большей степени уделяется внимание стратегиям, характеризующимся меньшими по объему интервалами, чаще из когнитивной сферы, сферы деятельности, управления, целеполагания и т.п. Такие стратегии либо гибко привязаны ко времени, либо абстрагированы от него. Пример того, изучение «стратегии принятия решений» [6]. Область применения результатов – профессиональная деятельность, психология управления. Еще один пример, «стратегия делового успеха» [1, с. 15], захватывающая область коммуникаций.

В своей теории установки Д.Н. Узнадзе в вопросе о способах самовыражения, выделил четыре типа поведения:

1. Экспансивное выражение состояния чувств (сюда заложено реальное отражение состояния).
